



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ

# Зейнолла МОЛДАХМЕТОВ

“ ҚАЗАҚСТАН ”

Гүлсім ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

**ЗЕЙНОЛЛА  
МОЛДАХМЕТОВ**

*Ғұмырнамалық деректі хикаят*

АЛМАТЫ  
«ҚАЗАҚСТАН»  
2013

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-4  
О-65

*Кітап “Қазақстан–Ресей” университетінің  
қаржылай қолдауымен жарық көрген*

**Оразалықызы Г.**

**О-65 Зейнолла Молдахметов. Ғұмырнамалық деректі хикаят.**  
– Алматы: ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2013. – 384 б. + 1 б.т. фото-  
суреттер (қазақша, орысша).

ISBN 9965-10-107-8

ҚР ҰҒА-ның академигі Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов өткен ғасыр-  
дың алпысыншы жылдары Мәскеудің Ломоносов атындағы Химия-технология  
институтының аспирантурасын бітіріп, ғылым кандидаты атанған аз қазақ жас-  
тарының бірі. Ол күрделі молекулаларды спектроскопиялық әдістер арқылы одан  
әрі зерттеудің негізін қалады. Атағы әлемге әйгілі ФИАН зертханасында талай  
тәжірибе жүргізіп, ондағы ірі ғалымдардан тәлім-тәрбие алған. Ол Қазақстанда  
квантты химия мектебін алғаш қалыптастырған дарабоз ғалым.

Зейнолла Молдахметов шебер ұйымдастырушы скепін Шымкент қаласында-  
ғы Қазақ химия-технология институтында, Қарағанды мемлекеттік университетінде  
ректор болған жылдары толық дәлелдеді. Еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан  
кейін ол ғасырлар бойғы байланыстарды үзбеу үшін екі елдің арасындағы алтын  
көпірдей Қазақстан-Ресей университетін ашты.

Кітап ғылым табалдырығын енді атағалы тұрған жастарға, жоғары оқу орын-  
дарының зерттеуші-оқытушыларына, қалың оқырман қауымға арналған.

\*\*\*

Академик Национальной Академии Наук РК Зейнолла Мулдахметович Мул-  
дахметов — один из немногих представителей казахской молодежи, обучавшейся  
в шестидесятые годы прошлого столетия в аспирантуре Московского института  
тонкой химической технологии имени М.В.Ломоносова, получивший там звание  
«кандидата наук». Это он заложил основы дальнейших исследований сложных мо-  
лекул спектроскопическими методами, чем внес свой значительный вклад в раз-  
витие науки. Под его непосредственным руководством в Казахстане была создана  
первая научная школа квантовой химии.

За годы работы ректором Казахского химико-технологического института и Ка-  
рагандинского государственного университета Зейнолла Мулдахметов сумел проя-  
вить и свои великолепные организаторские способности. Он же стал создателем  
Казахстанско-Российского университета, своеобразного символа самых тесных  
взаимоотношений наших двух стран.

Данная книга предназначена молодым ученым, недавно вступившим на стезю  
науки, исследователям-преподавателям высших учебных заведений и широкому  
кругу читателей.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-4

© Г.Оразалықызы, 2013  
© “Қазақстан” 2013

## МЕНИҢ ҰСТАЗЫМ

(Алғысөз орнына)

*Қазақта: «Ұстаздан – ұлағат!» деген сөз бар. Мениң  
ұлағат алған, тәлім-тәрбиесін, қамқорлығын көп көрген ұлы  
ұстазым, академик Зейнолла Молдахметов. Ол кісіні мен 1975  
жылдан білемін. Химия ғылымдарының докторы, профессор  
Зейнолла Молдахметұлы сол жылы Шымкент қаласындағы  
Қазақ Химия-технология институтына ректор болып келді.*

*Бұрынғы ректорымыз, академик Сұлтан Тәшірбайұлы  
Сүлейменов ірі ғалым, қаншама жастарды ғылымға баулыған  
ұстаз, институтты он алты жыл басқарған іскер ұйым-  
дастырушы болды. Кезінде Мәскеу, Ленинград, Новосібір  
қалаларына жастарды топ-тобымен аспирантураға жіберіп,  
көп қамқорлық жасады. Артында сол жастар өсіп, ғылыми  
атақтар алып, елге оралды. Келісімен олардың бірі кафедра  
меңгерсе, екіншісі декан болды, ұстаздық етті. Яғни, ғы-  
лымға баулып, жол сілтеген академик Сұлтан Сүлейменовті  
сол жастар, яғни, мениң құрдастарым «ғылымдағы алғашқы  
ұстазымыз» деп білуге міндеттіміз.*

*Алайда, ұжым ішіндегі арызқойлар (3-4 адам) Сұлтекең  
үстінен жоғары жаққа арыз хат жаза берді. Ай сайын тек-  
серуші жіберуден Орталық Комитет те, жөн-жосықсыз  
тексерістен біз де шаршадық. Ол кезде бәлеқор адамдардың  
жаласынан құтылу өте қиын болатын. Ақырында, Сұлтекең  
ректорлықтан босатылып, орнына Зейнолла Молдахметұлы  
тағайындалды. Ол кезде мен кафедра меңгерушісі және  
кәсіподақ комитетінің төрағасымын. Институт ұжымы  
үлкен, кісіподақ мүшесі көп, мәселесі де сан алуан...*

*Осы қоғамдық жұмысыма байланысты жаңа ректор-  
мен, күн сайын десем де болады, кездесіп отырдық. «Кормеген  
жердің ой-шұқыры көп» дейді ғой қазақ, сол сияқты Зекең де  
бұрын көрмеген, білмеген жерге келді, өзі өскен ортадан әдеп-*



салты басқашалау, қазақи ортаға түсті. Зекеңнің адамгершілігі осы тұста байқалды. Кеткен басшының қасында жүрген азаматтарды жаңадан келген басшының тегіс алыстатып, ауыстыратын жаман әдеті бар емс пе. Зекең өйтпеді, кімнің кім екенін, қолынан не келетінін, бәрі-бәрін өзі танып, талғап білді, таныды.

Негізі адамдардың бір-бірін түсінбеушілігін, наразылығын тудыратын нәрсе ойланбай сөйлеп, асығыс іс шешу екенін Зейнолла Молдахметұлы өзінің іс-әрекетімен баршамызға түсіндірді. Қандай мәселе көтеріліп, қандай шаруа шешіліп жатса да, Зекең бір қалыптан – байсалды, сабырлы, ұстамды қалпынан аумап, бәрін ақыл-парасатпен, әділ шешті. Ешкімге қиянат сөз айтып, озбырлық жасаған жоқ. Соның нәтижесінде институт ұжымында береке, бірлік, ынтымақ орнады. Аз уақытта адасқанды жөнге салды, иманасы асқанның демін басты. Бар жұмысты жастарға білім беруге, ғылым құуға жұмсады. Мұндай басшыны кемеңгер демеу не дейсіз?! Міне, Зейнолла Молдахметұлының осы бір ганибет мінезінен, іс жүргізу тәсілінен өзіме гибрат пен тәлім алдым.

Зекең жат ортаға, бөтен жерге келдім ғой, «осылардан аулақ болайыншы» деп, әлдекімдердей кекірейіп, оқшауланбады. Қайта үлкендерімізді аға тұтты, кішілерімізге қамқор болды. Айталық, Сәрсенбаев Мырзахан, Сасбұқаев Әділ, Бекманов Мақан, Тілеубергенов Ыдырыс, Темірбеков Сәдуақас... секілді ел ағаларымен сыйласып, аралас-құралас болды. Басқа біреу болса жауласып, бір-бірімен араз болып кетер ме еді, кім білсін, ал, Зейнолла Молдахметұлы бұрынғы ректор Сүлейменов Сұлтан ағамызбен достасып, бауыр болып кетті. «Ердің қадырын ер ғана біледі!» деген осы болар, сірә. Бұған қалай сүйсінбейсіз, қалай өнеге алмайсыз. Жастарды қолдап-қолпаштап, көтеріп отырды. Жолы болмай, қызметке қолы жетпей жүрген талай жасқа декан міндетін, кафедра қызметін сеніп тапсырды. Ғылымға талабы мен таланты бар жастарды үлкен қалаларға докторлық қорғауға,

аспирантураға жіберді. Мысалы, ғылым докторлары Алтынбеков Феликс, Есімов Беген, Балабеков Оразалы және т.б. Зекеңнің ағалық қамқорлығын көрген, ұстаздық ақылын алған азаматтар. Біз де, жастар жағы, Зейнолла Молдахметұлын қолдап отырдық, «бастық» деп қарамай өзімізге ұстаз тұттық. «Ендігі жерде жұмыс істейтін, институтты басқаратын сендер боласыңдар!» деп, бізді жұмысқа құлшындырып қоятын. Менің жастығыма қарамай үлкен бір факультеттің деканы етіп қойды. Өз басым Зекеңнің үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін қасиетін көп кордім, одан үлгі алдым.

Мен қайта-қайта сұранып жүріп, декандықтан босап, 1979 жылы Мәскеуге докторантураға кеттім. Докторлығымды қорғап оралғанда ол кісі қазіргі академик Ебіней Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне ректор болып ауысыпты. 1981 жылы қаңтар айында Мәскеудегі Менделеев атындағы химия-технология университетінде докторлық диссертация қорғап, сол жылдың қазан айында профессор атағын алдым. 1982 жылы мені Зейнолла Молдахметов Қарағандыға, университеттің проректорлық қызметіне шақырды. Зекеңнің бұл ұсынысын Оқу министрі Т. Қатаев қолдап, 1982 жылы қараша айында Қарағанды мемлекеттік университетіне қызмет ауыстырдым.

Әуелі ғылыми істер жөніндегі проректор, сосын оқу ісінің проректоры болып, 1985 жылдың маусым айына дейін қызмет атқардым. Университетте тізе қосып, бірлікпен тірлік жасадық. Соның нәтижесі болар, 1984 жылдың қортындысында оқу-тәрбие жұмысы жөнінен Одақ көлемінде үшінші орынға шықтық. Ал, бесжылдықтың қортындысы бойынша университет ККП ОК мен ҚазССР Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Біраз оқытушы-мұғалімдер ғылым докторы атанды, кандидаттық қорғаған жастар көбейді.

Не керек, бірінші басшыға көп нәрсе байланысты ғой, Зейнолла Молдахметов тұсында университет білім берудің



биік сатысына көтерілді. Университеттің қоғамдық жұмыстары жанданып, спорт пен мәдени өмірі көркейді.

Университеттің осындай сан-салалы жұмысын жүргізе отырып, Зекең ғылымнан қол үзген емес. «Алкалоидтардың кванттық электрохимиясы» деген атпен Б.Ф.Минаев, З.Молдахметов және мен үшеуіміз монография жаздық. Бұл кітабымыз Бүкілодақтық көрмеге қатысып, жүлде алды, басқа тілдерге аударылу керектігі айтылды. Өкінішке қарай сол кезде Одақ тарарды да, бұл пікірлер аяқсыз қалып қойды.

1983 жылы Зекең үлкен басымдықпен ҚР Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Бұл жетістік ҚарМУ-дың, Орталық Қазақстан ғылымының деңгейін көтеріп, Қарағандыда Ғылым Академиясының бөлімшесін ашуға септігін тигізді.

1984 жылы университетте Молдахметов идеясы бойынша тұңғыш квантты химия кафедрасы, бірер жылдан кейін физикалық химия зерттеу әдістері зертханасы ашылды.

1983 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесінің ауқымы кеңейіп, «Органикалық синтез және көмір химиясы» институты ашылған болатын, 1985 жылы соның директорлығына тағайындалдым. Ал 1989 жылы Зейнолла Молдахметұлы Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, мен корреспондент-мүшесі болып сайландым. Қай қызметте жүрсем де ол маған сенім артып, көп мәселелерді тапсырып отырды. Тапсырмасын орындауға, сенімді ақтауға ұмтылып жүрдім үнемі. Мені үнемі кешке жұмыс орнымнан табатын Ебіней Бөкетов ағамыз: «Бастық жиналыста жүреді, орынбасар қиналыста жүреді» – деп, әзілдеуші еді. Ой мен ақылдың алғырлығы емес пе?!

Қоғамдық құрылыс өзгеріп, жаңа жүйе келген кезде Зекең уақыт талабына сай және ежелден көрші орыс пен қазақ елінің арасына салынған алтын көпірдей жаңа оқу орнын ашты. Ол – Қазақстан-Ресей университеті. Оның оқыту жүйесі де өзгеше. Бір орталықтан электронды жүйе арқылы басқарылып, дәріс оқылады. Сол арқылы студенттер

Мәскеу, Санкт-Петербург, тіптен атақты Кембридж университеті профессор-оқытушыларының дәрісін тыңдай алды. Мұндай жоғарғы оқу орнының ашылуын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та жоғары бағалады. Астанада Қазақстан-Ресей университетінің бас ғимаратының ашылуына Елбасы арнайы келіп, ақ жол тіледі. Қазақстан-Ресей университеті – Зейнолла Молдахметовтің аса көреген басшы, шебер ұйымдастырушы екенін, қабілет-қайнарының тереңдігін тағы бір дәлелдеді.

Академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов есімі қазақ халқының тарихына ғұлама ғалым, аудармашы, сыншы, әдебиеттанушы болып, мәңгіге жазылған. Ал, Зейнолла Молдахметұлы сондай жан-жақты дарынды, біртуар азаматтың шәкірті. Яғни, көргені көп, алған білімі шалқар-теңіз деуге болады. Ұстасы мықты темір шымыр шыңдалса, Зекең де Ебіней Арыстанұлының «ұстаханасынан» ізденгіш ғалым, іскер басшы, туралықты тутақ азамат болып шықты. Сондай «ұстаханадан» шыққан одан біз, шәкірттері көп нәрсені үйрендік, тәлім алдық, оны гибрат тұттық.

Ұстазы Ебіней Бөкетов есімін Зейнолла Молдахметұлы да биікке көтеріп, құрметтеп келеді. Құрметтегені емес пе, Қарағанды мемлекеттік университетіне Бөкетов есімі берілуіне әуел баста бастамашы болған Зекең. Оның шет жағасына, қағаз-құжаттарын әзірлеуге өзім де қатыстым...

Кәзір арамызда жоқ ақсақалдар: Бектұров Жайық, Сағынов Әбілқас, Топалов Нариманмен Зекең дос, жолдас, сырлас болды. Бүгінгі ел ағалары – Досмағамбетов Сұлтан, Жылқыбаев Рахымжан... ақсақалдар Зекеңнің қатты құрметтейтін адамдары. Қарағандыға бара қалсаңыз қайсыбір той-жиындарда, жұптары жазылмай, ақсақалдық көрсетіп жүргенін көресіз. Зекеңнің бойында осындай бір зиялылық, тәрбиелілік бар. Соны көре жүріп көңілге тоқимыз, Зекең ұқсағымыз келеді.

Отбасымызбен араласып тұрдық, аяулы жеңгеміз Фатима ағамыздың жары ғана емес қатар досы, тірегі деуге әбден

болады. Үлкен ұлы *Марат* менің шәкіртім, кандидаттық жұмысына жетекшілік еттім. Қыздары *Сәуле*, *Тоғжан* өмірден өз орындарын жап-жақсы тапты. *Тоғжан* біздің көз алдымызда өсті, *Шымкентке* келгенде бір-екі жастағы сәби болатын. Бір өкінерлік жағдай, *Зекеңнің* нақ ізбасары болады деп, бәріміздің де үміт артып жүрген баламыз *Арсланның*, артынша немересі *Қанаттың* ойламаған жерден дүниеден өтуі қабырғамызды қайыстырды. «Қайғы – саңырау» деген екен, бауыры *Оспан* мен баласы *Мағаштан* айрылған *Абай*. Амал қанша, тағдырға тосқауыл болу кімнің қолынан келген дейсіз? Бәріміз де шарасызбыз...*Зекең* ақыл-парасаты мол, жігері мықты адам ғой, бар қайғыға төтеп беріп, ел үшін игілікті істі алға жүргізіп келеді.

Сөз соңында айтарым, қырық пен елу жастың арасындағы он жыл өмірімді, *Қарағандының* дәм-тұзы бұйырып, *Зекеңнің* қасында өткіздім. *Қарағанды* еліміздің индустриялық орталығы ғана емес, ғылым мен білімі, мәдениеті, спорты молынан дамыған өлке. *Зекең* ағамыз кең адам ғой, мені қасына інісіндей ертіп жүріп *Сарыарқаның* зиялы қауымымен түгел таныстырып шықты. Бұл менің үлкен өмірлік тәжірибе жинаған мектебім болды. Соның арқасында мен одан кейінгі кездерімде үлкен қызметтерге (ректорлық, министрлік және т.б.) қол жеткізіп, тиісті деңгейде еңбек атқарып жүрмін деп ойлаймын. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген халық мақалы тура біздің *Зекеңе* арналған сияқты. Оның үстіне *Зекең* жан-жақты терең зерттеп, қамтып жүреді. Мысалы, сол кезде университетте спорттан қаншама Олимпиада, Әлем, Еуропа, Азия және ССРО чемпиондары болды десеңші – *Муравьев*, *Росторецкий*, *С.Нұрқазов*, *Б.Есжанов*, *Ф.Хасанова* және т.б. Ал, «*Жарқын*» би ансамблі *Мәскеуде* өткен Дүниежүзілік *Жастар фестивалінің* жеңімпазы атанды.

*Қарағандыны* екінші туған жерімдей көремін. Қаншама қимас достарым: *Жарылғанов* Ғалым, *Қабжанов* Қайролла, *Құлқыбаев* Ғабдолла, *Мейрамбеков* Қыдырбек, *Қожағапанов* Тоқтархан, *Жылқыбаев* Рахымжан, *Бейсебаев* Кеңес, көрші-

лерім — *Амангелді*, *Ерекең*, *Айтқожа* және *Ғазалиев* *Арystan*, *Әдекенов* *Серғазы*, *Байтанаев* *Болат*, *Елемесов* *Раушан*, *Кәкенов* *Болат*, тағы да көптеген құрдастарым мен ағайындарым *Зекеңнің* қасында жүріп, еліміздің ірі азаматтары *Ебіней Бөкетов*, *Нариман Төлепов*, *Жайық Бектұров*, *Әбілқас Сағынов* сияқты ағаларымызбен танысып, бірге жүріп, тәлім-тәрбие алғанымға қуаныштымын. Амал нешік, бұл күнде олардың біразы бақилық болып кетті.

Менің өмірімнің ең бір қызықты, ең бақытты кезеңі *Қарағандыда* өткен күндерім. Осы уақытқа дейін *Қарағандыға* жиі барып тұрамын. Ең бірінші өмірлік ұстазым *Зекеңе* сәлем беріп шығамын, содан соң достарымды аралаймын, шәкірттерімді іздеймін.

*Зейнолла Молдахметов* – тәуелсіз Қазақстанның аяғынан нық тұрып, ғылымы мен білімнің дамуына орасан зор үлес қосып келе жатқан шын мәніндегі тұлға. Сондай азаматтың өзіме ұстаз болғанын мақтан етемін!

**Мұрат ЖҰРЫНОВ,**

ҚР ҰҒА-ның президенті, академик,  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

**«БАЛАМ!» ДЕЙ АЛМАҒАН ЖҰРТТАН,  
«ЖҰРТЫМ!» ДЕЙТІН ҰЛ ТУМАЙДЫ**

*Ахмет Байтұрсынұв*

«Көктем!» деген сұлу алдында әлсіз екенін мойындап, алты айға созылған қыстың ақырған ақ бораны да, ел-жұртты бір тарының қауызына тыққан ақшұнақ сары аяз да, басын иді. Қазақстанның сонау-сонау солтүстігінде, Ресеймен шекаралас жатқан Булаев ауданына қарайтын Чистов совхозына да 1952 жылдың көктемі келіп жетті.

Ауыл мектебіндегі өмір өрнегі басқаша. Ойын қуған балалар қоңырау үні шырылдасымен класс-класқа жарыса жүгірді. Әр класта білім берудің “әуені” басталған. Оныншы класс оқушылары алдында физика пәнінің мұғалімі Наум Наумович сан формуланы таратып, сан цифрды сөйлетіп жатыр тақтада. Кластың орта тұсында отырған Зейнолла мен Асқар әңгімеге кіріскен, сыбыр-сыбырды саябырлатар емес. Бір кезде шыдамы таусылған мұғалім өктемдеу үнмен «Молдахметов!» деді.

– Үш рет ескертпе жасадым, тыңдамадың. Енді сен мына формуланың шешуін ары қарай шығар, ал, шығара алмасаң, екі емес, бір деген баға қоямын, – деді, бар ренішін «бірге» тенең. Бар бала тып-тыныш, не болар екен дегендей Зейноллаға қарап қалған. Зейнолла тақтаның алдына келіп аш ішекше шұбатылған, бір-біріне жалғанған формулаларға қарап аз-кем ойланып тұрды да, әрі қарай жалғап, есепті шығара бастады. Ара-арасында аздап кідіре тұрып, формулаларды тізбектете түсті. Қызық-ау, дүниенің бар өлшемі осы формулалар бойына сыйып тұр, шамалы үңілсең, зерде қойсаң-ақ болды саған сырын аша түседі. Жас Зейнолла, бала Зейнолла соны түсініп,

түйсініп есеп шешуін шеше берді, тарата түсті. Біртіндеп-біртіндеп Наум Наумович жүзінде әлгі реніштен із де қалмады. Қайта ризалықтың табы бар. Қоңырау шар ете түсті. Есеп толық шығарылмай үзіліп қалды. Ұстазы Зейноллаға қарап: «қала тұр» деді. Басқа балалар далаға жарыса, жамырай шықты. Оңашалап ұрысқалы тұр-ау деп топшылаған Зейнолла ұстазына жасқана қарайды.

– Мұнда кел, жақын отыр, – деп, ұстазы алдыңғы партаны нұсқады. Сөйтті де әңгімесін бастап кетті.

– Зейнолла, мектепті бітірген соң не істемексің? – деді.

– Білмеймін, – деді, әлі де еш нәрсеге түсінбей тұрған ол. Шынында да әлі бел байлап шешкен шешімі де жоқ болатын.

– Жоқ, бұлай жүре беруге болмайды ғой. Енді бірер айда мемлекеттік емтихан тапсырасыңдар, мектеппен де қоштасасың, бір шешімге келу керек... Менің бұл әңгімені бастап отырған себебім бар. Сенде физика, математика, химия пәндеріне деген икемділік бар, бірақ жалқаусың, тиянағың жоқ, әйтпесе жақсы оқып, жоғары оқу орнына түсуге әбден мүмкіндігің мол. Аз қалған уақытты пайдалан, қосымша сабақ ал...

Қазір жерден алып, жерге салып, кейбір ұстаздардай: «мұрнына май құйса да адам болмайсың!» деп, бейне бір алдына шығып келгендей, жер-жебіріңе жетіп ұрсатын болар деп тұрғанда, «сен оқуың керек...» деп, жанашырлық, нағыз ұстазға ылайық ықылас танытқанына не дерін білмей Зейнолла өз қылығынан өзі ұялған-ды. Өзі туралы ойлап, болашағы дұрыс болса екен деген ұстазының ұлы жүрегіне бала көңілі елжіреп, оның соңынан ілесе кластан бірге шықты. Қоштасар тұста ұстазы Наум Наумович: “Жарайды, ойлан, тағы да сөйлесерміз” – деп Зейнолланы арқасынан қақты да мұғалімдер бөлмесіне кіріп кетті.

Зейнолла мектептен далаға шықты. Күн күлімдеп,



айналаның бәрі бұған бауырмал көңілмен елжірей қарап тұрғандай. Ұстазының жылы сөзі, жанашырлығы өмірден ертелеу кетіп қалған анасы мен әкесін еріксіз есіне түсірді. Оларды сағынғанын, аялы алақанын аңсағанын сезді.

...Әкесі Молдахмет қайғылы жағдайда, көз алдында көз жұмды. Ол кезде Зейнолла бар жоғы он жастан жана ғана асқан. «Бәле қайда? Бассан аяқ астында!». Рас-ау сол. Аш ішекше шұбатылған көп вагондардың бітуін күтіп темір жолдың жиегінде тұрған әкесін шошайған бір темір іліп түсіп, вагонның астына аунатып жіберді. Тіркескен вагондар өтіп бітісімен адамдар көмек қолын созғанмен, бәрі де кеш еді. Қызыл ала қан суша ағып жатты. «Құлыным-ай, буының қатпай қалдың-ау!» деп, өкінішке толы ақтық сөзін «әкелеп!» келіп үстіне құлаған Зейноллаға әрең айтқан-ды. Дәрігерлер келгенше қансырап жатып, жан тапсырды. Бала Зейнолланың санасында сол сәттің сұм суреті мәңгіге сақталып, өшпестей болып жазылған. Дәл қазір сол сурет, сол көрініс көз алдына елестеп, өзегін өртеген өкініштің өксігі көмейіне келіп кептелді...

Зейнолла үйге емес, ауыл сыртында ағып жатқан өзенге беттеді. Әке мен анаға деген сағынышы көз жасына айналып, өзен жағасында ұзақ-ұзақ отырды. Ойын басқа жаққа аударып, өз көңілін өзі ауламақ болды. Өмір де мынау өзен секілді ме қалай, өз жөнімен, өз жолымен тоқтаусыз аға береді. Илессең ілестің, ілесе алмасаң анау жатқан жаңқа секілді жағаға лактырып тастайды да кете барады. Өз ойынан өзі шошынды. Зейнолла орнынан оқыс көтеріліп, ауылға, үйге беттеді.

Алдынан: «...қайда жүрсің осынша уақыт? Неге қабағың салыңқы... Бір жерің ауырып тұр ма?» деп, сұрақты жаудыра Жамал жеңгесі шықты. Анасындай аяулы болып кеткен жеңгесін ренжіткісі келмей: «мектепте, қосымша сабақта болдым» деп, табан астынан қисынын келтіре қойды. Зейнолланың ең үлкен ағасы – Сәйпен. Оның әйелі

Кәкен науқастан қайтыс болып, Сәйпен осы Жамалға үйленген-ді. Обалы не керек, Жамал Молдахмет әулетіне адалынан кездескен жан болып шықты.

«Әр патшаның тұсында бір сұрқұлтай!». Адам заманның, әлде, заман адамның құлы ма білмейсің, әйтеуір Адам ата, Хауа анадан бастап қарасаң, адамзат атаулының басынан не бір «сұрқұлтай замандар» өтіпті. Оның ішінде қазақ жұртының да татқан тәттісінен гөрі ащысы асып тұр. Соңғы (ылайым солай болғай) нәубат – өткен ғасырдың «отыз жетісі!» салған ылаң бұл отбасын да шарпып өтті. Молдахметті «ауылнай болдың, ескі өмірді көксейсің» деп қудаласа, ал, Сәйпенді аулынайдың баласы болғандығы үшін сегіз жылға соттап, итжеккенге айдады. Артынша, соғыс басталып, үйдегі бас көтерер екі ағасы – Зияда мен Мәлік майданға кетті. Осы тұста Молдахмет әулетінде қалған шиеттей бала-шаға мен екі көзі су қараңғы Ұлышқа (Молдахметтің жалғыз қарындасы) бас-көз болып, бұл отбасына келін болып түскеніне көп болмаған Жамал қалды.

Соғыс жылдарында бір әулеттің ғана емес, барша ел-жұрттың күні әйел мен қарттарға қарап қалды емес пе. Ауылда да, қалада да әйелдер белді бекем буып, білекті сыбанып, соғысқа кеткен ерлердің орнын жоқтатпай, егін егіп, мал бағып, зауыт пен фабрикада станок басында тұрып, майданды тамақпен де, қару-жарақпен де қамтамасыз етті. Міне, сондай аяулы әйелдің бірі Зейнолланың жеңгесі Жамал еді.

Ер азаматтары соғысқа аттанған Чапаев колхозының тұрғындары табиғатынан еті тірі, шаруаға ширақ, жігерлі Жамалды өздеріне бір ауыздан бастық етіп сайлап алды. Олардың ниетіне орай Жамал жаман бастық болмады, ауылда қалған қарт пен бала-шағаны жұмысқа жұмылдырып, жеңістің болатынына әуелі өзі сенді, сосын басқаларды сендірді. Ел-жұртын аздырып-тоздырмады, аштыққа

ұшыратпады, мемлекет жоспарын үнемі орындап, аудан бойынша социалистік еңбектің екпіндісі атанып, бәйгени ешкімге бермеді. Соғыс та бітті. Дәм-тұзы таусылмаған азаматтар елге оралып, колхоздың бар жұмысын қолға ала бастады. Алайда, ауылдастары Жамалдың: «ел басқаратын азаматтар келді ғой» дегеніне қарамай, колхоздың бригадирі етіп сайлады. Даланың жұмысын тындырымды атқарумен қатар ол отбасының ынтымағына, береке-бірлігіне берік қарады. Бала-шағаның тамағынан бастап, тәрбиесіне дейін мән беруге, уақыт табатын. Ол күндердің суреті Зейнолла жадында жатталып қалған:

*– Жұмыстан қанша кеш келіп, шаршап тұрса да, ас-су әзірлеп, бізге ішкізіп-жегізіп болған соң, қатар-қатар отырғызып, қозы соңында жүгіруден қара табан болып кеткен аяғымызды ыстық суға салып, жуындырып жатқызатын. Мейірім-шапағатын осындай-осындай әрекетімен білдіріп, жан жылуын жеңгеміз аямайтын бізден...*

Жамал жеңгесінің жылылыққа толы пейілі, жанашыр сөздері анасын ойына түсіріп, көңлін тағы да толқытып кетіп еді. «Жетім бала көңілшек!». Онысын сездіргісі келмеген ол тез үйге кіріп, былтырдан бері Москвада оқып жатқан немере ағасы Еренғайыпқа хат жазды. Ол өзінің Мәскеуде оқығысы келетінін ашық, анық жазды.

Еренғайып Зейнолланың ең үлкен ағасы Сәйпеннің баласы. Бала кезінде Еренғайыптың анасы Кәкен науқастан қайтыс болды да, оны әкесінің інісі Мәлік бауырына басады. Еренғайыптың Мәлікұлы болып кетуінің сыры осында. Ал, Мәлік пен Зейнолла тете. Бұл орайда Еренғайып: – Зейнолладан менің жасым үлкен болғанмен, оның жолы үлкен. Ол менің атам Молдахметтің кенжесі ғой, – дейді қазақы қалыптан аспай.

Шайхудинов Еренғайып Мәлікұлы Чистов орта мектебін (қазір ол мектеп Совет Одағының Батыры С.Киреев

есімімен аталады) алғаш алтын медальмен бітіріп, ауылдан алғаш Мәскеуге оқуға түсіп, ғылым қуған азамат. Ол Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтын өте жақсыға бітіріп, кейіннен, сонда аспирантурада оқып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Содан он бес жылдай Қазақ мемлекеттік университетінде кафедра меңгеріп, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ политехника университетінде проректор, ректор болып ұзақ жылдар қызмет атқарды. Ғылым докторы, академик атанды. Сол кісі былай дейтін еді:

*– Бала кезімізде Зейнолла екеуміз жаз шықса болды жеке меншіктің малын бағамыз. Таңғы сағат бес-алтыда тұрып, күн ұзақ мал соңында жүретінбіз. Оған қоса үйдің отынын тасу, оны жару, су әкелу біздің мойнымызда. Молдахмет атам: «Көз қорқақ, қол батыр» деген мақалды күнде айтып, бізді жұмысқа салып қоятын. Біздің әулет өте ұйымшыл болды, Молдахмет атам айтса болды басқалар соған бағынатын да, айтқанын бұлжытпай орындайтын. Атам аса қатал адам еді демеймін, бірақ тәртіпке бағынганды дұрыс көретін. Сондықтан болар, балалары басы ауган жаққа мақсатсыз кеткен емес. Біздің әулет, қайда барсақ та, қайда көшсек те, бірге жүретінбіз. Бір жылы әулетімізбен өзімізге үй салдық, бір жазда құдық қаздық...*

*Соғыс кезінде Молдахмет атамның шиеттей балашағасын, екі көзі су қараңғы Ұлыш апамызды жүдетпей-жадатпай, аштыққа ұшыратпай аман алып шыққан Жамал жеңгеміз болды. Өзі пысық, іскер, мейірбан жан еді. Бізді өз баласындай бақты, қамқор болды, өсірді.*

*Ал, соғыстан кейін әулеттің тауқыметін бөліскен Сәйпеннің үлкен ұлы Сайран болды. Ол он жеті жасында дүкенші болып, табыс таба бастады. Сосын соғыстан жаралы болып 1944 жылы елге Молдахмет атамның екінші ұлы Зияда оралды. Ол келе салысымен Ұзынкөл*

аудандық атқару комитетінде, сосын сауда жағында қызмет істеді. Кейіннен Чистов совхозында жұмысшылар кәсіподағының ұзақ жылдар төрағасы болды. Бәріміздің оқып, білім алуымызға Зияда ағамыз себепкер де, қамқор да болды. Мен, 1950 жылы мектеп бітіріп Мәскеуге оқуға кеттім, Зейнолла менің соңымнан 1952 жылы келді...

Рас, Зейнолланың: «оқуға Мәскеуге барамын...» деген хатын алғанда Еренғайып шын қуанды. Біріншіден, өзі де елді сағынып, ауылды жиі ойлап жүрген-ді. Енді, Зейнолламен бірге бүкіл ауыл көшіп келетіндей, көңілі алып-ұшуда. Екіншіден, Зейнолланы әкесі Молдахмет: «Ұрыспандар, анасы жоқ, жасық болып қалады!» деп, бетінен қақпай ерке, еркін өсірген. Сондай «ерке» бауырының оқу іздеп, білім қуамын деуі, талабы риза етті. «Ержетейін деген екен» деп қойды іштей. Ойына бала кездегі, жаз бойы екеуінің сыйыр, қой бағатыны, кешке дейін бір тынбай түрлі үй шаруасын атқаратындары еске түсті.


Соғыстың қайнап жатқан кезі. Немістердің Сталинград түбінде беті қайтып, барша Кеңес халқының енесі шамалы да болса көтерілген тұс. Ауылда қалған қариядан бастап, балаға дейін тырбандап тірлікке араласқан. Бірі егін алқабында болса, енді бірі мал соңында. Бәрінің де ойы мен санасында бір-ақ нәрсе, ол – қайтсек жеңісті жақындатамыз. Еренғайып пен Зейнолла жазғы каникулға шығысымен ауылдың жеке меншік малын бағуға шығып кетеді. Ондағы ойы отбасына көмегін тигізіп, жеңгелері Жамалдың жүгін жеңілдету.

Дәл ауылдың ортасынан шойын жол өтетін-ді. Онсыз да аз малды пойыз қағып өлтіре берген соң, ауыл адамдары бір жылы жиналыс жасап, жол бойын бойлай ор қазуды ұйғарды. Адамдардың арлы-берлі өтуі үшін ор үстіне тактайдан көпір жасап қойды. Бала кездің сол оқиғалары бүгінгідей көз алдында Еренғайыптың.

Уақыт жылжып оқу жылы аяқталды. Оқушылар «Зейнолла Москваға оқуға кететін болыпты» деп әңгіме көйтсе, үлкендер жағы «Молдахметтің қаны бар ғой, балаларының бәрі алғыр, барса барар...» деп, қайыратын. Халық айтса қалт айтпайды, шынында да Молдахмет бала кезінен-ақ пысық, алғыр болыпты. Мүмкін бұл пысықтық, алғырлық арғы тегінен, әкесі Шайхудиннен жұққан шығар. Шайхудин ақсақал сауаты жоқ болса да өмірден білгені, түйгені көп, дүйім елді аузына қаратқан сөзге шешен адам екен. Бірақ балаға жарлы, жалғыз ұлы – Молдахмет, жалғыз қызы – Ұлыш. Оның өзін көп көргендей қызы Ұлыш екі жасында шешекпен ауырып, ақырында ауыр науқас екі көзінен айырып, су қараңғы етіп кетті. Кәріп Ұлыш тұрмыс құра алмай, өмір бойы ағасы Молдахметтің қолында, ол қайтыс болған соң Сәйпеннің қамқорлығында болды. Осы Ұлышты осы әулеттің шежіресі десе де болатын. Сексеннен асып, тоқсанға жақындап барып дүниеден өткен, көкірегі ояу, санасы сергек әжей Шайхудин мен Молдахмет әулетінің басынан өткен жақсы мен жаманды дәл кешегідей етіп айтып отыратын:

— Бір әке мен шешеден Молдахмет екеуіміз ғана болдық. Молдахмет жас кезінен-ақ пысық, алғыр, ауыл-елге қайырымы мол, көпшіл болды. Өзі сөзге өте шешен еді, онысын әкеміз Шайхудиннен жұққан қасиет болар деп ойлаймын. Кейде бір жиындарда, арқасы бір қызып кетсе, ауыздыға сөз бермей, арғы-бергінің әңгімесін төгіп-төгіп тастайтын. Сөз дегенің де ақыл мен есі бар адамға қонады ғой. Қазақ қолынан түк келмейтін біреуді көрсе: «Үстінен бөзі, аузынан сөзі түсіп тұр» екен дей салады. Ағатайым ойындағысын анық, тік айтатын адам еді. Осы мінезін ұнатқан ел-жұрт он жеті жасар Молдахметті ауылнай етіп сайлады.

Біздің төңіректе екі Молдахмет болды. Менің ағамды ақсақ Молдахмет, екіншісі, Тырбыдың Молдахметі





дейтін. Ағамның аяғы шынымен-ақ ақсақ болды. Бірде ауылдың шетінен өрт шықты. Ол кезде бүгінгідей өрт сөндіре қоятын машина, су бар дейсің бе, қайыңның жас бұтағын кесіп, сонымен сабалап өшіретін. Қаулаған өрт жас бұтақты жайбарақат, асықнай кесуге мүмкіндік берсін бе. Асыққан Молдахмет жас бұтақтарды ат үстінде тұрып шаба берген зой. Бір кезде астындағы аты оқыс қимылдап кетіп, өткір айбалта тізені орып түскен. Дәрігер дейтін дәрігер де жоқ ол кезде, содан аяқтың екі жағына ағаш қойып байлап тастады, содан ол тік болып бітіп, аяғы бүгілмей қалды. Ел жарықтық мұндайда ат қойғыш қой, ақырында ақсақ Молдахмет атанып кетті.

Сол Молдахметтің кіндігінен төрт ұл – Сәйпен, Зияда, Мәлік, Зейнолла және екі қыз – Перизат пен Бағизат тарайды. Жеңем Көпей, осы балалардың анасы өте пысық, іскер адам еді. Қолы шебер болатын, балаларына жоқтан бар жасап, киім тігіп бере қоятын. Аллаға тәубә, Молдахметтің балалары аш-жалаңаш жүрген емес...

Е, елдің, халықтың басынан не өтпеді дейсің, шырағым. Ақ пен қызыл болып та соғыспадық па?! Біздің атамекеніміз екі ел – орыс пен қазақ жерінің қақ ортасында жатқан Көксау деген елді мекен болды. Біз сол жерде туып, сол жерде өстік. Міне, сол жерден, аулымыздың үстінен бір күні дүбірлетіп Қазақстанның ішіне қарай: «біз Кеңес өкіметін орнатамыз» деп қызылдар өтеді, келесі күні ақтар жетеді дігірлеп. Олардың бәрі де жәй келіп, жәй кетпейді, барымызды тартып алып, зорлық-зомбылық жасап кетеді. Соның салдарынан елдің алды ашаршылыққа ұшырап, жан-жаққа ауа бастады. Бір жамандықтың келе жатқанын сезген ағатайым бір күнде бар бала-шағасы мен мал-мүлкін жинап, көштік те кеттік.

Әуелі Омбыға бардық, ол жақта да береке қалмаған,

у да шу, шұбырған халық. Одан Төменге, Ноғайсібірге кеттік, одан ары қарай сонау-сонау Красноярдың Бағатон ауданына барып қоныстандық. Елі тыныш, халқы жуас екен, содан сол елде отызыншы жылдардың аяғына дейін тұрып, қырқынышы жылдың басында ғана елге көшіп келдік. Перизат пен Бағизат сол жақта тұрмысқа шыққан. Елуінші жылдар ішінде ғана Қазақстанға қайтты.

Бөтен жер, басқа ел болса да, пысық Зияда адал еңбегімен көзге түсіп, сол жердегі МТС бастығы болған. Молдахмет пен Сәйпен де жаман жұмыс істеген жоқ. Солардың арқасында аштыққа ұшырамадық, жағдайымыз жаман болған жоқ. Ел ішіндегі дүрбелең басылған соң ағатайым: «балалар жат болып кетеді, елге, Қазақстанға қайталық» деп, болмады. Әйтпесе, «ит тойған жеріне» деп отырсақ отыра беруге болушы еді, өйткені бәрінің қызметі бар, табысты бұрқыратып тауып жатты...

Содан Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Чапаев колхозына келіп орналастық. Мұнда кілең қазақтар тұрады екен. Елге келдік деп, бәріміз де мәзбіз. Бірақ, «ел құлағы елу» деген емес пе, бұлар бұрынғы ауылнай болғандар, ескі өкіметті көксейтіндер деп, келе салысымен Молдахметті де, Сәйпенді де көрсете бастады.

Ақыры, елім-жұртым деп аңқылдап келген коңліміз су сепкендей басылды, Молдахмет пен Сәйпенді «халық жауы» деп ұстатып жіберді. Сәйпен сонау-сонау Магаданнан, өмірі көрмеген шахта қазу жұмысынан бірақ шықты. 1942 жылы Молдахметтің әйелі Көпей—Зейнолланың шешесі көп ауырмай қайтыс болды. Осының бәрі біздің әулетті біраз қажытып, шаршатып кетті. Сөйтіп жүргенде сегіз жылға кесілген Сәйпен екі жылда босанып елге келді. Бұған әулет болып қуанып, еңсеміз бір көтеріліп қалды.

Біз Молдахмет пен Сәйпен келген соң, 1943 жылы

орыстар тұратын Булаев ауданының Чистов совхозына көшіп кеттік. Соғыс қайнап жатқан, бірақ фашестің беті қайтқан тұс еді. Еренгайып пен Зейнолла осы жердің мектебіне, төртінші класқа барды. Айналайындар, екеуі де аналарынан жас қалды зой. Еренгайыптың анасы Кәкен де асыл адам еді, науқастан қайтыс болды шырағым. Сосын барып Жамалды алмады ма Сәйпен. .

Ағатайымның екінші баласы Зияда соғыстан жаралы болып, 1944 жылы келді. Келісімен ол ауылдағы жұмысшылар кәіподағы комитетінің төрағасы болды. Бір жылдан кейін соғыс бітіп, Мәлік оралды аман-сау. Ол да жұмыс істей бастады. Не керек, ел-жұртпен бірге біздің де жағдайымыз түзеліп, қарын тойып, киім бүтінделе бастады.

Біздің көп ағайындарымыз Есіл жақта тұрды. Олар астықтарын жыл сайын Омбыға барып сатып, сол жақта базарлап, керек-жарақтарын алып қайтатын. Сонда олар Омбыға бара жатып та, қайтып келе жатып та бізге соғып, қона жатып кететін. Обалы не керек, айналайын Зияда олардың бәрін жақсы қарсы алып, аттарына жем-шөбін аямай беріп, өздеріне қой сойып, қайтарында шапан-шаптығына дейін кигізіп, шығарып салатын. Айналайын, Зияда әкесіне, ағатайыма қатты ұқсады, қолы да, пейлі де кең болды. Әйелі кейде реңжіп, танымайтын адамға қой сойып, шапан кигізетінің не десе, Зияда: «... елге барғанда айтып бармай ма, жолда Молдахметтің балаларын көрдім, қондым... жағдайы, тұрмысы жақсы екен деп. Әкем айтып отыратын «қонақ өз несібесімен келеді» деп, сен тарылма...» дейтін.

Осы пейіліне Зияданың қонағы да көп болатын. Ол талай жыл жазушы Сәбит Мұқановпен аралас-құралас та болды. Сәбит келген сайын: «Зияда, балаларыңды оқыт!» дей беретін. Біздің балалардың оқу, білім қууына сол Сәбиттің ниеті ықпал болды-ау деп ойлаймын өзім.

Кезінде, Сәбиттің алғаш оқуға баруына қол ұшын берген, аздап болса да қаражатпен көмектескен ағатайым болатын, оны ауылдың бәрі де біледі.

Ағатайымның балалары әкесін жаман атқа қалдырған жоқ, құдайға шүкір, бәріне де ризамын... – деп, Ұлыштың ағынан ақтарылып отырғанын талай естіген. Тағдыр тауқыметіне мүжілмей, еңсесін биік ұстап отыратын, рухы мықты Ұлышты бұл әулеттің үлкенінен жасына дейін атын атамай, «Қыз апа» деп өтті. Бұны атадан балаға ұласқан нағыз қазақы дәстүрдің үлгісі дерсің.

Сол Ұлыш қыз апасы Мәскеуге кеткелі жатқан Зейнолланы алдына шақыртып, қолын алақанына қойып, салалы саусақтарымен аялай отырып былай деген-ді:

– Айналайын, құлыным! Саған бұрын айтпап едім, әкең мен шешенің Сәйпен мен Зияда ортасында Зейнолла деген ұлы болған, жастай шетінеп кетті. Сен туғанда соның атын саған қайыра қойып еді әкең. Сондықтан да сенде екі адамның өмірі және міндеті жүр. Өмірің екі адамның өміріндей ұзақ болсын, бақытың жансын, шырағым! Менде сендердің тілеулеріңді тілеуден басқа тірлік жоқ, Қыз апаларыңның қолынан сол ғана келеді...» деп, кемседеп көзіне жас алды. Соңғы сөзде шерлі көңілдің мұңы жатты. Бұлай мойығанын бұрын Зейнолла көрген емес ді, «кайтсін, қажыын деген-ау!» деп, өзі де іштей жүдеп қалды. Ұлыш апасы сөзін жалғап: – Үлкен жерге, көрмеген елге кетіп барасың, білім, ғылым қуамын дейсің, бәрі де дұрыс, заман сендердікі, алдыңнан жарылқасын! Баса айтарым, ертең-ақ ер жетесің, сонда ел-жұртыңды, ағайын-туғанды ұмытып кетпе. «Қарға тапқанын астына басып жейді, сұңқар тапқанын айналасына шашып жейді» шырағым... Еренгайыпқа сәлем айт... деп қалды ауылда.

Осылай мағынасы мың, астары терең Ұлыштың ба-тасын алған Зейнолла 1952 жылдың шілдесінде: “Мо-

сква, кайдасың?!” деп, жолға шыққан-ды. Аға-жеңгелері: «Кімге барам дейтін емес, алдыңнан Еренғайып күтіп алады...» деп, көңілдері тоқ тұрып, пойызға шығарып салды.

Жеңгесі Жамал тамақ салынған дорбаны үстел үстіне қойып жатып: “мынаған жолда су алып ішесің, түсіріп алма” деп, ақырын ғана қолына бір нәрсені қыстыра салды. Былай шыққаннан кейін қараса – он сом ақша. Ағалары қаражатсыз еткен жоқ, берді ғой. Жеңгесінің бұл қылығы жүрегін елжіретті. “Сендердің сенімдеріңді ақтармын-ау!” деді, бозбала Зейнолла іштей, көңілі толқи тұрып.

Қол бұлғап, перронда қалып бара жатқан ағалары мен жеңгелері жүзінен: «Өмір сапарың оң болсын!» деген ақ тілеуді жазбай таныған ды. Қызық, бір сәтте көз ұшында қалып бара жатқан олардың ортасында анасы мен әкесі де қол бұлғап тұрғандай көрініп кетті. Оларға сүзіле ұзақ қарады. Кім білсін, жарықтықтардың аруағы ауылдан алғаш ұзаққа шығып бара жатқан баласын желеп-жебеп жүрсе жүрген де шығар...

Ағайынды екеуі – Еренғайып пен Зейнолла Мәскеудің вокзалында бір-бірімен құшақ жая жамырасты. Еренғайып та елді сағынып қалған екен Зейнолладан ауылдың малжанын түгел сұрап шықты, мауқын бір басты. Екеуі Мәскеуді армансыз бір-екі күн аралады. Адамзат тарихына социализм, коммунизм идеяларын әкеліп, сол қоғамды орнатпақ болған ұлы көсем Лениннің бейнесін көрмек үшін кезекке танғы бестен тұрып, мавзолейге әрең кірді. Әйгілі МГУ-ге барды, ГУМ-ды аралады, Москва өзенін жағалады. Сосын барып сабақ оқуға отырды.

Құжаттарын М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтына тапсырды. Мұнда Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген жастар көп екен. Біразының мектептен алған алтын медалі бар, олар бұларға менсінбей қарайтын секілді.

– Әлі емтиханға ай жарым уақыт бар, тырп етпей оқы,

дайындал. Егер өзін біліп тұрсаң ешкім әдейілеп кем баға қоймайды мұнда, – деді Еренғайып.

Зейнолла үнсіз, өз ойымен өзі әлек. Кетерде ұстазы Наум Наумович: “Зейнолла, сен үлкен ортаны көріп жүрекініп жүрме. Олар да сен сияқты Кеңес мектебінен шыққан балалар, барлық жерде оқу программасы бірдей ғой... сенің ұстаздарың ешкімнен кем емес, сен бізді ұятқа қалдырма...” – деген-ді, сөзінің аяғына әзіл ырғағын қосып. Ұстазының сол сөзі ойына түсіп, сәл ширыққандай болды.

Рас, Зейнолла мықты ұстаздардан сабақ алды. Бала кезде оның байыбына бара алмапты, есейген соң ойлап қараса, ол ұстаздары нағыз білімнің қазынасы екен. Бәрі де Ресейдің ірі қалаларында жоғары білім алып, іргелі оқу орындарында ұстаз болған, ғылым қуғандар. Қазақ даласына қалай тап болған деңіз оларды?..

Өткен ғасырдың басы бұл дүние дүрбелеңге толы болмады ма?! Қоғамға бұрын адамзат тарихында болмаған жаңа формация – социализм келді, ақ пен қызыл болып қырғын соғысты, ақырында қызылдар жеңді. Жаңа қоғамның жаңсақ жақтары, қателіктері аз болмады. Әуелі халықты аштыққа ұшыратты, одан кейін «халық жауы» деген жаламен озық ойлы азаматтарды қынадай қырды, біразын жер аударып, ит жеккенге айдады. Бұл нәубаттын соңы Ұлы Отан соғысына ұласты. Осындай аласапыран үстінде талай адамның тағдыры тәлкекке түсіп, солақай саясаттың құрбаны болды. Талай халық, талай адам бір күнде, бір сәтте мәңгі отырған ата-баба қонысынан өмірінде көрмеген, білмеген елге, жерге жер аударылды. Сондай тағдыр айдап біраз мұғалім осы Чистов мектебіне келді, олар балаларға әртүрлі пәннен сабақ берді.

Айталық, ағылшын тілінің мұғалімі Мария Давидовна Коган озық ойы үшін қудаланған адамның бірі. Қазақстанның солтүстігіне сонау Грузиядан жер аударылып



келген. Бала-шағасы сонда қалған. Өте білімді, парасатты адам. Кейде ағылшын тілінің аясынан шығып, әлем әдебиеті жайлы айта жөнелгенде, класқа тура: Гомер мен Гёте, Шекспир, Бальзак... кейіпкерлерімен бірге келіп тұрғандай әсерге бөленетін. Мария Давидовна француз тілін де жетік білетін. Қазақ тілінің «ғ»-сын қосып өзінен сөйлей жөнелгенде, түкке түсінбеген балалар бір-біріне жымыып, ұстазына қызыға қарайтын. Бұл Мария Давидовнаның тілді ұмытпаудағы амалы екен ғой сөйтсе.

Тарих сабағынан берген Мария Ивановна Радчукты жер дүниенің білгірі десе де болғандай еді. Ол сабақ айтқанда балалар ауылдан асып, жер шарын қиялмен шарлап қайтатын. Қашанда ол тар тақырыптың шеңберінде қалмай, «осылар білсінші» дегендей қосымша мәліметтерді қызықты етіп көп айтатын. Бұл балалар қиалына қанат бітіретін. Бар нәрсе қиялдан туып, ойдан өсіп, арман болып жетелемей ме?! Кішкентай ғана қазақ аулынан оқу, білім іздеп шыққан Зейноллаларға сол Мария Ивановнаның терең білімі мен ұстаздық шеберлігі әсер еткен де шығар, кім білсін.

Ал, математика пәнінен Александр Иванович берді. Ол өз әулетіндегі дәстүрлі мектепті жалғастырып келе жатқан адам. Оның ағалары Мәскеудің Ордженикидзе атындағы институтында сабақ беретін ұстаздар, бәрі де үлкен ғалым. Еренғайыптың оқуға Мәскеуге баруына бағыт сілтеп, ықпал еткен де осы Александр Иванович болды. Жас талаптың қабілет қарымын байқаған ол туыстарына оны табыстап, қамқор болуын өтінді. Ол қашан оқуға қабылданып, жатақхана алғанша ұстазының ағасының үйінде тұрды. Бүгінде өзіне деген олардың шапағатын, зор қамқорлығын академик Еренғайып Мәлікұлы ерекше сезіммен еске алады, алғысын айтады.

Тіршілік құпиясы – бақытты өмір сүрудің нақ ережесін алдын ала сізге ешкім айтып бере алмайды. Бірақ,

ұстаз атаулының бала бойындағы дарыны мен талантын танып, танып қана қоймай оған бағыт-бағдар, жол мен жөн көрсетуі парыз-ау. Өкінішке қарай олардың көбі оқытушылықтан аса алмай, тек сабақ берумен ғана шектеліп қалады. Біздің мамандық таңдаудағы шатасуымыз бен қателесуімізге олардың да қатысы бар. Егер олар әр шәкіртінің қабілет-қарымын аңдап, танып, дұрыс бағдар беріп жіберсе, олар өмірден өз орнын адаспай тауып, «кірпіш» болып қаланып, бар бақытын содан таппас па еді?!

Ал, жоғарыда есімдері аталған адамдар өз кәсібінің хас шеберлері, талай жастың бағын ашқан нағыз ұстаздар. Өз бақытынан гөрі халық мүддесін биік қойған, сол үшін күреске шыққан рухы асқақ жандар. Олар бақытын да, бақытсыздығын да осы күрескерліктен тауып, «жер аударылып», тағдыр дегеннің тауқыметін арқалап қазақ даласына келгендер. Ата-бабалары көшпенді болған қазақ балаларының бойындағы алғырлық пен құштарлықты байқаған олар білімдерін аямады, ілім алуға, ғылым қууға баулыды. Осындай ұстаздардан білім алмаса, кім білсін, Зейнолла ауылдан ұзап шыға алмай, қарапайым ғана тіршілік кешер ме еді? Себеппіз салдар жоқ, «ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген сөз осындайдан айтылған шығар да.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары қазақ жастары арасынан жоғары білімді болсам, ғылым қуып, ғалым болсам дейтін жастар қаулап өсіп, тіптен олар Қазақстаннан асып, Мәскеу мен Ленинградқа, Омбы мен Томға... сапар шекті. Сондай көп жастың бірі – Зейнолла. Ол ғылым мен білімнің үлкен ордасы – М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтына құжаттарын тапсырды, емтихандардан ойдағыдай өтіп, оқуға қабылданды.

Жер шалғайлығынан бір жыл бойы елге бара алмады. Бұрын мұнша уақытқа ауылдан ұзап шықпаған ол аға-жеңгелерін, туыстарын, Ұлыш әпкесін сағынды. Са-

ғыныш дегеннің «дәмін» бір жыл ішінде тәп-тәуір татқан ол оқуды ауылда, Алматыда жалғастырғысы келді. Сол үшін әрекеттеніп, ақыры бірінші курсты бітірісімен Алматының Абай атындағы Педагогика институтына, физика-математика факультетіне ауысып, елге қуана-қуана қайтты...

Алматыға асыға келген Зейноллаға енді ҚазПИ-ді бітіріп, жоғары білімді ұстаз атанып, елге қайтатын шақта туды. «Алматыда қалсайшы!» деген ұсыныстар да, жолдас-жораның тілегі де болды. Ойланып, бір тоқталуға келе алмай, біраз күн жүрді де, “жоқ, ауылға, туған жерге барамын” деп шешті. Туған жерге не тартып тұрғанын өзі де толық түсінген жоқ, әйтеуір, ауылға кеткісі келді де тұрды.

Кетуге толық бел байлағанымен Алматыны қимай біраз күн жүріп алды. Ауық-ауық жатақхана терезесінен Алатауға ұзақ-ұзақ қарайды. «Тау екеш таудың да неше түрлі мінезі бар» дейді ол іштей. Ойын қайта жалғап: «кейде ғой мұнартып, бар бейнесін бауырына тығып, бұйығы жатады. Ондайда қабағы жабық, көңілсіз көрінеді. Бүгін олай емес, әр тасына дейін көрініп, шыршалары көк тіреп, өзі асқақ жатыр». Алатаудың осы асқақтығы өзіне де ұнайды, ұнаған соң осылай ұзақ-ұзақ қарайды. Табиғат-Ананың күдіретіне тәнті бола тұра мәңгілік дүние – Алатаудың «химиялық, физикалық» қасиеттерін іздей бастайды өзінше:

*«Мына Адамзаттың жаралғанынан бастап бүгініне дейінгі тіршілігіне тек сен ғана куәсің, Алатау! Әттең сенде тіл жоқ, тіл жоқ... адамзаттың адасып айтып жүрген «шын тарихын» ағытар едің-ау сонда сен. Бәлкім, сенде тілдің болмағаны дұрыс та шығар, әйтпесе, адамзаттың небір күнәһар тірлігін жаһаннамға паш етіп, назарын жерге қаратар ма едің... Жоқ, әлде біз білмейтін небір ерлік істер мен батырлық туралы ай-*

*тып, адам рухын асқақтатар ма едің, кім білсін?!»*, – деп толғанатын.

Бұл білімі толысқан, түрлі өмір мен орта көрген жас Зейнолланың ішкі шегінестері, тебіреністері еді... Не нәрсені болса да саралай, сараптай алатын дәрежеге жеткен, ой ойлап, арғы-бергіден толғана алатын тұсы.

Содан, Зейнолла туған топыраққа оралды. Әуелі Мамлют ауданындағы орта мектепте физика пәнінен сабақ берді. Көп ұзамай Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы өзі бітірген Чистов орта мектебіне ауысты, оқу ісінің меңгерушісі болды. Бәрінен қызығы, өзіне сабақ берген мұғалімдерімен әріптес болып шыға келді.

Жас Зейнолламен бірге мектепке жаңа бір леп келді десе де болады. Ұзақ жылдар бойы бір істі қайталай беруден қажыған ұстаздары түрлі қоғамдық жұмыстарды оған аударып салды. «Жас келсе – іске» деген осы шығар, қандай жұмыс тапсырса да тартынбай атқара берді ол да. Мектепте, оқушылар ортасында таң атқаннан, күн батқанға дейін жүрді. Кездесулер мен кештер, физика пәнінен байқаулар, қосымша сабақтар өткізді. Шаршадым деп ешкімге шағым айтпады. Осылай жүргенде үш жылдың да қалай өтіп кеткенін байқамай қалыпты.

Соңғы кезде бір арман атойлап келіп, ойына да, өзіне де маза берер емес. «Ғылым» деген ғаламаттың сиқыры «мен мұңдалап!» шақырады да тұрады. Ондағысы Мәскеуге барып, аспирантураға түсу, ғылым қуу. Бұл ойын мектеп бітірген кезде өзіне бағыт-бағдар берген бұрынғы ұстазы, қазіргі әріптесі, мектеп директоры Наум Наумовичқа шет жағалап білдіріп еді, өзіне тәп-тәуір қолғанат болып, мектептің жарты шаруасын тындырып жүрген жас маман-мұғалімнен айрылып қалатын болдым-ау демей, бірден:

– Дұрыс, дұрыс... Бұл ойынды мен қуана құптаймын. Әйтпесе, мектепте мұғалім болып жүрсең жүре бересің, тұйықталып, тар шеңберден шыға алмай қаласың. Жас

кезде, мүмкіндік болып тұрғанда, оқын алу керек, оқып қалу керек., – деп, аз-кем ойланып тұрды да бүгінгі химия, физика ғылымының болашағы, ертеңгі зор мүмкіндіктері туралы біраз шешіле сөйледі. Шәкіртінен: ««Ғылым қу-сам, ғалым болсам, жаңалық ашсам... есімімді елге таныт-сам...» деген, бір кездерде өзінде болған, жастыққа тән асқақ арман мен жарқылдаған жалынды көрді. «Адам атаулыға тәңірінің берген ұлы сыйы бұл!» деді іштей. Сол сыйдан Зейнолланың, шәкіртінің құр қалмағанына, бір кездегі өз арманы орындалғалы тұрғандай Наум Наумо-вич шын қуанды. Қызықты. Амал қанша, әмірін әлемге жүргізісі келген содыр саясаткерлер ғылымда ашқан жа-ңалығын өзіне жала етіп жауып, жер аударып жіберген. Ауып келген жері қазақ даласының шалғай ауылы, бұл жерде ғылыми орта жоқ, бірақ, білім мен ғылымға құштар жастар бар. Кейінгі кезде Зейнолладай білім қуған, ғылым іздеген шәкірттері көбейіп келеді. Ендігі мақсатын, сол жастарға жақсы тәрбие, осы уақытқа дейін жиған-терген білімін беру деп ұғады ол.

Сол жылдың күзінде, яғни, 1959 жылы Зейнолла Мәс-кеудің атағы әлемге әйгілі М.В.Ломоносов атындағы Нә-зік химия-технология институтына аспирантураға қабыл-данды. Бүгінде айтуға оңай болғанмен, Зейнолла тәп-тәуір сынға түсіп, «білімді-мынды жығар...» дегеннің дә-мін татқан. Құрамында он бес республикасы бар, алып Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен небір алғыр, бі-лімді жастар жиналыпты. Бәрі де «сен тұр, мен атайын!» дейтіндер. Солардың ішінен Зейнолланы «кездейсоқ сәт-тілік» емес, мектеп пен жоғары оқу орнынан алған бі-лімі жеңіске жеткізген-ді. Ауылда қалған ағайын мен ұстаздарының үмітін ақтай алды.

Ал, мынаны «сәттілік» деуге болатын шығар – сол институттың кафедра меңгерушісі, физика-химия ғылым-дарының докторы, профессор Михаил Михайлович Су-

щинский ғылыми жетекшісі болып тағайындалды. Ол атақты физик, көп жылдар КСРО Ғылым Академиясының президенті болған, академик Сергей Иванович Вавилов-тың шәкірті. Ал, Вавилов - есімі әлемге белгілі ғалым, академик Петр Петрович Лазаревтің шәкірті. Бұдан ар-ғыға көңіл аударсаңыз, Лазарев Кеңестік дәуір ғылымы-ның негізін қалаған ғұлама ғалым Петр Николаевич Ле-бедевтің шәкірті. Қараңыз қызықты, бұл сабақтастықта, жалғастықта физика ғылымының, ілімінің ұлы мектебі жатыр.

Зейнолланың ғылыми жетекшісі М.И.Сущинский нақ осы Вавиловтың тікелей шәкірті. Яғни, мектебі мық-ты! Және жас ғалым Зейнолла үшін ұтымды болған бір жәйт – ғылыми жетекшісі М.М.Сущинский М.В.Ломо-носов атындағы Химия-технология институтында ка-федра меңгерушісі болумен қатар , КСРО Ғылым Акаде-миясының Физика институтына (ФиАН) қарасты Ланз-берг атындағы зертхананы да басқарады екен. Ал, «ФиАН» Нобель сыйлығының небір иелерін шығарған, дүние жүзіне атағы мәшһүр ғылыми-зерттеу институты. Қарап отырса мұнда, яғни, зертханада іс-тәжірибе жүр-гізетін жәй қызметкерлердің өзі ғылым докторы мен ғы-лым кандидаттары. Қысқасы, мұнда «қара жаяу» ғалым жоқ. Жетекшісі Сущинскийдің ұйғаруымен Зейнолла бар тәжірибесін осы атақты зертханада, физика ғылымының ығай мен сығайлары ортасында жүргізетін болды. Мықты «мектепке» тап келген Молдахметов шынында да физика ғылымының небір сырларын ұқты, ғалымдардың өз ісіне деген жан аямас іс-әрекетіне таңырқады, өзі де соған тал-пынды, «білем» деп жүрген білімінің аз екенін ұқты. Кім-кімнің де адам болып, одан әрі маман болып қалыптасуына өскен ортаның, айналасындағы адамдар әрекеті мен қарым-қатынасының ықпалы болатынын жокқа шығара алмаймыз. Сущинский де жоғарыда есімдері аталған



ғұлама ғалымдардан тәлім-тәрбие алды, үлкен ортада ғылым қуып, ғұлама ғалым атанды. Енді одан тәлім алу Зейноллаға бұйырып отыр. Сондай ғалымдарды аттап кетпей, даралап, талдап айтуымыздың сыры – ғылымдағы сабақтастықты, «шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген сөздің астарын ашқымыз келгендіктен еді.

Ұлы Отан соғысынан кейін, Хиросима үстінде атом бомбасы жарылыған соң, жер шарында, физика ғылымы саласында үлкен майдан басталды десе де болғандай екен. Екі ұлы держава – Америка мен Кеңес Одағының ғалымдары арасында бәсекеден басқаша егес басталып, физика, химия ғылымында адам сенгісіз небір жаңалықтар ашылыпты. Жаңалық үшін мемлекет те қаржы-қаражатты аямапты. Ғылымның саясатқа айналып тұрғанын сонда алғаш аңғарды.

Қызық, артта, сонау ауылда қалған өмір иірімдері мұндағы тіршілікке мүлдем ұқсамайды. Ауылда өмір қарапайым, адамдары аңғал, ақжаркып. Кейде өмірдің өзі баяу өтіп жатқандай сезілетінін қайтерсіз. Ал, мұндағы тіршілік қауырт және қарбалас. Әсіресе, зертханадағы ғалымдар үлкені-кішісі бар, бәрінің мақсаты — бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін. Оларда ғылымға, өз ісіне деген жанпидалық бар. Не керек, Зейнолланың алдынан таным мен талғамдары аса жоғары, мақсат-мұраттары тым биік бөлек адамдар мен өзгеше өмір шықты. Оларға қарап тұрып Зейнолла кейде ойға қалатын:

*«Ия, менің бабаларым көшпенді болған, білім мен ғылымнан кенжелеп қалғаны да рас, бірақ олар әлемнің физикалық құрылымын білмегенмен Табиғат-Ананың «физикалық» құбылысын терең түсінген, жаратушы қасиетін қастерлеген. Сары дала төсінде түбі жоқ көк аспанға қарап, асқақ арманын ұшырған, жымыңдаған жұлдызға қарап ертеңгі күнін, аптақ айға қарап болашағын болжаған. Таң сәріден құптанға дейін бір жара-*

*тушының барлығына күмәнданбай, табынып өткен. Ал, бүгін сол Табиғат-Ананың физикалық сырларын ғылым мен білім арқылы түсіну менің замандастарымның еншісіне бұйырып тұр. Сондықтан жатырқап, жатсынбаңыздар... Біз далалықтар, қазақтар алғырмыз, ойымыз ұшқыр, жанымыз таза...».*

Осындай ұшқыр ойлы, алғыр жасқа:

– Тәжірибе жасауға оптикалық линза қажет, оны осындағы шеберханаға тапсырыс бер., – деді, ғылыми жетекшісі Сущинский шәкірті Зейноллаға алғашқы тапсырмасын бере тұрып. Және дәл қазіргі жағдайға еш қатысы жоқ мына бір сөзді қоса айтты: «Физиканың заңын да, адамгершіліктің заңын да бұзуға болмайды. Алғашқысын бұзсаң, Жер бетіндегі тіршілік өледі, екіншісін бұзсаң, өзің өлесің, екеуіне де адалдық керек...». Әдемілемей, бипаздамай тоқ етерін топ еткізді. Мәні терең сөздің астарын Зейнолла да дәл түсінді, «зандарды» бұзбауға ұстазына ғана емес, іштей өзіне-өзі ант етті.

Ол ФиАН-да аса мықты шеберхана, шеберлер бар екенін келе салысымен осындағылардан естіген-ді. Тапсырма алысымен сол шеберханаға келді. Шеберлер: «тапсырыс беріңіз, жасаймыз ғой...» деп, ұзын арқан, кең тұсау пейіл танытты. Аспаптың тез бітпейтінін сезген Зейнолла шеберлермен сөйлесіп, өзінің оларға қолқабыс беретінін айтты. Ақырында Зейнолла шеберлер қасында сегізтоғыз сағаттан тұрып, барлық өлшемдерін өзі көрсетіп, іс- тәжірибесіне аса қажетті құрал – оптикалық линзаны аз уақытта жасатқызып алды. Құралды тез бітіріп әкелген шәкіртіне, жас ғалымның «болсам» деген таудай талабына риза көңілде Сущинский әрі қарай не істеу керектігін баяндады, идея айтты, түсіндірді...

Осылай, әсте-әсте жүріп ол ғылыми тақырыбын анықтап, тәжірибе жасауға кірісті. Тақырыбы – екінші реттегі спектрлердің тізбелерін талдаудың негізінде көп атомды

молекулалар тербелісін сипаттайтын эксперименттік және теориялық проблемаларды шешу. Зейнолла жетекшісіне зерттеу әдістемесін бұрын әбден таптаурын болған жолмен емес, басқаша жағынан құрғысы келетінін айтты. Жас ғалымның тың пікірі ұнады, оған ұстазы келісті. Уақыт өлшеміне кірмейтін де, көнбейтін де зерттеулер зертханада күндіз-түні жүріп жатты. Жыл жарымның қалай өтіп кеткенін Зейнолла да байқамай қалыпты. Бір күні ғылыми жетекшісі:

– Зейнолла, жүргізген тәжірибеңе бір кортынды жасайтын кез келді. Ойынды жинақтап, мақала дайында, – деді.

Бәрі де ой мен көңілде сайрап тұрған жоқ па?! Бір жұманың ішінде қағазға түсіріп, ғылыми жетекшісінің алдына қойды. Ұстазы біраз ескертпелер жасап, жаңа ойлар айтты. Ойды ой жетектейді. «Енді болды, журналға ұсын!» дегенге дейін сан түзеді, сан жазды. Не керек, ақырында Одақ көлеміне белгілі, анау-мынау мақаланы шығара қоймайтын, талғамы биік, талабы күшті, таралымы көп, шет елдерге де тарайтын «Молекулалық спектроскопия» журналына алғашқы мақаласын ұсынды. Көп ұзамай мақала журналға жарияланды. Сол сәттегі оның қуанышын сөзбен айтып жеткізу, әрине, әурешілік. Ол мақаласын екі қайтара оқып, журналды бес-алты рет парактап шықты.

Ата, анасы ойына түсті. «Шіркін, олар тірі болғанда ғой, менің тұңғыш мақаламды көріп қуаныштары қойнына сыймай, ауылға ұлан асыр той жасар еді-ау! Бар бақытын даладан емес, баладан іздеген қазақ үшін, баласының тәй-тәй басқан қадамынан бастап, былдыр-былдыр сөйлегені, ат жалын тартып мінгені.., не керек, ұрпағының өсу жолындағы әр қадамы ұлы қуаныш болған. Менің ата-бабам ол қуаныштарының бәріне мән беріп, атап өтіп, тойлап отырған. Бұл – ата салт, бабалар дәстүрі!

Түсінбегендер дарақылық дейді, десе дей берсін, ал мен бұл нағыз даналық деймін! Өйткені жас қыранды баулыған құсбегінің қасиеті бар, үлкен өмірге үкілеп қосу бар, жігер берер, намыс құяр ұлы күш бар, бұл тойда!»

Ертеніне Зейнолла журналды алып ғылыми жетекшісі Сущинскийге келді. Ол Зейнолланы көрісімен, бірден:

– Зейнолла, мақалаңды көрдің бе, құттықтаймын, құттықтаймын! Тіптен маған бір-екі ғалым телефон да шалып үлгерді. Біздің зерттеп жатқан проблемамыздың күрделі, маңызды екенін, мақалада баяндалатын еңбектің тек Кеңес Одағында ғана емес, дүниежүзі бойынша жаңалық, өзгеше зерттеу екенін айтып жатыр, – деді.

Жетекшісіне рахметін айтайын деп келген Зейнолла мынадай марапаттан соң не дерін білмей, тосылып қалды.

– Түсініп тұрмын, сен мені құтықтағалы тұрсың-ау. Жок, бұл сенің еңбегің, – деп, жетекшісі шәкіртінің мерейін өсіре сөйледі, өз еңбегін кейінге шегеріп. Бұл марапат жас ғалым Зейнолланы Алатаудың биік шыңына бір-ақ шығарып, шабытына шабыт қосқан-ды.

*“Ата-бабасы баяғыда қолпенді болған бір қазақтың баласы не білер дейсің демей, бар білім-тәжірибеңізді аямай жатқан Сізге мың алғыс! Ұстаз шәкіртсіз-ақ ғылыми жұмысысын жүргізе беруі мүмкін, ал, шәкірт ұстазсыз түк істей алмасы анық. Сондықтан Сізге рахмет...”* – деп, Зейнолла ұстазының алдында ақтарылайын деп тұрды да, жастыққа тән ұшақтықпен, үндемей қалды. Оның есесіне екеуі ғылыми зерттеулер төңірегінде ұзақ-ұзақ әңгімелесті...

Қайтуға ыңғайланған Зейнолланы шамалы кідіртті:

– Біздің институтта академик Тамм Игорь Евгеньевичтің ұйымдастыруымен Халықаралық ғылыми семинар өтпекші. Оған дүние жүзінен көптеген ғалымдар қатысады. Басты қонақ атақты физик Нильс Бор болмақ.

Сол семинарға қатысып, ғұлама ғалымдар сөзін тыңдау керек, – деді, «ол сенің бар өміріңе азық болады» дегенді білдіретіндей ырғақпен, байсалды үнмен.

Шәкірті ұстазына ақырын ғана бас изеп, хош көргенін білдірді де, «Сау болыңыз!» деп, кабинеттен шығып кетті. Шыға салысымен Зейнолла: «Ойпыр-ай, мен кімдерді көргелі тұрмын, мынау керемет болды-ау! Өңкей физиканың алыптары ғой олар!» – деп, ішкі тебіренісін сыртқа шығарғысы келіп, жан-жағына жалт-жалт қарады. Зейнолла алабұртқан көңілмен:

*«Таңды таңға, күнді күнге ұрып жыр мен дастанды жатқа жырлайтын, гасырлық тарихын жадында жазып, зердесі күмбірлеп тұрған халықты математика, физика, химия ғылымдарын меңгере алмайды, оған қабілеті жетпейді деу аса ағаттық. Бабаларымыз көшпенді болды, біздің бар тұрмыс-тіршілігіміз, бар мәдениетіміз соған бейімделді. Отырықшылық бар жерде оқу-тоқу, сауда-саттық болды. Оған біз «корші-қолаңнан» кештеу келдік. Кеткен есені енді жібермей, қарымын қайтару керек. Ол үшін ғылыммен айналысу керек, ғылыммен! Біз де дәстүрлі мектепті қалыптастыруымыз керек! Қаншама талантты балалар ауылда жатқан жоқ па?! Сондықтан... дәстүрлі мектеп, мектеп керек...»* – деп, көмейге келіп кептелген толқын-толқын ойларын ақтарғысы келіп, әлдекімді іздеді...

Байкастаса, дәл жол ортасында тұрып қалыпты, айналасынан «ағысы қатты» Мәскеу халқы жөңкіп өтіп жатыр. Олар казаки ауылдан келген жас жігіттің алып-ұшқан көңілін, жанарындағы жалындаған ұшқынды көрер емес. Жайбарақат тіршілік ортасында өскендікі ме, кашанда әлде бір жаққа асығып, аптығып бара жататын қала халқына Зейнолла алғашқы кезде таң қала қарайтын. Енді өзі сол «ағыс» ортасына түсіп, жатақханадағы досы Сашаға айтуға асықты...

Есімдері әлемге әйгілі Тамм мен Бор аталғанда Саша да елең ете қалды:

– Бұл үлкен оқиға ғой, ол кенеске мен де барамын... Борды көрудің өзі бақыт қой, сөз сөйлейтін шығар? Сөзсіз баруымыз керек... Зейнолла, мұндай оқиға сені мен менің өмірімде бір-ақ рет болуы мүмкін...

Досының пікіріне әсерленіп қалған Зейнолла Тамм мен Бор туралы білетінін ақтара бастады:

*– Игорь Евгеньевич Тамм Ресейдегі он тоғызыншы болып Нобель (1962жыл) сыйлығын алған ғалым. Оның ашқан жаңалығы кезінде дүние жүзін дүр сілкіндіріп, ақырында физикада «Тамм теңдеулері» деген теория қалыптасқан-ды. Мысалы, физикада атомдық және ядролық құбылыстарды түсіндіретін ғылымды квантты механика дейтін болса, ол сол квантты механиканы қатыстыра отырып, металл теориясын жасады. Сосын, ядролық қарым-қатынастың алғашқы теориясын ашты, ол физикаға «бета-күш» болып енді. Соғыстан кейін Тамм термоядеролық синтез проблемасымен алғашқы болып айналысты, осы саланың мектебін қалыптастырды, білесің бе Саша, мектебін қалыптастырды! Социалистік Еңбек Ері атанып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды.*

*Ал, аз ғана халқы бар Даниядан тоғыз Нобель сыйлығының лауреаты шықса, соның басында осы Нильс Давид Борыңыз тұрады. Баласы Оге Нильс Бор да осы сыйлықты алған ғалым. Қараңыз, саны аз халықтың сапасы мықты. Неге? Себебі біреу – дәстүрлі мектеп бар! Әлемге әйгілі тоғыз ғалымның бірінен кейін бірінің шығуы сол Бор қалыптастырған мектептің нәтижесі, соның жемісі.*

*Атомдардың өрісі мен қозғалыс реттерін зерттеу барысында ол Эйнштейн ойларымен келісе алмай, ақырында екеуі 25 жыл пікір сайысына түседі. Не керек, жеңісті*



*Бор алып, планетарлық атомның квантты теориясы үшін Нобель сыйлығы беріледі оған. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында пайда болған квантты механика ғылымының негізін салғандар Бор, Шредингер, Гейзенберг, Дирак, Фок, Паули. Әрі олар квантты механиканың дамуына да орасан зор үлес қосқан ғалымдар.*

*Ерекше бір оқиға – жас ғалым Фокты 1937 жылы 18 ақпанда «халық жауы» деген жала жауып, тұтқынға алады. Дарынды ғалымнан айрылып қалудың қауіпі туғанын сезген Капица тез арада Сталинге былай деп хат жазады: «Фокты осылай қорлау біздің елдің және шет елдердің ғалымдарының арасында үлкен наразылық тудыруы мүмкін. Бұл жағдайды Эйнштейнді Германиядан қуумен салыстыруға болады». Теңеуді қарашы! Бір гажабы, осы хаттан кейін Сталин жас ғалым Фокты қамаудан босаттырады. Сол Фок кейіннен физикаға небір таңғажайып жаңалықтар әкеліп, Кеңестік ғылымның атын әлемге әйгілейді. Қарашы, араша түсер адам табылмай қаншама дарындылар атылып, асылып кетті емес пе?! Өкінішті-ақ!..»*

Ақыры, Зейнолла мен Александр асыға күткен Халықаралық ғылыми кеңес те келіп жетті... Сахна төріндегі президиумда отырғандар – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері А.Сахаров, үш рет Мемлекеттік сыйлық алған, Социалистік Еңбек Ері Лев Давыдович Ландау, үш рет Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сергей Иванович Вавилов, екі рет Мемлекеттік сыйлық алған Вадим Леонидович Левшиндер айбарлы көрінеді. Айтты айтпады, олар шын мәнінде адамзат ақыл-ойының аламан бәйгесіне дара ақылдарын қосқан хас Арғымақтар еді. Залда олардан көз алмай отырған жас Зейнолла сол аламан бәйгеге өз тұлпарын – «арман» атты тұлпарын атойлата қосып, жарысып бара жатқан-ды...

Негізгі баяндаманы Тамм жасады. Одан кейінгі сөз

атақты дат ғалымы, ғылыми мәжілістің бас қонағы Нильс Хендрик Давид Борға берілді. Ұлты дат, ата-бабаларына ұқсаған алып денелі Бордың қасына орта бойлы Тамм тыпылдап келіп тұра қалғанда залдағы көпшілік дүркірей күлді. Оған қысылып, қымтырылып жатқан олар жок, бірі биіктен, бірі төменнен бір-біріне қарап, ағылшын тілінде қалжың айтып, бас изесіп, өздерінше мәз. Ақыл-ойдың пара-парлығы сыртқы пішіннің артық-кемін жуып жібереді екен-ау, деді іштей Зейнолла. Физика ғылымының екі алыбы. Екеуі де еркін, кәдімгі қарапайым адами сыйпатта.

Бор ағылшын тілінде әлемдік физика ғылымының алдында тұрған күрделі проблемалар жөнінде өз ойын ортаға салып, оны ұзақ-ұзақ әңгімелейді. Ағылшын тілін ана тіліндей білетін Тамм орысшаға тікелей аударып тұр. «Қандай керемет! Өзге тілді білу де бақыт екен-ау!». Бор сөзін бітірген тұста залда отырғандар қол соғып, құрметтерін ұзақ көрсетті. Арт жақта түрегеп тұрған жастар ризалық сезімдерін әдемі әзілмен көмкеріп: «Молодцы, Пат и Паташёнок!» деп, дауыстап қойды.

Осының бәрін өз көзімен көріп отырған Зейнолла өзін шын бақытты санады. «XX ғасырдың адам сенгісіз техникалық прогресін жасап, дүниені өзгертіп жатқан осылар, анау төрде отырған марғаскалар!» Ол асқак арман туу үшін де жақсыларды, ұлыларды көру керектігін, және, есту мен көрудің айырмашылығы жер мен көктей екенін түсінді. Бұрын аттарын кітаптан ғана білетін ғұлама ғалымдарды көзімен көріп, лебіздерін тындаудың теңдесі жок тәлім-тәрбие екенін ұқты.

Абай: «Естінің сөзін есті ғана ұға алады» дейді. Зейнолланың да естілігі болар, ғылыми кеңестің бірде-бір жиынын жібермей қатысып, бірер күннің ішінде көп нәрсеге қанықты, физика ғылымының алдында тұрған күрделі проблемаларды сол ғұлама ғалымдар аузынан естіді,

өзіне сабақ алды, білім жинақтады. Осы кеңес Зейнолла өмірінің «Темірқазығына» айналды десе де болады. Бұрынғыдай күнделікті өмір ағысымен жүре бермей, алдағы күндер мен жылдарға жоспар құрды. Басты мақсат етіп аспирантураны бітірісімен кандидаттығын қорғауды қойды.

Бір жылдан кейін ФиАН-да тағы бір үлкен оқиға болды. Аталмыш институттың директоры академик Н.Г.Басов пен академик А.М.Прохоровқа физика ғылымында ашқан жаңалықтары үшін Нобель сыйлығы берілді.

Есіктің алды толған машина, одан түсіп жатқандар қолында бір-бір шокгүл. Бәрі де екі академикті құттықтауға келіп жатқандар. Әдетте Прохоров пен Басовтың лабораторияларына кірмек түгілі, есігінен сығалай да алмайсың. Ал, бүгін аса жасырын, жабық жағдайда қаншама жылдар іс-тәжірибе жүргізген зертхананың есігі баршаға шалқасынан ашылып, іші гүлге толыпты. Ғалымдар мен қызметкерлер жүзінде қуаныш, күлкі, әзіл-қалжың. Бір кереметі сол – бұл зертханада зерттеу жұмысын жүргізетін жәй қызметкерлердің өзі ғылым докторы мен ғылым кандидаты. Оны Зейнолла келген кезде есітіп, таң қалғаны бар-тын.

Міне, адам түгілі тірі тышқан кіре алмаған сондай «аса жабық зертхананың» есігі енді шалқасынан ашылып, тапқан жаңалық барша әлемге паш етілді. Шынында да ашылған жаңалық аңыз сияқты, кәдімгі темірді сәулемен кеседі, адам денесіндегі жараны сол сәулемен жазады... тағысын тағылар. Керемет емес пе?! Оған қарапайым адамдар түгілі ғалымдардың өзі де әуелгіде сенгісі келмеген. Бірақ Басов пен Прохоров сендірді. Ақырында көп кешікпей-ақ сол сәуле тіршілігіміздің қажетін өтейтін әрі құнды, әрі қатардағы қарапайым құралға айналып кетті. Оның аты – «лазер-мазер» деп аталады.

Көп ұзамай қос академик сыйлықтарын алу үшін

Шведцияға аттанды. ФиАН ғалымдары, барша ұжым институттың акт залына жиналып, төрге көгілдір телевизорды қойып, мәртебелі марапаттау, яғни, жерлестерінің сыйлық алар сәтін тосты. Тағатсыздана күткен сәтте туды. Бір кезде Кеңес Одағының академиктері: А.М. Прохоров, Н.Г.Басов және американдық ғалым Ч.Таунстың аты аталған тұста залда отырғандар орындарынан дүркірей тұрып, ұзақ қол соғып, қошемет көрсетті. Әрбірінің жүзінен Кеңестік ғылым жетістігіне, оны жасап жатқан ғалымдарға, өз әріптестеріне деген мақтаныш сезімі айқын аңғарылап-ақ тұрды.

Ия, сезімге еш уақытта тапсырыс бере алмайсың, ол жанартаудай табан астынан өзі бұлқына, буырқана осылай аспанға атылады. Адам сезімі – жанның жанарғауы екен-ау дейді оларға қарап, қосыла қуанып тұрған Зейнолла. Оның да ішкі әлемінде бұрын-соңды болмаған алапат төңкеріс, сезім төңкерісі болып жатқан-ды.

ФиАН-дағы осындай тарихи оқиғаны қору, ғылым есігін әлтең-тәлтең енді ашып, ғылыми ортаға жаңадан қосылып жатқан Зейнолла үшін теңдесі жоқ тәлім мен тәрбие, нағыз өмір мектебі, ғылым мектебі болды. Оған бұл оқиғалар ерекше бір шабыт әкелді. Жай күндері зертханадан, сенбі, жексенбі күндері Ленин атындағы кітапхананың оқу залынан шықпайтын дәрежеге жетті. Осылай күннен күнге, айдан айға ұласып зымыран уақыт өте берді. Бұл кезде жас ғалым Зейнолла молекулярлы спектроскопияның небір құпияларынан сыр тартып, зерттеуші-ғалым ретінде ысылып қалып еді.

Аспирантураның аяқталар кезі де келді. Үш жылдың ішінде ғылыми жетекшісі М.М.Сущинскиймен бірлесе отырып «Оптика және спектороскопия» журналына жеті ғылыми мақала шығарды. Ал, 1963 жылы Минск қаласында спектроскопия саласы бойынша өтетін Бүкілодақтық кеңесіне “Колебательные спектры второго порядка и ан-

гармоничность колебании молекул” тақырыбы бойынша, ұстазымен бірлесе отырып баяндама жазды. Тағы да сол жылы ғалымдардың Будапештте өтетін VII Конгресіне баяндама дайындады. Осындай еңбектерінің арқасында, кейбіреулердей үздік-создық жүріп алмай, өзімен бірге түскен төрт аспиранттың алғашқысы болып, 1963 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол күннің, сол сәттің толғаныс-тебіренісі ерекше болды, әрине.

...Кандидаттық қорғау комиссиясының он үш мүшесі қаздай тізіліп, қаздып отыр. Олар Зейнолланың алдын ала тақтаға іліп қойған, плакаттарға жазылған формулаларына қарап қояды. Біркезде орта тұста отырған, орта бойлы, шикіл сары профессор, ғылыми кеңестің төрағасы бүгінгі бас қосудың мақсатын айтып, кандидаттық диссертацияның: «Молекулалардың тербелмелі спектрлерінің екінші қатарлы тізбелерін зерттеу» тақырыбын жариялады да, Зейнолланы тақтаға шақырды. Орнынан аспай-саспай көтерілген ол өзі жазған плакаттарының алдына келіп тұрды да, аздан соң сөйлеп кетті. Бір сәтте-ақ әлгі жансыз формулаларға жан бітіп, мән мен мағынаға айналды. «...Қарай гөр, өзінде үлкендерге ылайық ыждағаттылық, байсалдылық бар, асып-саспайды. Айтып тұрғандарының бәрі дәлелді, маңызды. Дұрыс, дұрыс...түр-тұрпаты европалықтарға келмейді, бойы сидаң, түрі келбетті... қай республиканың өрені екен өзі...» деп, шетте отырған кексе профессор ойын арлы-берлі жүгіртіп қойды.

Баяндау кырық минутқа созылды. Кезек сұрақ-жауапқа келді. Комиссия мүшелерінің бәрі физика ғылымының жілік майын шакқан маркасқалар. Сұрақты кезекпен қойып, ыждағатпен тыңдайды. Одан әрі талқылау басталды. Әлгі кексе профессор тағы да іштей: «қарай гөр өзін, ығар емес, молодец!» деді. Осы тектес ойлар басқаларда да туып, Зейноллаға сүйсіне қарайды. Кексе профессор Зейнолланың ғылыми жетекшісі Суцинскийге барлай

қарады. Ол сабырлы, тіптен шәкіртінің жауаптарына риза көңілде отыр.

Не керек, диссертация қорғаудың соңында Зейнолланың ғылыми еңбегі жоғары бағаланып, бір ауыздан кандидаттық лауазымды беруге ылайықты деп тапты. Осы кезде залда отырған әріптестері, бағамдауға келген студенттер дуылдатып қол соғып жіберді. Олардың арасында ағасы Еренғайып та отырған. Ол шын қуанышын жасыра алмай: «Жарайсың, Молдахметтің тентегі!» деп, бауырын құшақтай алды...

\* \* \*

Мәскеуге арман қуып келген жас Зейнолла мықты мектептен өтіп, атақты М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтында диссертация қорғап, көп ұзамай «физика-математика ғылымдарының кандидаты» дәрежесін иемденіп, Алматыға абыроймен оралды.

Алматының алдында туған ауылына соғып, туған туысқандарымен қауышып, білім алған, алғаш еңбек жолын бастаған Чистов мектебіне барып ұстаздарына сәлем берді. Әсіресе, мектеп директоры Наум Наумовичтің қуанышы ерекше, «жарайсың, жарайсың!» – деп, баяғыдағыдай Зейнолланың арқасынан қағып қояды. Содан екеуі Мәскеу, ондағы ғалымдар мен ғылыми орта туралы біраз әңгіме-дүкен құрды.

Туған табиғатты да сағынып қалыпты. Ауыл-аймақты біраз аралады. Жаңбыр жиі жауып, жер көк-майса шалғынға малынып тұр. Алаңқайлар ортасында ақ қайындар топ-топ болып тербеледі. Оларды бейне бір сыры мен сыбыры бітпейтін бойжеткен мен бозбала ма дерсін. Табиғат сұлулығына көз тойдыра алмаған Зейнолла көңілінің көк дөнені шар тарапқа шапқылап-ақ кеткен. Ауылда болмағанына көп болыпты, мауқы басылар емес, әлі де біраз күн аялдауды жөн көрді...

Жас маманды С.М.Киров атындағы (кәзіргі эл-Фара-



«ҒАЛЫМ — ҮНЕМІ ЖОҚ ІЗДЕУШІ АДАМ»

Абай

би) Қазақ мемлекеттік университет басшылығы физикалық химия кафедрасына оқытушы етіп қабылдады. Мәскеуден, үлкен ғылыми ортадан алып келген мол білімін ол жастарға, студенттерге беруге құлшына кірісті. Студенттер алдында физиканың небір сыйқырлы сырын ашатын семинар өткізді, лекциялар оқыды, университеттің саналуан қоғамдық жұмыстарына қатысты. Сөйтіп жүргенде, 1965 жылдың көктемінде Целиноград (кәзіргі Астана қаласы) Педагогика институтына проректорлық қызметке ұсыныс түсті. Біраз ойланып барып келісім берді. Бірден келіспеуінің де сыры бар. Көпке созбай, талап, тәжірибе, ой бәсеңдеп қалмай тұрғанда ғылымға біраз бойласам деген мақсат, жауаптың бірден айтылмауына тежегіш болған-ды.

Ұстаздық пен проректорлық жұмыстың ортасында жүргенде бірер жыл да өте шығыпты. Зейноллаға: «ғылыммен айналысуым керек... Мәскеуде көрген ғұлама ғалымдары... талай жылдардан жалғасқан ғылыми мектеп... бізге де сондай мектеп керек...!» деген, қадау-қадау ойлар ойына орала беріп, көңліне мазасыздық туғызып кететін. Аспирантурада туған армандары, идеялары алыстан «мен мұндалап», шақырып тұрғандай сезілетін. Мұндай сәт-бұғалық салған асаудай, көкірегін дүбірге толтырып, әлдебір жаққа аландата беретін...

Ақыры Зейнолла ғылыми жұмысқа құштарлығы қайтпай тұрғанда қолға алуды өзіне өзі ант етті. Әйтпесе, адам көңілі дегеніңіз де алақұйын бір нәрсе емес пе?! Тұрмыс-жағдайдың көңіл-күйін күйттеп жүрсе, жүре беретін түрі бар. Бәрін ауыздықтап, ғылымға бет бұрды...

Бірде, нақтылай айтқанда 1965 жылдың күзінде Целиноград Педагогика институтында ғылыми конференция өтті. Оған республиканың барлық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарынан ғалым-оқытушылар жиналды. Сол жиында, алқалы топ алдында аталмыш институттың проректоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, жасы отыздар шамасындағы Зейнолла Молдахметов жоғары оқу орындары алдында тұрған күрделі мәселелер мен оны шешу жолдары жөніндегі өз пайым-пікірін ортаға салды. Ойы жинақы, пайымы парықты жас Зейнолла осы жолы ғалымдар назарын өзіне нақ аударып еді. Олар бір-бірінен: «Бұл кім? Қайдан оқып келген?» деп сұрастырып жатқанда, президумда отырып, бәрін байқап, ойша саралап отырған Қарағанды Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының директоры, техника ғылымының кандидаты, доцент Ебіней Арыстанұлы Бөкетов: «нағыз ғылымның адамы, бізге қарай тарту керек!» деп, өзіне-өзі байлам жасап қойған-ды.

Қазақтың біртуар азаматы, академик Қаныш Сәтбаевтың арнайы жолдамасымен Қарағандыға келіп, Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының жұмысын енді-енді жандандырып жатқан Бөкетов тағы да іштей «нағыз маған керек адам!» деді. Жиын бітісімен Бөкетов жас Зейнолланың қасына өзі келіп сәлем берді де:

– Жоғары оқу орнында жұмыс істеу жақсы ғой, көппен араласасың. Бірақ, ғылымнан қарайып қаласың. Сен одан да бізге келсейші, батыр, – деді, ақырын жымыып. Жасы үлкен, беделі биік ағаға әуелі өзі барып амандасуы керек

емес пе еді?! Бұл кемшілігіне ыңғайсызданып тұрғанда, енді келіп өзін қызметке шақырғанда шынымен-ақ не дерін білмей қысылды. Бұны түсіне қойған Бөкетов «аттың жалы, түйенің комында не айтсын» дегендейін Зейнолла жауабын күтпей: – Қарағандыға кел, ақылдасайық.., – деді.

«Сөз өнері дертпен тең» демей ме Абай. Ғылымның да дерті одан кем соқпайтынын Зейнолла баяғыда, Мәскеуде аспирантурада жүргенде-ақ ұққан. Кейінгі кезде бұл «дертке» мүлдем шалдыққан, ғылымды көп ойлайды. Мәскеу... Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институты... ФиАН зертханасы, физиканың таңғажайып сырларын ашу үшін күнді күнге, танды таңға ұрып, құныға зерттеу жүргізетін ғалымдар ортасы... бірде бала, бірде дана мінезді ғылымдағы алғашқы ұстазы Михаил Михайлович Сущинский, оның жиі айтатын: «Ғылым өзін жақсы көргенді ғана жақсы көреді, сонда ғана ол өз құпиясын сізге ашады...» деген сөзі Зейнолла есіне жиі түсетін. Сол ойдың үстінен Бөкетов те дәл түсіп тұр. «Тегін адам емес, бәрін де сезіп тұр!». Целиноградта физикаға байланысты іргелі зерттеу жүргізетін зертхана да, ғылыми институт та жоқ. Оның үстіне проректордың да бітпейтін шаруасы шаш етектен. Ғылыммен айналысуға мүлдем мүмкіндік жоқ. Мәскеуден, ордалы ортадан алған білімін студенттерге беру де ізгі іс екенін түсінеді, әрине. Дегенмен, ғылымның жолы да, жөні де бөлек Зейнолла үшін...

Әрі ұстаздық жұмысты қимай, бастаған көп шаруаны жарты жолда тастап кетуді өзіне орынсыз көріп, Зейнолла бір байламға келе алмай әрі-сәрі ой жетегінде жүргенде, бір күні орталық газеттердің бірінен Қарағанды Химия-металлургия институтының жас ғалымдарды қызметке шақырған байқау хабарламасын оқыды. Көп ойланбады. Бөкетовтің «ғылымнан қарайып қаласың» деген сөзі де қамшылап тұр. Қарағандыға жол тартты. Бағы жанып,

конкурстан өтсе, біржола ғылыми-зерттеу институтында калуды шешті.

Қарағандыға келсе конкурста документтерін өткізіп қойған өзі секілді талапты жастар көп екен. Қашан да өз күшіне, өз біліміне сеніп үйренген Зейнолланы «көп» деген сөз қорқытпады. Өз сенімі өзін алдамады. Мектеп, институт, Мәскеу аспирантурасынан алған білімі «көптің» ішінен топты жарып, байқаудан өтіп, ғылыми институтқа қабылданды.

Қарағанды Химия-металлургия институты ерекше тарихы бар ғылыми мекеме. Ол – Орталық Қазақстан жерінен еңбекқор, ізденімпаз ғылыми ортаны, небір ғылыми мектепті, дарынды ғалымдарды өсіріп шығарған ордалы ұя. Оның негізі сонау өткен ғасырдың ортасы, яғни, 1958 жылы қаланған. Алғаш ол Қазақстан Ғылым Академиясының құрамында ашылған-ды. Өнеркәсібі дамыған өңірге мұндай ғылыми-зерттеу институттың қажеттілігі Ұлы Отан соғысы жылдарында-ақ туған болатын. Соғысқа аса қажетті вольфрам мен молибденді тез арада табу керек деген Сталиннің қолы қойылған Қорғаныс Комитетінің қаһарлы қаулысы шығысымен Одақтың жер-жерінен кен іздеушілер Қазақстанға ағылды. КСРО Ғылым Академиясының президенті, академик В. Комаров бастаған бір топ ғалымдар мен Қаныш Сәтбаев бастаған қазақстандық ғалымдар Көкшетау мен Қарағандыда айлап жатып, іздеу мен зерттеу жүргізіп, Сталин тапсырмасын өте қысқа мерзімде, мүлтіксіз орындады. Ғалымдардың мұндай жанпидалық еңбегі Қорғаныс комитетінің алғыс хатымен марапатталғанын біз тарихтан білеміз.

Міне, сол кезде, соғыс жылдарында өндірісі күрт дамыған Орталық Қазақстан өңіріне бір ғылыми-зерттеу институтының қажеттігін өмірдің өзі көлденең тартты. Оның сәті тек 1958 жылы түсіп, ақырында академик Қаныш Сәтбаев бастамасымен, ұйымдастыруымен ашылды.

Президент Қаныш Сәтбаев назары ХМИ-ды басқартуда Саратов университетін 1933 жылы бітірген, содан бергі ғұмырын ғылыммен айналысуға арнаған ғалым-химик Ерден Нығметұлы Әзірбаевқа түсті. Нағыз ғалым Әзірбаевтың ғылым жолында кешкен бейнеті аз емес еді. 1937 жылдың нәубатында Ерден Әзірбаев ОГПУ-дың қанды құрығына ілігіп, нарком Ежов ұйымдастырған темір тор ішіндегі ғылыми лагерьлердің бірінде улы заттар жасайтын химлабораторияда бірнеше жыл құпия зерттеумен шұғылданып, содан бертінде ғана бостандыққа шығады. Өмірбаянындағы осындай көленкелі тұстарына карамай президенттің өзіне жаңа институттың жұмысын сеніп тапсырғанына қуанып, ұйымдастыру жұмысына құлшына кірісті. Отыз жылдай ғұмырын химия ілімінің органика саласына сарп еткен білімпаз алдында енді қоспасы көп көмірді байытып, кен барлау және қазу, шойын мен болат қорыту, солардан түрлі қоспалар алу технологиясын жетілдіру міндеті тұрды.

Алайда, екі жылдан кейін рахатынан көрі азабы көп директорлықтан өз өтінішімен кетіп, ХМИ-дың органикалық химия зертханасына меңгеруші болып, таза ғылыми жұмысқа біржола ауысты. Соның нәтижесінде екі жылдан кейін докторлық диссертация қорғап, 1962 жылы ол ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі боп сайланады. Ал, 1969 жылы Қазақ КСР-ының Еңбек сіңірген ғылым қайраткері атанды.

1960 жылдан бастап ХМИ-ды басқару бар-жоғы отыз бес жастағы Ебіней Арыстанұлы Бөкетов еншісіне тиді. Бұл кезде Ебіней Бөкетов есімі зиялы ортаға ғалымдығымен қоса, әдебиет сыншысы, аудармашы ретінде танылып, көп ғалымнан мойны озып, абырой-беделі асып тұрған. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев таңдауды Бөкетовке тастап, ХМИ-ды басқаруды жәйден-жәй ұсынбаған еді.

Жаңа дирсктордың басшылығымен институт ғалымдары феррокорытпа зерттеу тақырыбын кеңейтіп, кара

металлургияның Қазақстандық өндірістерінде жылдар бойы қозғаусыз жатқан қордалы проблемаларды біртіндеп шеше бастады. Қарағанды бассейніндегі бұрын пайдаланылмай жатқан қоқысты қазып, одан кокс алып, жаңа феррокорытпа түрлерін шығару мен фосфор өндіру технологиясына зерттеу жүргізді. Жезқазғанның мыс сульфиді аталатын кенінде селен мен теллурдың барлығы баяғыдан мәлім. Енді осыны Бөкетов басшылығымен Балқаш мыс зауытынан шыққан электролит шламында жинақталған халькоген элементтерін өндіруді қолға алды.

ХМИ ғалымдары Жезқазған мен Балқаш кен-металлургия комбинаты ауласында үйіліп жатқан қалдық құрамында алынбай қалған кейбір металдарды қосымша байытып, қайыра өңдеу технологиясын түбегейлі зерттеді. Нәтижесінде қымбат металдар ажыратылып, миллиондаған сомның пайдасын келтіріп, ел қазынасын молайтты.

Теміртау зауыты Қаражал-Атасудың темірге бай құнарлы кенін таяу он жылда тауысып, Қостанай облысындағы Лисаков кеншінің құрамы күрделі, әрі теміргі аз кенін пайдалануға тура келеді. Сол кенді қорытқан кезде қоқыстың бұрынғыдан анағұрлым көп шығып, шойынның көлемі біршама азаятыны металлурғтарға белгілі. Енді оның тиімді жолын ғалымдардың араласуынсыз табу мүмкін емес. Бұл орайда ХМИ ғалымдары іргелі зерттеулер жүргізді. Лисаков кенін байытуды түбірімен өзгертіп, темірдің құнарын арттыру мәселесін шешті. Кен құрамындағы алюминий, фосфор, ванадийді бірден-ақ даралап, оларды өзге өндіріс шикізаты ретінде пайдалану мәселесін ойластыра бастады.

Осылай-осылай ХМИ аз ғана жылда ғылыми қызметкерлері бірнеше жүз адамға жетіп, сан-салалы зерттеу жұмысын жүргізе алатын күрделі ұжымға айналды. Оның ғалымдары ашқан жаңалықтар Қазақстан ғана емес, күллі Одақтың түсті металлургия өндірістеріне еніп, миллион-



даған сом кіріс бере бастады. ХМИ-дың ғылыми кеңесіне кандидаттық диссертацияларды қорғауға заңды түрде рұқсат берілді.

Жылдар озған сайын ХМИ-дың сала-сала бойынша ашқан жаңалықтары көбейіп, беделі арта берді. Абай: «Ғылым – алланың бір сипаты» депті. Кім білсін, болса болар-ау. Пендесі түсініп болмайтын дүние әлемнің сыры мен сиқырын ашып, ғарыштан да әрі асып бара жатқан ғылым мен ғалымдар әрекетінде, ашқан жаңалықтарында, бір ғана компьютер қызметінің өзінде, шынында да алланың құдіретіндей құдіреттің бар екені рас қой. Ұлы Абай ғылымның сол құдіретін түсініп, түйсініп, болашағын болжағандықтан да айтқан болар.

Сондай киелі ордаға, ХМИ-ға Зейнолла Молдахметов 1965 жылы конкурсқа түсіп, байқаудан өтіп, аға ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданды. Адам таң қаларлық ғылыми жаңалықтар ашып, өздерін де, өз елін де әлемге әйгілесек дейтін ұшқыр ойлы, биік мұратты, жастық жалынды, армандары асқак ғалымдар көп екен мұнда да. Олар: Малышев, Исабаев, Угорец, Әбішев... Бәрінің де құштарлықтары күшті, жанып тұрған жастар.

Қайсыбір ұжымға жаңадан біреу келсе: “кім екен, қайдан, қалай?” деген сұрақтар төңірегінде біраз әңгіме өрбитіні адами нәрсе ғой. Ол ХМИ-ға келген кезде ұжым арасында: «Мәскеудегі әйгілі Нәзік химия-технология институтында аспирантурада оқып, сонда кандидаттық диссертация қорғапты» десе, екінші біреу: «О, онда ол физиканың құдайлары Сахаров, Ландау, Вавилов, Левшинді... көрген болып тұр-ау,ә!» деп тамсанған. Ал, үшіншісі: «қалай дегенде де көргені бар екен, енді бітірерін көрелік...» деп, аздаған қызғанышын жасыра алмады.

Рас, айтса айтқандай Зейнолланың Мәскеуден алған білімі, көрген ғылыми ортасы кім-кімге де үлгі боларлық, қызығарлық,әрі мақтанарлықтай еді. Ол кезде ғылыми мектебі әлі қалыптаспаған қарабайыр, ортасы қарапайым

дала қазағының Мәскеуде оқып, атағы әлемге аян ФиАН-да кандидаттық диссертация қорғап келгені жоқтың қасы болатын. Сондықтан Зейноллаға өзгелердің қызыға да, қызғана да қарауы заңды еді.

Тамыры өткен ғасырларда жатқан, физика ғылымының қалыптасқан өмірлік мектебі бар ФиАН институтын, ондағы зертханалар тіршілігін, зерттеулер көлемін, әрине, енді ғана бой көтеріп келе жатқан жас ХМИ-мен салыстыру оғаштау, қисынсыз екенін Зейнолла жақсы түсінеді. Алайда, оның бір байқағаны жас ұжымда айрықша творчестволық құлшыныс, аса бір ұйымшылдық бар. Күн демей, түн демей қатарынан бірнеше зертханалар, сала-сала бойынша ғылыми іс-сынақтар жүргізіп жатқаны. Келісімен ол жақсы істің куәгері болды. ХМИ директоры, ғалым Ебіней Бөкетов басшылығымен Жезқазған, Балқаш зауыттарынан шыққан шламнан селен мен теллур сияқты қымбат металдарды айырып, әлем ғылымына өз «Америкасын» қосып, беделдері биіктеп тұр екен. Өзінің осындай ғылыми ортаға түскеніне қуанды. Содан, ол осы институтта, осы ортада әуелі аға ғылыми қызметкер, содан соң өзі негізін қалаған, жаңадан ашылған спектроскопия зертханасының меңгерушісі болды.

Алғашқы тәжірибесін Молдахметов этилен тотығы және оның туындылар құрылымын зерттеуге арнады. Зерттеу нәтижесі бойынша әріптестерімен бірлесе отырып үлкен, ғылым үшін маңызы зор монография жазды. Бұл Зейнолла Молдахметовтің химия ғылымының докторы дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертациялық еңбегінің негізі еді. Жас ғалым аз жылда көп тәжірибелер жүргізді, жаңалықтар ашты. Бұл хақында академик Ебіней Бөкетов, жазушы Медеу Сәрсекке және әріптесі Виталий Малышев жақсы баяндайды. Баяндаулары арқылы олар жас ғалым Молдахметовтің бет-бейнесін, болмысын ашады. Ұстаз бен әріптестен асып пікір айта алмайтын болған соң сөзді соларға бергенді жөн көрдік.

**Ебіней Арыстанұлы БӨКЕТОВ,**  
академик:

Бірде мамандығы физик, сол саладан ғылым кандидаты атанған Нұрахметовті (Зейнолла Молдахметовті. “Алты хат” атты ғұмырнамалық хикаятында Бөкетов осылай атаған) шақырып, химиялық бір қосылыстың молекулалық бір табиғатын математикалық жолмен тексеріп беруді тапсырдым. Нұрахметов сол іспен тыңғылықты айналысып, ақырында қосылыстың атомдық құрамындағы бөлшектердің өзара қатынасын энергетикалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіншілік туғызатын аса бір қымбат аспапты сатып алуға мені иландырды. Тілегін орындадым.

Нұрахметов сол аспаптың бір қуысына біз шығарған қосылысты сұғып қойып, әлгі жараққа қондырылған қаламұш өрнектеген шым-шытырық иректерді шұқшия зерттеп, бәрін математикалық теңдеуге айналдырды. Әлгі теңдеулердің қалай өрнектелгенін жете түсінбесем де, шыққан нәтиже маған керемет ұнады. Өйткені, жаңа қосылыстың химиялық қана емес, физикалық та мән-жайын бізге барынша тәптіштеп түсіндіріп бергенді... Есеп пәніне аса жүйрік емес әріптестері біздің Нұрахметов ғылыми топшылауын, күллі мақалаларын қарабайыр жұрт оқымасын деп, қытайдың шым-шытырық иероглифтерімен кескіндейді... деп әжуалайтын еді...

Менімен танысуға келгенде физика-математика ғылымының кандидаты, қоңырқай жүзінен әсем жымыс ешқашан да кетпейтін, ұзын бойлы жігітті өзімнің шәкіртім деп есептеймін, себебі, менің ықпалыммен ол аз жылда химик болып шықты...

**Medey СӘРСЕКЕ,**  
жазушы:

Осы әуестенушіліктің ақыр аяғында немен аяқталғанына назар салыңыз: ХМИ директорының ақылымен Зейнолла Молдахметов әлгі теңдеулерді Мәскеуге апарып, сол жақтағы білгірлерге көрсетеді. Шынтуайтын айтқанда, химиялық заттың ішкі құрамына бұлайша үңілу, оның молекула мен атомнан да кіші бөлшектерінің бір-бірімен байланысын математикалық жолмен түсіндіру – ғылыми жаңа әдіс екен. Қарағандылық жас физик соны алдын-ала біліп, химия ілімінің кәдесіне асар, келешекте орасан зор жаңалықтар ашқызатын гажап кілт ұсыныпты. Мәскеудің үлкен ғалымдары жас қазақтың талабын құптағаны сонша, оған бірден-ақ ғылым докторы атағын беруге болатынын айтады. Шынында да солай болды. Молдахметов химия ғылымының докторы болғалы ол ұсынған жаңа әдіспен айналысатын жастар қатары кобейе бастады...

«Ебіней Бөкетов» атты ғұмырнамалық деректі хикаят кітабынан.

**Виталий МАЛЫШЕВ,**

техника ғылымының докторы, профессор

Зейнолла Молдахметұлы басқарған зертхана молекулярлық спектроскопия мен химиялық кинетикадағы спин-орбиталь әрекеттестігінің маңызын зерттеді. Бұл зертханада химиялық қосылыстың атомдық құрамындағы бөлшектердің өзара қатынасын энергиялық тұрғыдан зерттеуге мүмкіншілік туғызатын құрал-аспап болды. Өзі өте қымбат тұрады. Бұл аспаптың қортындысы химиктерге де, физиктерге де аса қажет. Ол әрбір қосылыстың химиялық қана емес, физикалық та мән-жайын, құрылысы мен құрылымын көрсетіп береді. Ғалымдар үшін оның маңызы зор.

Жақсы идея айтып, оған сендіре білсең қорқақтамайды, қайта жұмысты табанда бастап кетеді. Бұл билігі бар, қаражаттың рұқсаты қолында болатын бірінші басшы үшін ең керек мінез деп ойлаймын.

Оның жаңа ортаны тез түсіне қоятын ерекше қасиеті бар. Физика тілімен айтқанда бұл оның әуелден жаратушы сыйға берген, қалыптасқан “құрылымы” деуге болады. Құрылымы мұндай адамдар қай ғасырда да, қандай замандарда да жоғалмайды, өзінің бар екенін, орнын іс-әрекетімен білдіріп жүреді. Ғылымда небір адам таң қаларлық жаңалықтарды ашып, дүниедегі дамуды жасап отырған осындай сорты адамдар. Олардың “атомдары мен молекулалары” өте белсенді болып келеді. Ғылымда ол ұзаққа шабатын хас жүйрік, “Зейнолла Молдахметов!” деген есімді ешқашан жоғалтпайды.

– Асыра мақтап кеткен жоқсыз ба? Кемшілігі жоқ па?

Виталий Павлович тосын сұрағымызға аз-кем ойланып қалды да:

– Неге жоқ, бар! Кейде бетің бар, жүзің бар демей бетіңді қайтарып тастайтын, дүңк етпе мінезі бар. Бірақ бұл мінез ғылымда, оның үстіне бірінші басшыға қажет пе деп те қаламын. Мысалы, мен ай сайын зауыттарға барып тұрамын, ғылыми жұмысыма байланысты. Ондағы тәртіп тура әскердегі секілді. Мейлі әйел болсын, мейлі еркек болсын, ондағы талап, тәртіп бәріне бірдей. Себебі, ол жерде тәртіп бұзылса, зауыт тоқтайды, қирайды, ақырында адам өліміне соқтырады. Ғылымда да сондай тәртіп болуы керек. Әйтпесе, кездейсоқ адамдар көбейіп, саны бар, сапасы жоқ бір нәрсеге айналады. Өмір ағысымен жүре беретін, белсенділігі төмен, іздену қабілеті жоқ ғалымсымақтармен Зейнолла Молдахметұлы қашан да қатал.

– Тағы біреулер, тәкаппар, паң дейді?

– Ия, дейді, естіп қалам. Бірақ мен оны Зейнолланың

қорғану құралы деп білемін. Жағымпаз, пысықайлар Зейнолланың паңдығынан, тәкаппарлығынан сескенедей, жақындай алмайды. Сосын солар неше түрліні айтады, өсек таратады ғой... Өзінің жағымпаздарды тани қоятын «физикалық» па, табиғи ма, білмеймін, әйтеуір бір қасиеті бар.

Негізі Зейнолла Молдахметұлы біреуге бір нәрсеге уәде берді ме, оны ешқашан ұмытпайды, сіз ұмытып кетсеңіз де ол ұмытпайды. Және қолынан келетін, бітіре алатын шаруа болса бірден айтады, кейбіреулердей: «көрейік, ойланайық» деп, сүйреткіге салмайды.

\* \* \*

Ғалым дегеніңіз де өмір бойы жоқ іздеген жолаушы секілді. Бір қызығы ол «жоғынды» қандай бір дана болсаң да жалғыз іздеп, жалғыз таба алмайсың. Көп болып іздейсің, топ болып табасың. Идея айту, қозғаушы күш өзің болғанмен сенің асыл ойларыңды шындыққа айналдыратын іс-тәжірибе жасаудан жалықпайтын әріптестерің, яғни, ғалымдар мен зертхана қызметкерлері. Жасаған тәжірибені бакылау, салыстыру, болжау, ойлау арқылы күндердің күнінде жарқ етіп жаңалық ашылады. Жаңалық тапқан күн – ғалым үшін ең бақытты, ең мәнді күн. Ол күн – «Ғылым» деген ұлы дастанға «ғалым» деген есімнің өшпестей болып жазылатын күні! Алғаш рет сол дастанға физика ғылымының кандидаты, сосын химия ғылымдарының докторы Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов есімі жазылған сәтті ұмытқан емес, ұмыта да алмайды. Себебі, инемен құдық қазғандай еңбектің жемісін татқан, бейнеттің зейнетін көрген күн ол.

Қысқасы бұл, «ғылым» деген ғаламның бітпейтін сиқырлы әлемі!

Қандай білгір болсаң да ғылымда жалғыз шауып, мәреге жалғыз келе алмайсың дедік. Аламан бәйгеге бірге



түсіп, мәреге бірге келіп жүрген әріптестері, айталық, химия ғылымының білгірлері: А.В.Щелкунов, А.К.Шоқанов, Д.Н.Ордабаев, В.П.Усик, К.А.Аяпбергенов, Ф.И. Багаудинов, И.И. Май, Н.С.Куприянов. Олар ғалым Зейнолла Молдахметұлының «шоқ жұлдызындағы» ғалымдар. Олар күні-түні зертханада тәжірибе жүргізіп, ол сан рет сәтсіз болып, бір қайталағанды мың қайталап, санаң солып, ойың ортайып, «бәрі де құрысыншы!» деп, қажыған сәтте қайтадан бір-бірінің жігерін жанып, жаңа үмітпен сынақты жаңаша бастайтын нағыз әріптестер, нағыз ғалымдар болды. Ашқан жаңалықтары мақала болып журнал-газеттерде жарияланды, үлкен монографияға айналды. Сондай бір еңбек – химия ғылымының докторы Зейнолла Молдахметовтің редакциясымен шыққан, авторлары А.В.Щелкунов, Р.Л.Васильева, Л.А.Кричевский «Синтез и взаимные превращения монозамещенных ацетиленов» (Алма-Ата, 1975) атты кітап.

Зейнолла Молдахметов ХМИ-да істей жүріп, Қарағанды мемлекеттік Педагогика институты студенттеріне «Органикалық молекулалардың фотохимиясы» мен физикалық химияның негізгі тарауларынан дәріс оқыды. Талай жастың физика-математика ғылымына деген құштарлығын тудырды, білімін молайтты. Кейіннен олардың арасынан ғылымға бейім, талабы таудай жастар өсіп шықты.

Ақырында ол Қарағанды Педагогика институтынан физикалық химия кафедрасының ашылуына ұйтқы болды.

### **Сағынтай ИСАБАЕВ,**

*техника ғылымының докторы:*

– Зейнолла 1965 жылы желтоқсан айында бізге жұмысқа келді. Ал, бұдан бес жыл бұрын Ебіней Бөкетов ХМИ директоры болып өте бір ауыр кезде келген болатын. Арамыздан іріткі салатын адамдар шығып, ол

келімсектер Мәскеуге қайта-қайта жүзгіріп жүріп, институт қарамағындағы ірі зертханаларды жеке-жеке институт етіп бөлгізді. Сөйтсек, ішкі мақсаттары лауазым екен ғой. Ақыры, ол армандарына қол жеткізіп, академик В.Михайлов Одақтық Қара металлургия министрлігі Теміртау комбинаты жанынан ашқан филиалдың директоры болып тағайындалды. Артынша, кен қазу, геологиялық ізденіс және көмір химиясынан зерттеу жүргізіп отырған зертханалар жеке-жеке бөлініп кетті. Қайырлаған кемеде қалғандай болып біз қалдық. Өліспей беріспеймін деп Алматы мен Мәскеу, Қарағанды ортасында Ебекең жүр. Мен ол кезде институттың ғылыми хатшысымын, Ебекең жол жүргенде ішкі шаруаны ештеп өзіміз жүргізе береміз. Зерттеу жүргізетін ғалымдар да күрт азайды. Негізі Сәтбаевтің арманы Орталық Қазақстаннан жеті ғылыми-зерттеу институтын ашып, Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесін ашу болатын. Ғалымның ондай арманына өз ішімізден аяқтан шалғандар жібертпеді, ақыры олар өзін опат етіп тынды ғой.

Сол Сәтбаев сенімін ақтаймын деп Ебекең де әбден шаршады. Былай барса арба сынады, былай жүрсе өзін оледінің кері. Бірақ, намысы бар адам ғой, бір күн тыным таппайтын. Обалы не керек, бар абырой-беделін ХМИ-ды аяғынан тік тұрғызуға аямай салды. Зертханаға келіп бізді де қайрап, жігерімізді жанып кететінін қайтерсің...

Бірде Ебекең Целиноградқа, бір семинар-кеңес пе білмедім, әйтеуір бір үлкен жиынға барады. Сол жерде Зейнолланы кездестіреді ғой. Ебекең адам танығыш еді ғой, содан Зейнолланы ХМИ-ға қызметке шақырады. Негізі, Ебекеңнің жақсы әдеті бар болатын, жан-жағына қарап, құлағын түрік ұстап, жүрген жерінен талантты жастарды іздей жүретін. Ал, талапты бір жа-

сты көрді ме, оның қыр соңынан қалмайтын, ғылымға баулитын, ақыл-кеңесін аямайтын. Бәріміз де жас емес-піз бе, кейде “шалықтап” кетіп қалатынымыз болады. Сондайда ренжіп: «алтын уақыттарыңды мәнсіз нәрсеге жұмсайсыңдар, қарта ойнайсыңдар, қонаққа жиі барасыңдар...» деп, кейде бұрышқа тығып ұрысқанда, ес жиып, жұмысқа жұмыла кірісетінбіз.

Ал, Зейнолла ХМИ-ға, ғалымдар нағыз керек болып жатқан кезде, дөп келді. Өзі физика-математика ғылымының кандидаты, доцент, Целиноград Педагогика институтының проректоры болған, қысқасы, көргені бар, білімі де бар, нағыз бізге керек кадр. Ебекеңнің тапсырмасын тастай етіп орындайды. Онысы ұнады Ебекеңе. Әуелі аға ғылыми қызметкер болып қабылданды, бірақ, көп кешікпей зертхана меңгерушісі болды. Ғалымдарымыз азайып, мазамыз кетіп тұрғанда, Зейнолла келе салып квантты химиядан зерттеу жүргізіп жүрген өз шәкірттерін, әріптестерін шақырып, бізді бір көтеріп тастады.

Ебекең обкомға, облисполкомға жүгіріп жүріп Зейноллаға бір бөлмелі үй әперді, сосын отбасын көшіріп әкелді. Ол үйлері ХМИ-ға жақын жерде болды да, Зекеңнің үйіне барып, жұбайы Фатиманың тәтті шайын талай ішкенбіз. Өз басым Зейнолланың ғалымдығын боса да жоғары бағалаймын, ал, ұйымдастырушылық қабілеті кез келген адамда жоқ дарын деп есептеймін. Оны мойындау керек. Қандай шаруаны мойнына алмасын, тап-тұйнақтай етіп орындай қоятыны бар.

Содан, ХМИ ұжымы 1965-1966 жылдары “тіріле” бастады. Ебіней Арыстанұлы 1966 жылы докторлығын қорғады, ол бізге біраз абырой әкелді. Ал, Зейнолла докторлығын 1972 жылы, Тәшкенде қорғады. Сонымен бірге Зейнолланың шәкірттері, яғни, “командасындағы” жігіттер ғылым кандидаты атанды. Басқа зертханадағы ғалымдар да доктор, кандидат деген ғылыми атаққа

қол жеткізе бастады. Не керек, бір кездерде “жабылады” деген ХМИ құтты жолға түсіп, беделі асты.

\*\*\*

Дәл қазіргі уақыттың бір қателігі бар: алдыңғы буын ағалар өмірін, олар бітірген жетістікті айтуға сараңбыз, көңіл бөлмейміз. Әсіресе, Кеңестік дәуірде қызмет еткен, ел басқарған мемлекет қайраткерлерінен бастап, білім мен ғылым саласында ерен еңбек еткендердің біразы ұмыт болып, тарихта есімдері аталмай жатыр. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақтың ұстанар үлгісі, бағыт алар тұлғасы жоқ. Тұлға жоқ болған соң талпыну да жоқ. Бар болса да ол басқа, баю мен мансап жағына қарай бұрылып кеткен. Енді бұл бөлек бір әңгіме...

Ал, жас Зейнолланың алдында «болмасаң да ұқсап бақ...» дейтін кемел тұлғалар көп болды. Ол сонау Мәскеуде көрген, сөзін тыңдаған ғұлама ғалымдар: Тамм, Ландау, Вавилов, Левшиндер болса, қасында жүрген ұстазы Ебіней Бөкетов! Жас Зейнолладан нағыз ғалымға тән төзімділік пен зерттеу жұмысына терең талдау жасай білетін қасиетін көрген Бөкетов бірден өзіне-өзі іштей: «нағыз ғалым болатын адам» деген-ді. Шатаспаған екен. «Мен үйтейін деп жатырмын, мен бүйтейін деп жатырмын» деп, алдына келгенде көп сөзді суша сапыратын, бірақ ғылымнап хабары жоқ, ал, өзі туралы ойы биік, ғалым атанғысы келетін аспирант-зерттеушілердің талайын көрген Бөкетов. Зейнолла оларға мүлдем ұқсамайды. Айтқаныңды қағып алатын алғырлық, оған өз түйсігін қоса қоятын зеректік бар. Оған төзім мен жігерді қосыңыз. Қандай бір жағдайда да сабырлы, салмақты, әр сөзін, ойын байыппен жеткізетін жас Зейнолладан көпті көрген үлкен адамға тән мінезді, парасатты аңғаратын. Әйтеуір, Бөкетов «Сізге шәкірт болсам!» деп жүрген көп жастың ішінен Зейнолланы құлай сүйген-ді. Екеуінің арасында ұстаз бен шәкірт арасында бола беретін сыйластықтан да жоғары тұратын, бір-біріне деген тең құрмет, ағалы-інілі

адамдарда болатын бауырмалдық, жанашырлық, не керек, адам қызығарлық түсіністік пен үндестік бар-тын.

Ебіней Арыстанұлы 1977 жылы «Жазушы» баспасынан «Шығармашылық қырлары» атты кітабын шығарды. Бұл кітап жалпы оқырманға ұнағанмен, билікте отырған біраз адамға ұнамады. Себебі, онда қазақ ғылымына айрықша үлес қосып жүрген көптеген ғалымдар аты аталып, елге, халыққа сіңірген еңбектері біраз талданғанмен, бір қолын билікке, екіншісін ғылымға салып отырған кейбір адамдардың аты аталмай қалып, бұл олардың намысына тиіп, ашуландырды. Ашуланған адамның әрекеті де аяусыз болады ғой, жастар газетіне бүркеніш атпен «сын» мақала жазып, Бөкетовтің жүйкесін жұқартып, денсаулығын құртты. Негізгі айтайын дегеніміз бұл емес, айтайын дегеніміз осы кітапта жас болса да профессор атағын алып үлгерген Зейноллаға да академик ағасы біраз тоқталып, оны химия ғылымының жаңа саласы – квантты химияның мықты маманы деп мақтайды. Және оның ұжым ортасында беделді екенін, іскер ұймдастырушылығын, қандай іс тапсырсаң да тындырымды атқаратынын ыждаһатты түрде, ризашылдық пейілмен баяндайды.

– Екеуі өте жақын дос еді, – деп еске алады Е.Бөкетовтің туған інісі Қамзабай Бөкетов. – Олардың достығы ондаған жылдарға созылды. Бұл достық жайдан-жай пайда болған жоқ, оларды өзара сәйкес түсініктер мен ойлар байланыстырды. Екеуі де ғалым, олардың екеуіне де ортақ бір жарқын, әрі жол сілтер идеал – Қаныш Сәтбаев. Екеуі де туған Отанға бір кездегі Қаныш Имантайұлы сияқты шынайы да риясыз қызмет етті. Олар бір-біріне тең еді, екеуі танысқан кезге дейін өмірде де, ғылымда да үлкен өмір жолынан өткен еді. Соған карамастан көп жағдайларда Зейнолла Молдахметұлы менің ағамның ақылшы досы, кейде тіптен кеңесшісі болатын. Мен мұражайға құжаттар жинау барысында мынадай заңдылыққа назар аудардым: егер Ебіней Арыстанұлы жаңа қызметке ауысқан

кезде, өзіне орынбасар етіп міндетті түрде Зейнолла Молдахметұлын шақырады екен. Ол да шын жүректен келіскен және олардың осы бір ынтымағынан қоғам тек үлкен пайда ғана көрді.

Ұстаз бен шәкірт: Ебіней Бөкетов пен Зейнолла Молдахметов арасындағы адал достық туралы көрнекті қоғам қайраткері, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық ілімінің негізін қалаушылардың бірі, академик Салық Зиманов «Халық кеңесі» газетіне бір жылдары мәнді мақала жазыпты. Ол Зейнолла Молдахметұлы туралы айта келіп, «өзгені өзіне магнитше тартатын тұлға. Қай жерде Зекең болса, сол жерге адамдар жинала қалатын. Солардың бәрімен ортақ тіл табысатын Зекең барлық адамдар үшін қолдау мен құрмет сөзін таба білетін», деп бағалапты.

Академик С.Зиманов академик З.Молдахметовтің адамдармен достаса білу қабілетін, тіпті досы билеуші тарапынан жазықсыз жапа шеккенде де достыққа адал күйінде қалатын табандылығын айрықша баяндапты.

«Мені Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының ғылыми хатшылығы қызметінен босатты, – деп еске алады академик Зиманов, – біз Бөкетовпен бірге санаторийға кеттік, сол жерде аз да болса ренішімізді сейілткіміз келді. Енді орналасып болған едік, Зейнолла Молдахметұлы кіріп келді де, бізді өзіне қонаққа шақырды. Ол Ебіней Арыстанұлының басына түскен ауыртпашылығын есітіп, Шымкенттен әдейі келіпті. Онда ол Химия-технология институтының ректоры болатын. Санаторийға үлкен досына қолдау көрсету үшін келіпті. Біз үшін жақын жерден арнайы үй жалдап, зайыбы екеуі бізге арнап дастарқан жайды. Сол демалыс кезінде Ебіней Арыстанұлының көңлін аулауға барынша тырысты. Сол бір Ебінейдің басына қиыншылық төнген күндерде Зейнолла достығынан айныған жоқ, ұстазынан, досынан сырт айналмады. Мұндай азаматтық, батылдық көптеген ғалымдардың қолынан келмеді. Зейнолла ұс-



тазының басына киындық түскенде биліктегілерден сескенген жоқ».

Бірде Ғылым академиясында Шұбаркөлдің күлділігі аз көмірінен сұйық отын: бензин, дизель, авиацияға қажетті аса құнды сұйық май алу туралы Ебіней Бөкетовтің баяндамасы талқыланды. Аса тың тақырып болғандықтан көп ғалымдар бұл жаңалықты бірден қабылдай алмай, тіптен кейбірі күмәнмен карап, Бөкетовтің уақыттан ондаған жылдар оза ұсынған ғаламат идеясын қолдаған жоқ. Тіптен: «...мұнай деген жетеді, көмірден бензин алу қымбат тұратын технология... қыруар қаржы жұмсау керек, ол бізге қажет пе?» деушілер де табылды. Бөкетовтің жаңа идеясын, жақсы идеясын қолдаушылар азайып, істің қырын кетіп бара жатқанына шыдай алмаған Молдахметов шығып сөйлеу жоспарында жоқ болса да, орнынан ширақ көтеріліп мінберге ұмтылды. Ол сөзін залда отырған мүйізі қарағайдай-қарағайдай академиктер мен докторларға, профессорлар мен жаңадан өсіп келе жатқан кандидат ғалымдарға арнай бастады:

– Ғалымның, ғылымның мақсаты алдағы жылдарға, ғасырларға иек артып, жаңалық іздейді, ашады. Бір күнін, бір жылын ғана ойлаған ғалым ғалым емес, онда ғылым ғылым болмайды. Біздер, ғалымдар болашаққа қарауымыз керек, мұнайдың да бітер кезі келеді, сонда адамзат энергияның басқа көздерін сөзсіз іздейді. Ал, оны біз неге кешеулетуіміз керек, неге бүгіннен бастап іздемейміз. Және көмірден сұйық отын алу әлемнің басқа ғалымдарын да қызықтырып, тіптен өндіріп отырған мемлекеттер де бар. Соның бірі Ұлыбритания. Сондықтан Бөкетовтің жаңа, жақсы идеясына үрке қараудың қажеті жоқ. Бізде, Қазақстанда көмірдің қоры көп, ал, оны сұйық отын энергиясына айналдырып жатсақ нағыз мықтылық емес пе?! Ал, ғалым Ебіней Арыстанұлының зерттеу жұмысы он нәтиже беріп отыр... – деп, нақты дәлелдермен сөзін шегелей бітірді.

Осыдан кейін ғалымдардың көпшілігінің пікірі өзгеріп, Бөкетов жаңалығын қолдап, қолпаштай сөйледі. Ақырында Қазақ ССР Ғылым академиясы Шұбаркөл көмірінен сұйық отын алуды зерттейтін зертхана ашу үшін Қарағанды Химия-металлургия институтына қаржы бөліп, ғалымдарға жағдай жасады. Мұндай табысқа жеткеніне ұстазы Бөкетов пен шәкірті Молдахметов шын қуанышка бөленіп еді.

Өмірде – аға, ғылымда – ұстаз болған Ебіней Арыстанұлы Бөкетовке деген Зейнолла Молдахметұлының құрметі де ерек, дара болды. Бүгінде ол бір естелікті көңілі толқи тұрып еске алады. Мүмкін ол сағыныштан туған сезім толқыны болар, көп жылдар өтті ғой, жақсы көретін асыл аға көзден ғайып болғалы да.

Бірде Зейнолла ұстазы Ебіней Арыстанұлы екеуі Мәскеуге іс-сапармен барады. Мәскеуге келген соң Ебіней Арыстанұлы:

– Ал, батыр, бүгін екеуіміз Қазақстан Үкіметін он үш жыл басқарған премьер-министрдің үйіне барамыз, – деді. Ол Бөкетовтің қайын атасы, яғни, жұбайы Зүбайра Дүйсенқызының ағасы – Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов еді.

Кешкүрым келген оларды, елден ұзаққа тұрғандықтан «бүгін кім келер екен?» деп, Қазақстан жаққа қарайлап отыратын Нұртас Оңдасынов қуана қарсы алды. Амандық-саулықтан соң, біраз уақыттан кейін ол Зейноллаға қарап:

– Балам, сен есіміңді Зейнолла дедің бе жана? – деді.

– Ия.

– Кім қойды?

– Әкем қойған екен.

– Онда сен өз атыңның қандай мағына беретінін білесің бе?

Бұл сауалға Зейнолла «жоқ» деді.

– Ә, балам, онда мен айтайын, сен ұғып ал. Жарықтық, әкең мен анаң жақсы ат қойған екен саған. Араб тілінде

«Зейнолла» – Алланың нұры жаусын, зейіні, пейілі түссін деген сөз. Өке-шешен ілгері ниетпен, саған Алланың назары ауып, үлкен адам болсын деп, ырымдап қойған ғой. Енді сен солардың сенімін ақта... – деді, Зейноллаға ойлы жүзбен барлай карап.

Нұртас Ондасынов Қазақстан Үкіметін ең ауыр жылдарда он үш жыл басқарып, халықтың білімі мен ғылымын, мәдениетін бір емес бірнеше сатыға көтеріп кеткен нағыз мемлекет қайраткері. Ал, зейнеткерлікке шыққан соң тіл ғылымында теңдесі жоқ «Арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» жазған адам. Енді сондай абыз ақсақалдың аузынан мынандай сөз есіту, тура пайғамбардан бата алғанмен бірдей болып тұр Зейнолла үшін. «Жақсы сөздің жаныңа құяр нұры көп екен. Нұртас ақсақал айтқан сол сөзді өмірі ұмытқан емспін» дейді бұл күнде Зекең. Иә, бір ауыз сөздің мағынасын паркына жеткен ғана ұқса, ұмытпаса керек!

\* \* \*

Зейнолла Молдахметов 1965-1974 жылдары Химия-металлургия институтының аға ғылыми қызметкері, одан кейін спектроскопия лабораториясының меңгерушісі бола жүріп, ғылыми зерттеулерін үдете түсті. Сол жылдарда ғылыми жұмыстарының көпшілігін этилен тотығы мен оның туындыларын зерттеуге арнады. Көп жылдық зерттеулердің нәтижесінде Молдахметов әріптестерімен бірлесіп «Этилен тотығы туындыларының құрылымдары» деген іргелі монография жазды. Міне, осы еңбектің нәтижесі оның химия ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация қорғауына жеткізді.

Ол докторлығын 1972 жылы Тәшкенде қорғайтын болды. Оның шашбауын көтерген біраз адам: Ебіней Арыстанұлы, әріптесі Әбішев Жантөре, жары Фатима, екі-үш жастағы баласы Арслан Қарағандыдан бәрі Тәшкенге келді.

Қорғау ойдағыдай өтті. Тәшкенттік ғалымдар Зейнолланың ғылыми жұмысын өте жоғары бағалап, бірауыздан докторлық дәрежені берді. Шәкіртіне риза болған Ебіней Арыстанұлының көңілі көтеріңкі. Бауырмал өзбек ағайындар мұндайда сый-сияпатты аямайды ғой. Оның үстіне қолға түсе бермейтін Бөкетов орталарына келіп тұрғанда несін аясын. Не керек, екі-үш күн дегенде зорға Зейнолладан басқасы елге, Қарағандыға қайтады ғой. Зейнолла ресми құжаттарды толтыру мақсатында Тәшкенде қалады.

Бір жұмадан кейін Зейнолладан ертең самолетпен ұшатыны туралы хабар келеді. ХМИ ұжымы жақсылық хабар жетісімен-ақ жууға, тойлауға әзір отырған. Келіні Фатимаға Ебіней Арыстанұлы: “Сендер алаң болмаңдар, өзім күтіп аламын” деп, күні бұрын айтып қойған.

Содан, самолет келетін кезде Ебіней Арыстанұлы Зейнолланың ағасы Зияданы қасына алып және бір топ жолдастары бар аэропортқа келеді. Жолаушылар бірінен соң бірі шығып жатыр, Зейнолла жоқ. Ең соңғы жолаушы шықты, Зейнолла жоқ. Бір-біріне сұраулы жүзбен қараған күйі, көңілдері пәс түсіп үйге қайтады. Келе салысымен Тәшкенге телефон соқса: «Ебеке, кешіріңіз, біз кінәлі емеспіз... біз... сол аэропортқа келсек, самолет бізсіз ұшып кетіпті... енді кешкі пойызға шығамыз...» деп, профессор Тәшмәт әқаң шик-шик күледі, көңілдері көкте.

Ебекең бәрін түсінді. Ол кезде Тәшкеннен пойыз екі тәулік жуық жүретін, амал жоқ соны тағы күтті.

Екі күннен кейін тағы да сол «команданы» алып Ебіней Арыстанұлы пойызға келді. Екі күнгі жүрістен шаршаған жолаушылар жедел түсіп, асығыс кетіп жатыр. Бөкетовтің «командасы» өзі жас, өзі «судай жаңа» ғылым докторын күтіп, жан-жақтарына жалт-жалт карап, тағатсызданып-ақ тұр. Зейнолла көрінбейді. Ол тағы да жоқ болып шықты.

Салы суға кетіп, не ойларын білмей, не болғанын түсіне алмай Ебіней Арыстанұлы келіні Фатимаға:

– Фатима шырағым, Зейнолла тағы да жоқ! Қайдам, өзбектің чирайли қыздары қағып кетті ме.., – деп, шара-сыздықтың күлкісін күліп, қалжынын айтты. Еңкейіп аяғын шешіп, басын көтере бергені сол еді, алдында сос-тиып, екі езуі екі құлағында Зейнолла тұр. «Өй, мынау қайдан жүр?!» – деді Ебіней Арыстанұлы әрі таң қалып, әрі сасқалақтап. Оған жиналып қалған жолдастар ду етіп, дүркірей күлді. Сөйтсе, пойыздың бас жағынан түскен Зейнолла вокзалдың орта тұсында өзін асыға күтіп тұрған топты көрмей, таксиге отыра салып, үйге тартқан ғой.

Сол күлкі, сол шаттық бірнеше күнге созылды. Жора-жолдас, туыс, бәрі-бәрі жиналып той болды. Той ортасында балаша қуанып, данаша сөз сөйлеп, баршадан ойы да, бойы да биік Ебіней Арыстанұлы отырды. «Жәрайды, өзі келер» демей, шәкіртінің жетістігіне жетісіп, біресе аэропортқа, біресе вокзалға шауып, үлкен басын иіп жүрген ұстазын қалай ұмытсын?! Жоқ, Зейнолла ұстазының бұл мейірім-шапағатын еш ұмытқан емес, ұмытпайды да. Ол үнемі жүрген ортасында, ретті жерінде оның өнегелі істерін жеріне жеткізе айтып, ұлылап отырады. Одан біреулер тәлім алып, ғибрат тауып жатады.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

### “БАҒЫҢ ӨСКЕНШЕ ТІЛЕУІНДІ ЕЛ ДЕ ТІЛЕЙДІ, ӨЗІҢ ДЕ ТІЛЕЙСІҢ, АЛ, БАҒЫҢ ӨСКЕН СОҢ ӨЗІҢ ҒАНА ТІЛЕЙСІҢ”

*Абай*

Республика бойынша Қарағандыдан екінші университеттің 1972 жылы ашылуы елді елең еткізген-ді. Баяғы көшпенді ұлттың ұрпағы бүгінде білім мен ғылымға баярынша бет бұрып, құныға кіріскеніне көңіл де, көз де тоятын. Жаңа оқу орнын басқаруды химия ғылымдарының докторы, профессор Ебіней Арыстанұлы Бөкетовке Орталық Комитет өзі тапсырды. Бұл шешімге Бөкетовтің іскерлігін білетін зиялы орта, көпшілік қауым «дұрыс» демесе, «бұрыс» деп ешкім айтпады. Сөйтіп, Бөкетовке ХМИ-дан кейін, тағы бір жаңа іс – жас университетті басқару, дамыту, көркейту тапсырылды.

«Жалғыз ағаш орман емес», бұл істі арналы жолға түсіріп, нағыз, шын мәніндегі университетке айналдыру үшін көп жұмыс атқару керек. Оған жалғыз Бөкетовтің шамасы келер ме екен? Әрине, жоқ. Білімді, мәдениетті, алғыр, еңбеккер әріптестер керек. Ондай адамдардың біразын пәтер беремін, көтеріңкі жалақы беремін деп аз уақытта-ақ жинап алды. Жан-жаққа: Мәскеу, Алматы, Ленинградқа... түрлі жиналыс-жиынға барады емес пе, сол жақтан да мықты-мықты деген профессор, доценттерді шақыра келеді. Бірақ университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректорлығына «алыстан арбаламай» кадрді жақыннан тапты. Ол ұйымдастырушылық қабілеті зор, жұмыс жағдайын білетін, жас ғалым Зейнолла еді.

Білімді, сауатты, мәдениетті маман даярлау үшін кәсіби деңгейі аса жоғары оқытушы-профессорлар қажет екені бесенеден белгілі. Зейнолла Молдахметов университеттің



өз ұстаз-оқытушыларын, әсіресе, талапты жастарды тауып, үлкен оқу орындарына докторантура, аспирантураға баруына қозғау салып, жағдай туғызды. Жер-жерден академик, профессорлар шақырылып, лекциялар оқылды. Өзі де студенттерге дәріс оқып, жиған-терген білімін жастарға беруді ұмытпады. Зейнолла Молдахметовке 1974 жылы «физикалық химия» мамандығы бойынша профессор атағы берілді. Бұл атақ оған үлкен міндет жүктей келді. Бәрі де ойламаған жерден болған...

Соңғы жылдарда Ебіней Бөкетов ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев туралы үлкен деректі-көркем шығарма жазуды қолға алып, түннің бір уағына дейін отыратын. Сол әдетімен беймезгіл уақытқа дейін жазу жазып, кештеу жатқан-ды. Бірақ, бір ой бір ойды қуалап, ұйқыны келтірер емес. Бір кезде оқыстан телефон шырылдады. Сағатқа қарады. Түнгі үш. Тіксініп қалды. Дәлізде тұрған телефонға асықты. ЦК-ның хатшысы Саттар Имашев кештеу телефон соққанына кешірім сұрап, әңгімесін төтесінен бастады.

– Сенде Молдахметов деген доктор химик бар дейді ғой.

– Ия, бар, – деді Бөкетов әзірге бұл сұрастың астарында не жатқанын аңғара алмай.

– Өзі қандай жігіт? – деді хатшы.

– Бөкетов хатшы ойын енді түсінгендей:

– Басқа жаққа әкететін болсаңыз жамандаймын, қалдырсаңыз мақтаймын, – деді. Бұл жауапқа екеуі де телефонның екі басында, түнгі ұйқының түндігін түре, кеңкілдей күлісті.

Университетте тәнертеңгі абыр-сабыр басталған. Ректор Бөкетов: «Келіп кетші!» деді, телефонмен Зейноллаға. Күндегі шаруа жағдайы болар деп, тез барған одан ұсақтүйек тапсырмалар барысын сұрап алды да:

– Батыр, саған «құда» түсушілер шығып жатыр, – деді де, түндегі соғылған телефонның сырын айтты. – Өзің білесің біздегі шаруаның көп екенін, маған сен керек едің,

амал қанша. Орталық Комитеттің назары түскен соң бітті... өзім үшін сенің бағынды байлағым да келмейді... Олар саған Шымкент қаласындағы Қазақ Химия-технология институтының ректорлығын ұсынбақшы. Көптен бері бірінің үстінен бірі арыз жазып, айтыс-тартыс тоқталмай келеді емес пе, енді ректорын ауыстырмақ ойлары бар көрінеді... – деді Бөкетов.

Жаңалықты қабылдасы қалай дегендей Бөкетов шәкіртіне барлай қарады. Не нәрсеге де жас болып елпен ете түспейтін, сезіміне ұстамды Зейноллаға Бөкетов бұрын да талай таң қалған. Бұл жолы да ол сол сырбаз күйінен ауар емес. Салмақты. Қайта жауапты жолы үлкен ағадан күтетіндей кейпі бар ма, қалай? Осыны сезе қалған Ебіней Арыстанұлы:

– Әй, батыр! Қазақта «Отызында орда бұзбаған, қырында камал алмайды» деген сөз бар, сен нағыз сол камал алар шағында тұрсың, ойланба, бар. Мен қарсы болмаймын! Қазақи жер ғой, қақпайлағанға көнеді, дұрыс, әділ істі түсінеді... алып кетесің, бар, батыр! – деді, бұйыра сөйлеп. Тек жақсы көрген адамына риза болған сәттерде ғана «толықтауыш» орнына пайдаланатын «Батыр» сөзін қайта-қайта қосып.

– Жаңалық жақсы. Бөкетов қолдайды...

«Қазір, табан астында не айтамын, көрейік...» деді, Зейнолла сол сабырлы қалпын сақтаған күйде. Алайда, ол үндемей отырғанмен, ішкі әлемінде неше түрлі пікір қақтығысы жүріп жатқан-ды. «Үлкен коллектив... оның үстіне өздері айтысып-тартысып жатса, мен оны қалай жөнге салмақпын?! Мынау тұрған Шымкент қой, бәрі бір Қазақстанның іші емес пе дегенмен де, өз ерекшелігі, танымы мен талғамы мүлдем басқа. Өзі өскен, көбіне қызмет істеген орта – Солтүстік пен Орталық Қазақстан. Бұл жақта өмір тынысы, адамдар қарым-қатынасы басқаша. Орыстар арасында тік айтып, тік өскен бізге нағыз қазақи ортаға барып қызмет істеу қалай болар екен?..»

Рас, Зейнолланың қобалжуы жөн. Оңтүстік өлкенің өзіне ғана тән хал-харекеті, әдеп-салты бар. Олар сенің «доктор, профессор» деген лауазымыңа өмір бойы қалыптасқан әдет-ғұрпың, тәртіп-түсінігің, қағидасың ешқашан «айырбастамайды». Ал, «бармаймын!» деп тағы да айта алмайды. Айтса Орталық Комитеттің: «Сіз партияның солдатсыз, біз қайда жұмсасақ сонда барасыз!» дейтін, жаттанды жауабының дайын екенін ол бұрыннан біледі. Зейнолла сабырлылығының астарында үміт пен күдік арпалысып-ақ жатқан-ды...

Көп ұзамай-ақ Молдахметовті Оқу министрлігі шақырып сөйлесті, одан кейін Орталық Комитеттің Білім және ғылым бөлімінің бастығы Санжар Жандосовпен пікірлесті. Бірақ, бәрінің де айтары анық емес. Бар әңгіменің анық-қанығы Орталық Комитеттің хатшысы Саттар Имашовқа келгенде белгілі болды. Ол бірден Шымкент қаласындағы Қазақ Химия-технология институтына ректор болуды ұсынды. Таңдаудың өзіне неге түсіп отырғанын, соңғы жылдары институт ұжымынан арыз-шағымның көбейіп кеткенін, химия ғылымдарының докторы, профессоры өзіне сенім білдіретінін айтып, Дінмұхамед Қонаев қабылдауына баратындықтарын ыждағатпен баяндады. Сөзінің аяғында «қабылдасы қалай?» дегендей хатшы оған тесіле қарады. Табиғатынан аумай, сабырлы отырған ол: «Енді, өздеріңіз солай деп шешсеңіздер, үміт артсаңыздар» деп, шолақ қайыра салды.

Сол күні, түс ауа хатшы Саттар Имашев пен Зейнолла Молдахметов ҚКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауына келді. Кең бөлменің төрінде, жұмыс үстелінің басында әлдебір қағазға шұқшия қарап басшы отыр. Бұлардың кіргенін біліп, қағаздан басын көтеріп, көзілдірігін қолына ала, орнынан тұрды. Жақындап келіп, қол беріп амандасты. Сосын «отырыңдар» дегенді қолымен нұсқап, ишарамен ұқтырды. Өзі ұзын үстелдің басындағы орындыққа

жайғасты. Өзінен гөрі жиған абырой-атағы айбарлы, бойы баршадан биік, түрі келісті мемлекет басшысын Зейнолла бұрын үлкен жиындар президумынан, телевизордан көргені болмаса бетпе-бет кездесуі осы. Бір мезеттік тыныштықты хатшы Саттар Имашев бұзды:

– Қарағанды университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов... химия ғылымдарының докторы, профессор... Мәскеуде аспирантурада оқып, сонда қорғап...

Хатшының сөзінің аяғын күтпестен Қонаев:

– Бәрің де есітіп, түсініп жатырмын, – деді де Қарағанды университетінің жұмыс барысын қысқа ғана жолжөнекей сұрады. Оған Молдахметовтің жауабы да қысқа болды: “Жақсы, құрылыс жүріп жатыр, ғалым-педагогтар көбейіп келеді...”

Қонаев әңгімені созбай:

– Зейнолла, Шымкенттегі Химия-технология институтын саған сеніп тапсырғалы отырмыз, бар жағдайды есітіп-білген боларсың... бәріміз бір қазақтың баласы болғанмен де әр жердің өзіне тән ерекшелігі, әдебі, салты болады, соны ескерерсің... Басқа айтар әңгіме жоқ, жолың болсын! – деді де, орнынан көтеріліп, Зейноллаға қолын созып, қош айтысты.

Кездесу өте қысқа болды, ал, әсері ұшан-теңіз! Бірінші хатшы аз сөйледі, бірақ түсінген адамға мағынасы терең, астары қат-қабат ой айтты. Қазақстанда ғана емес, Одақ көлемінде де беделі биік, абыройлы басшыны Зейнолла іштей мақтан тұтып, құрметтейтін. Сол басшы өзіне «ак жол» тілеп әрі салмағы бес батпан сенім жүгін артып отыр.

Қазақстанды көп жылдар басқарып, бүге-шігесіне дейін білетін Қонаевтың: «...әр жердің өзіне тән әдебі, ерекшелігі бар...сыйлау керек» деуінде үлкен мән бар еді. Шынында да Шымкент қалың қазақтың иық тіресе отырған жері. Қанша жерден Кеңес өкіметі орыстанды-

ру саясатын жүргізгенімен, оған бой алдырмай, казаки әдеп пен тәртіпті сақтап, ұлтымыздың асыл қазынасын жоғалтпай келе жатқан қасиетті өлке бұл. «Өзім» дегенге төрін береді, «өзгемін» дегенді шолжандатпайды.

Екіншіден, канша жерден арыз жазып, жамандыққа киып жатса да институтты он алты жыл басқарған ректор Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменов тегін адам емес еді. Сол жылдар ішінде институтты көркейтті, Одаққа танымал оқу орны етті, шәкірттер тәрбиелеп, ғалымдар шығарды. Қысқасы, бір кісіге ылайық қызмет етті, абырой-бедел жинады. Беделдің ісін беделді ғана жалғастыра алмақ...

Сұлтан Сүлейменов – Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, силикаттар технологиясы саласы бойынша республикадағы ең ірі ғалым. Оған дейін институтты республиканың Оқу министрі болған Қали Біләлұлы Біләлов басқарған. Турасын айтқанда, ректорлыққа «Сүлейменов ылайықты» деп, таңдау салған сол министрдің өзі.

Сүлейменов осы институтты 1956 жылы июльде бітірген соң керамика және шыны кафедрасында аға оқытушы болып істеді. Ал, 1957 мен 1976 жыл аралығында силикат технологиясы кафедрасының менгерушісі және сонымен бір мезгілде технология факультетінің деканы, ал, 1959 жылдың июль айынан бастап 1974 жылдың декабріне дейін осы институттың ректоры болып, он алты жылдың ішінде жеті факультет, 36 кафедрасы бар ірі оқу орнына айналдырды.

Оңтүстік Қазақстан кәсіпорындарындағы фосфор шлактарын пайдалану проблемасымен тығыз айналысу арқылы, жоғары физикалық-химиялық қасиеттері бар шыны-кристалдық материалдар алу мүмкіндігін дәлелдеді. Бұл зерттеулер құрамында фосфор бар шынылар мен балқыламаларды кристалдандырудың жолдарын тапты. Және фосфор шлактарын пайдалану проблемасын шешті. Бұл ғылым үшін де, өндіріс үшін де өте маңызды оқиға болды.

Осындай зерттеулердің нәтижесінде Константиново-дағы «Автостекло» заводы елімізде тұңғыш рет фосфор шлагының негізінде пайдалану қасиеттері жоғары ақ және түсті шлакоситалл шынысын шығарды. Бұл Шымкент қаласында «Южгипростекло» институтының шлакоситалл бұйымдары цехын жобалауына негіз болды. Ғалымның тапқан бұл жаңалығы өндірістен әлі түскен емес, қайта өркенін кеңге жайып келеді.

Қазақстан жылу-электр станцияларының күл-шлак қалдықтарын пайдаланудың тағы бір бағыты – олардың негізінде бетондар және ертінділер алу. Ғалым А.А.Родионовамен бірге ылғалдан арылтылған және құрғақтай іріктелген күлдерден ертінділер мен бетондар жасап, оны Алматы үй құрылысы комбинатында кеңінен, әрі табысты пайдаланды. Және бұл жаңалық, ғалымдар жетістігі күні бүгінге дейін пайдаланылуда. Мысалы, бір текше метр бетонға 160-200 килограмм күл жұмсағанда 10-30 пайызға дейін цемент үнемделеді екен. Бұны ойлап тапқан Сүлейменов бастаған ғалымдар тобы.

Ғалым А.Юманковпен бірлесе отырып С.Сүлейменов ортопедиялық стоматология, электронды және тоқыма өнеркәсібі үшін күрделі конфигурациялы жаңа әдісті ойлап тапты.

Осындай жан-жақты ғылыми жұмыстарды ол ұстаздық және ұйымдастыру жұмыстарымен ұштастыра жүргізді. 313 ғылыми еңбегі, оның ішінде 5 монографиясы, Одақ көлеміндегі авторлық 90-нан астам куәлігі бар. Оның басшылығымен 3 докторлық және 24 кандидаттық диссертация қорғалды.

Қазақстан ғылымының дамуына қосқан осындай үлесі үшін, педагогтық және ұйымдастырушылық қызметі ескеріліп С.Т. Сүлейменов «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.



Оның бейнесі әріптес, қызметтес болған көптің, шәкірттерінің есінде аса қабілетті ұйымдастырушы, кез келген мәселенің көзін тауып, шапшаң шеше қоятын шебер басшы, білімі мен білері көп ақжарқын, қарапайым қайраткер ретінде сақталып келеді. Бір өкінерлік және ұят жағдай – он алты жыл бір институтты басқарып, ғылым мен білімді дамытуға шын мәнінде зор үлес қосқан Сұлтан Сүлейменов Оңтүстік Қазақстан облыстық энциклопедиясына енбей қалған. Шыққан тегінді жілік-жілікке бөліп, мүшелеп тастайтын жаман әдеттің салдары ма, «тектілер» тегінен болмағандықтан ба, кім білсін, әйтеуір біз түсінбедік... Академик Сұлтан Сүлейменов өмірі мен атқарған қызметіне, ғылыми жаңалықтарына біршама тоқталуымыздың сыры – жерлестері ұмытқан азаматты еске алып, жас ұрпақтың жадына бір түсіру.

Осындай білімді, қабілетті адамнан кейін Химия-технология институтын басқару кім-кімге де оңай емес, әрине. Молдахметов «нар тәуекел!» деп, белді бекем буып, Оңтүстік өлкеге аттанды...

**Майдан Қадырұлы СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
техника ғылымының докторы, профессор:

– Мен ол кезде Химия-технология институтында кешкі және сырттан оқытатын бөлім деканының орынбасары болатынмын. Біздің институтты академик Сұлтан Сүлейменов он алты жыл басқарды, яғни, ректор болды. Өз басым ол кісінің институтқа сіңірген еңбегін ешқашан жоққа шығара алмаймын. Қазақбайшылыққа салып, кеткен кісіні жамырай жамандай беретін әдепсіз әдетіміз бар. Әркімнің өзіне тиесілі бағасын берген абзал ғой. Мысалы, өзі алғаш ректор болған сонау алпысыншы жылдар басында, химия, техника саласында ғылымның әлі дами қоймаған тұсында бір топ жастарды, қолынан жетектегендей болып, Мәскеуге апарып, аспирантураға түсуіне

қамқор болған Сұлтекеңнің әрекетін қалай ұмытуға болады. Кейіннен бәріміз де ғылым докторы, кандидаты атанып, елге оралдық.

Академик Сұлтан Сүлейменов өте іскер, мықты ұйымдастырушы еді. Институттың республикаға, тіптен Одаққа танымал болуында ол кісінің еңбегі зор. Рас, соңғы жылдары арыз айту, жоғары жаққа жазу көбейді. Оның себебін мен былайша ойлаймын, адам өзі бір жерде отырып, бір қызметті істей берген соң айналасына деген бағыт пен бағдарды жоғалтып ала ма деп. Соңғы кезде Сүлейменов айналасына жақын-жуықтарын, ағайын-тұмаларын көбейтіп алды. Әрине, олардың бәрі бір «су төгілмес жорға» болса жақсы, құба-құп қой. Кейбірі жетектегенге жүрмей, Сұлтекеңнің атына кір келтірді. Ол басқалардың наразылығын тудырды.

Ол кезде қазіргідей “мұрны нұшық болса да бай баласы сөйлесін” дейтіндей емес, рушылдық, жершілдік дегенге Коммунистік партия, обалы не керек, жол бермейтін, жол беріле қалса табан астында жазалап, партбилетті алып, жұмыссыз қалдыратын.. Содан не керек бір күні: “жаңа ректор келеді екен, Сүлейменов кететін болыпты” деген біз үшін, әсіресе, мен үшін – «суық хабар», арыз жазып жүргендер үшін – қуанышты хабар келіп жетті. Мен үшін суық хабар дейтінім, мен де Сұлтан Сүлейменовтің «шекпенінің астында» жүрген көп шәкіртінің бірі болатынмын. Ұстаздан, қамқоршы ағамыздан айрылу бәрімізге де қиын болды, тіптен ішіміз удай ашыды десем бір өтірігі жоқ. Өйткені қандай бір мәселені де «Сұлтекең бар ғой!» деп, сырттай шешіп жіберетін жағдайға жетіп-ақ қалғанбыз. Енді жаңа бастық келсе мәселе шешпек түгілі, орнымызда, қызметте қалу-қалмауымыз неғайбыл.

Не керек, бүгін жаңа ректорды тааныстырады екен деген хабар жетті. Институт коллективі үлкен акт залына жиналды. Көңіл күпті, ой мазасыз. Бір кезде сырт-

тан бес-алты адам кірді де, төрге озды. «Жаңа ректор қайсысы екен?» деп, әрқайсына бір қарап, ой топышылаймыз. Орта тұстан келіп орын алған ұзын бойлы, аққұба келген, келбетті, қырықтардағы жігіт ағасы бейтаныс. Оқу министрінің орынбасары Колесников сөз сөйлеп, ректор Сұлтан Сүлейменовтің институтқа сіңірген еңбегін сипай қамшылай, желдірте айтып, аса қатты сынға бармай, жаңа ректордың өмірбаянына көшті. Мұндай мәселеде олар әбден тіс қаққан, машықтанған, әккі жандар ғой, “қой да, қойшы да өлген жоқ”. Бұл өлкеге Зейнолла Молдахметов есімі бейтаныс болғандықтан ба, әлде абыройын асырып кетейін деді ме, жаңа ректордың жүріп өткен жолын саралап, салмақтап айтты.

Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтында аспирантурада оқып, физика-математика ғылымынан кандидаттық диссертация қорғағанын, Қазақ мемлекеттік университетінде физикалық химия кафедрасының оқытушысы, Целиноград (кәзіргі Астана) Педагогика институтының проректоры, Қазақ КСР ҒА-ның Химия-металлургия институтында аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі болғанын, докторлығын Ташкенде қорғап, соңғы жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры қызметін атқарғанын айтты. Бұл фактылар сығалап сын, үндемей отырып мін іздеген бізді шамалы тосылтып тастады. Бәріміз де ішкі ойымызды: «бұл да оңай қасқыр болмады» деп, түйдік.

Ұстазымның орнына келіп отырған адамның атақ-дәрежесінен, қызметінен кемдік таппаған соң, жасыратын несі бар, отырып-отырып киім киісіне, сөйлеу мәнеріне, отырысына барынша назар аударып, «кемшілік» іздей бастадым. Өзім жақсы көретін ректорым, Сұлтан Сүлейменов өмірде шапшаң, тез қимылдайтын, өте бір белсенді адам. Ал, Молдахметов әр сөзін баппен айтып,

ойын асықпай, шашпай-төкпей жеткізеді екен. Бойында аса бір байсалдылық, кісілік жатыр. Қайталап айтамын, кісімілдік емес кісілік жатыр. Тіптен кербездігі де бар, паңдау ма деп те қалдым. Киім киісі де сол қасиеттерін қолдап, қолпақтап тұрғандай әдемі, келісті. Алғашқы кездесуден кемшілік таба алмай «ым» – деп, «ия, енді іскерлігін көрейік» деп, іштей түйіліп тарастық.

Ертеңіне-ақ, Молдахметов әуелі орынбасарларын жеке-жеке шақырып, ұзақ-ұзақ әңгімелесті. Кіріп шыққандардан: «Қалай? Не сұрады?» деп, қоңілге демеу іздедік. Бұдан кейін декандар мен кафедра меңгерушілерін «жекпе-жекке» шақырды. Талайымыздың жанымыз мұрнымыздың ұшына келді. Жасыратын несі бар, Сұлтекеңнің сүйреуімен сүйретіліп жүргендер Молдахметовтің төтелей, топелей қойған сұрақтарына мандытып жауап бере алмай, сыр білдіріп, сүрініп жатты. Сұлтекеңді орға жыққандар да осылар еді... Осы «сынақтан» кейін кешкі және сырттан оқитын бөлім проректорын орнынан алып, ол қызметке қаладағы гидротехникумның директоры Төреханов Қадырды тағайындады. Қалғандарымыз қай күні, қай сағатта орнымыздан алып тастар екен деген күпті қоңілдеміз.

«Жекпе-жектің» кезегі маған да келді. Ол сәтті мен өмірі ұмытпаймын. Сізге сұрақты қояды да, жауабын асықпай тыңдайды, түсінбей қалған тұсы болса қайталауыңды сұрайды. Әр сөзіңе назар бөліп, барлап-бақылап, болмысыңды оқиды. Әңгіменің басында сасқалақтап, жүрегім тарсылдап отырған мен бірте-бірте қалай еркіндікке көшкенімді байқамай қалдым. Менің біртаң қалғаным: «анау кім, руы қандай, қайдан келген?» деген бірде-бір сауал қоймады, ал, кімнің қай «топқа» жататынында жұмысы да болған жоқ. Әңгіменің бәрі жұмыс жөнінде: «қандай проблема бар, қалай шешкен дұрыс, идея айтыңыз, оқу процесін қалай жақсартамыз..?». Өз басым Зекеңді осы сәт, осы сағаттан бастап құрметтей

бастадым. Ақылды ісі, әділ әрекеті маған қатты ұнады. Бұл оның адамды танып-білудегі бәрімізге беріп кеткен «тәрбие» сабағы, тағлымы еді.

Осы «жекпе-жекпен» кейін, көп ұзамай мені, бар жоғы отыз жасымда кешкі және сырттан оқу бөлімінің деканы етіп тағайындады.

Қараңызшы, Молдахметов мықтылығын! Ол халықтың: «Адамның қасиеті өзінде емес – сөзінде!» дегенді ұстанып тұр, қолданып тұр. Қайран халық өмір сүрудің әліппесін айтуын-айтып кетті-ау, бірақ біз соған құлақ асамыз ба?! Молдахметов құлақ асып тұр. Алдына келген қызметкерлерінің болмыс-бітімін, білім дәрежесін, ой-өресін оның сөзінен, сөйлемінен танып, талғап, іріктеп алды. «Қызыл су» жүгіртіп, әркімнен анау кім еді, қай рудан, қай жүзден, ағасы-көкесі бар ма еді деп, надандыққа, пендешілдікке ұрынбай, ірілік, кісілік көрсетті. Бұрынғы сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр әңгімелер бірден тиылды.

Тағы бір тәлім алар тұс – кейбіреулердей өзімен бірге шұбыртып «команда-кадрын» алып келмеді, орынбасарларынан бастап, декан, кафедра меңгерушілері, ғалым-оқытушылар, бәрі- бәрі осы институттан табылды. Бәрі де қабілетіне қарай қызмет алды, біліміне қарай бағаланды. Жәбір көріп, жапа шегіп, ешкім «ит жеккенге» айдалған жоқ.

Негізі Зекеңмен жұмыс істеу өте қиын, әрі оңай. Қиыны – талап күшті. «Не істейін деп жатырсың, не болды?» деп, күнде тықақтап сұрай да бермейді. Бірақ тапсырған ісін мезгілінде, сапалы орындамасаң бітті, біртіндеп-біртіндеп сізді қызметтен ығыстыра береді, еш уақытта айғайласып, ұрыспайды. Оңай дейтінім, тапсырманы дер кезінде орындап, жұмысыңа мықты болсаң жетті, жөн-жосықсыз нұсқау бермейді, іс басқаруға еркіндік береді. Көп сөзді көпіртіп мақтау да айтпайды, бар ризалығын «Батыр-ай» деген сөзге төге тұрып,

мейірлене бір қарайды, болды. Бар алған алғысыңыз бен мақтауыңыз осы. Бірақ, осы әрекетінде алапат күш бар, әрі қарай құштарлана жұмыс істейсің.

Жалпы Зекеңнен үлгі алатын, басқаға үлгі ететін ең бір асыл қасиеті бар. Ол – Сіздің жеке басыңызға, намысыңызға тимейді. Өз басым осы уақытқа дейін көптеген ректормен қызметтес болып, қол астында еңбек етіппін. Солардың ішінде әке-шешеңнен түк қоймай боқтап, күшік талағандай талап, көптің алдында абыройдан абырой қалдырмайтын бастықтарды да бастан откердік. Зекеңнің қатты ашуланғанда түрі өзгереді, ерні дүрдиеді, сосын үндемей қояды. Сол үндемегені сені өлтіреді, үгіп, жерге кіргізіп жібереді. Аржағыңда түйсік болса, өзің де ол қателігіңді екінші қайталамауға, тапсырылған істі уақытында тындыруға талпынасың. Жаңағы «көп» ректордың ішінде айғай-шусыз, үргін-сүргінсіз, артына жаман сөз де, бір тілім арыз хат та қалдырмай, абыройы асып кеткен жалғыз Зейнолла Молдахметов! Осының өзі-ақ ол кісінің кім екендігін, кісілігін, нағыз кәсіби деңгейі жоғары ұйымдастырушы-басшы, ұстаз екенін айтып тұрған жоқ па!!!»

Бұл – Қазақ химия-технология институтында З.Молдахметовпен сан проблеманың ортасында бірге қайнап, талай сынға бірге түскен, бірін-бірі әбден таныған, тәлім мен тәрбие алған адам пікірі. Негізі, кім-кімге де әріптестен артық ешкім шын баға бере алмайды. Басқалар да береді бағаны, бірақ оларда ауытқу, шындық аз болып қалуы мүмкін. Өйткені басқалар кәсіби тұрғыдан қарай алмайды, дәрежесі жетпейді. Сондықтан әріптес пікіріне қосарымыз да, алып тастарымыз да жоқ.

\* \* \*

Зейнолла осыдан тура он екі жыл бұрын, Мәскеудің азуын айға білеген академик, профессорлары алдында «Молекулалардың тербелмелі спектрлерінің екінші қатарлы тізбелерін зерттеу» деген тақырыпта кандидаттық



диссертация қорғап, айды аспанға бір-ақ шығарғанын жоғарыда айттық. Өйткені бұл салада, спектрлердің екінші катарлы тізбелерін зерттеген қазақ ғалымы ол кезде жоқ болатын. Бұратана деп бұртия, жабайы деп жатырқай қарайтын, атам заманнан оқу-тоқуы бар, атақтары әлемге әйгілі физика ғылымының сұңғылалары сол сәтте қазақтың кара домалақ баласы Зейноллаға «ойпырай-ә» деп, мойын бұрып, ойлана қарап, бір ауыздан «физика-математика ғылымының кандидаты» деген дәрежеге ұсыныс жасаған. Бұл Зейнолланың отыз деген жасының «Орда бұзған» тұсы болатын!

Енді «қамал алар кырықта» Зейнолла Молдахметов республикадағы іргелі институтқа ректор болып, өзін тағы бір сынға салғалы отыр. Өзі емес-ау, өзгелер, ел басшылары сенім білдіріп тұрғанда қайда қашпақ. Нағыз енбек етіп, тынымсыз тіршілік жасайтын, қоғамға, халқына нағыз пайдасын тигізетін, талайдан жиған білімін жастарға беріп, ұрпақ тәрбиелейтін жаста емес пе?!

Абай: «Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсің, ал, бағың өскен соң өзін ғана тілейсің» демеп пе еді?! Сөзінде жүрегінді шымырлатар шындық бар. Сол шындықтың бірі шәкірті Зейнолла қызметке кіріскен соң көп ұзамай Ебіней Бөкетов екі желеу бір сылтаумен, сырт қарағанға қайын жұртына келген болып, ал, шын мәнінде шәкіртіне қолдау, қолпаштау көрсету мақсатында Шымкентке келді. Қазақстанның қай жеріне барса да қошемет пен құрметтен кенде болмайтын академик Бөкетовті қайын жұрты төбелеріне көтеріп, кезек-кезек қонаққа шақырып, құрақ ұшып қарсы алды. Бәрінде де қасына Зейнолланы ертіп, оған деген құрметі мен сүйіспеншілігін ел алдында ақтара айтып, абыройын бұрынғыдан да биіктетіп жіберді. Үлкен басын кез келгенге ие қоймайтын академик Бөкетовтің бұл әрекетінен шәкірті Зейнолланың адамдығы мен ғалымдығын, іскерлігін жоғары бағалайтынын, бір сөзбен айтқанда оған деген құрметін көруге болушы еді.

Осындай ұлы ұстазының тілеуі ме, әлде өз тілеуі ме, кім білсін, әйтеуір, ұлы Абайдың айтқан бағы Зейноллаға да қонды. Енді сол бақты ұшырып алмай, жаңа қызметті абыройлы атқару оның өзіне ғана байланысты болып қалғанды. Себебі, ол ендігі жерде үлкен бір ұжымның басшысы, көш бастаушысы еді.

Ол ұжым қандай еді? «Бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып, жүз құбылған салт шықты». Топ-топқа бөлініп, бірінің үстінен бірі арыз жазып, бүгінгі дос ертең дұшпанға айналып, кімге сыр ақтарарын білмей, берекесі кеткен ұжымды басқар. Басқар да жөнге сал дейді. Қиын да, қорқынышты...

Нар тәуекел, іске кірісті! Алғашқы күннен өзіне сұранған ұжым мүшелерін, профессор-оқытушылардан бастап студенттерге дейін қабылдап, пікірін тыңдады, ұсыныстарын сұрады, жұмысқа жұмылдырды. Ешкімнің ары мен намысына тимей, ауыс-түйістің бәрін әркімнің қабілет-қарымына қарай жасады.

Айталық, факультет деканы В.М.Кириллинді институттың оқу ісі жөніндегі проректоры етіп тағайындады. Ұтымды тандауға ұжым мүшелері дән риза болды. Енбекке адал, білімі де, тәжірибесі де мол Василий Михайлович бұл орынға шын мәнінде ылайықты болатын. Молдахметов соны дөп басты. Ал, Шаяхмет Молдабековті ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры етіп тағайындады. Бір ауданның хатшылығымен пара-пар келетін институт партия ұйымын М.И.Миркин басқарды. Бес жүзден астам профессор-оқытушысы, бес мыңнан астам студенті бар үлкен ұжымды басқару үшін Зейнолла Молдахметов өз «командасын» осылайша жасақтады. Іскер, қабілетті, енбекқор азаматтарды өз ұжымынан тапты, таныды.

Молдахметов шешіміне жер тепкілеп, отыра қалып арыз жазған ешкім болмады. Қайта, ай сайынғы тексерістергеуден жұрттың жұқарған жүйкесі қалыпқа түсіп, көңіл-күй көтеріле бастады. Оқытушы-ұстаздар жұмысқа

ерекше бір жұлдыныспен, жұмыла кірісті, қызығушылық артты. Сыры неде? Сыры біреу – әркімге қабілетіне қарай қызмет, біліміне қарай билік беруде. Сөйтіп, «көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел» дегендей-ақ, аз уақыт ішінде берекесі кеткен ұжымға бірлік пен ынтымақ әкеліп, көпті жөнге бастады. Көпті көргендігін, тәжірибесінің барлығын, білім парасатының молдығын, іскер ұйымдастырушы екенін көпке көрсетті, өзін танытты.

Жаксының артында жақсы сөз, тәлім аларлық іс қалады. Молдахметовтің артында, шымкенттіктер айтып жүретін жаксы әңгімелер жетерлік. Соның бір парасы мына әңгіме:

Төрт бөлмелі үй алуға кезегі келіп тұрған, бірақ семьясында үш жан ғана бар Ескендіров Шәріпжанды ректор Молдахметов өзіне шақырып: “көп жылдан бері сегіз жан бір бөлмелі үйде тұрады екен, оған сен қалай қарайсың? Рас, үй алуға сенің кезегің келіп тұр, бірақ әлгі әріптесіңнің жағдайын ойлап көрші... Ал, сендерге әзірге үш бөлмелі үй де жарайды емес пе... Әлі жассындар ғой, талай үй аласың...” деп, оны әңгімеге тартып, ақылдасыпты. Бастапқыда кезек менікі деп көніңкіремеген Шәріпжан ақырында ректор қойып отырған мәселенің дұрыстығын, әділдігін түсініп, кезегін отбасы үлкен әріптесіне ұсынады.

Қараңыз, Молдахметовтің билік өзімде, қарындаш қолымда деп, белінен бір сызып, Шәріпжанның кезегін кейінге шегере салуына болатын еді ғой. Ондай дойыр бастықтар аз ба? Ол ондай өктемдікке бармады. Қайта әріптесімен ақылдасып, жөнге, әділіне шақырды. Бұл көп тағдырға «қолбасшы» болған Зейнолла Молдахметовтен үйренер, үлгі алар тұсымыз!

### **Шәріпжан Заханұлы ЕСКЕНДІРОВ**

*техника ғылымының докторы, профессор:*

– Бір күні Зейнолла Молдахметов шақырып алды да,

*әй-шайға қарамай, бірден: “механика факультетіне декан боласың” деді. Мен шынымды айтсам қорқып кеттім. Жаңа ғана аспирантураны бітіріп келген бетім, баржоғы 29 жастамын. Бір ғана артықшылығым — осы институтта оқыдым, мұғалімдерді жақсы білемін, бәрі өзіме сабақ бергендер. Ал, жұмыс тәжірибем мүлде жоқ. Сезімталдығы басым адам ғой, менің қобалжып тұрғанымды байқап: “Қорықпа, қасыңда мен бармын ғой, тек білмеген жеріңді сұраудан, ақылдасудан ұялма. Сен түгілі менің де білмейтінім көп... факультетті көтеру керек...” деп, жігер беретін жақсы сөздерін төпеп-төпеп, қарсы сөз айтуға да мұршамды келтірмей шығарып салды. Егер өзінің дұрыстығына сеніп тұрса, сіздің пікіріңізді де, қарсылығыңызды да тыңдамай, белден басып жіберетін Зекеңнің батылдығын бұрын да бірер мәрте байқағанмын. Кәзір де дәл солай болып тұр. Менің қарсылығымды: “қасыңда мен бармын ғой” деген, жылылығы мен сенімі мол сөзі сыртқа шығартпай, ішімде өлтіртті. Содан мен осы механика факультетіне он төрт жыл декан болдым!..*

*Оңтүстік Қазақстанда жыл сайын күзде студенттен бастап мектеп оқушысына дейін мақта теруге барамыз. Біздің институттың студенттері облыстың алты совхозына бөлініп мақта тереді. Сонда Зейнолла Молдахметов әлгі совхоздардың бәрін жиі аралап тұрудан шаршамайтын. Тіптен, кейде түнгі сағат екі- үште келетін кездері де болды. Сондағы бірінші сұрағы “балалардың қарны ашып қалған жоқ па, жаураған жоқсыңдар ма?» болатын. Ал, басқа басшылар келсе: “Неше тонна мақта тердіңдер, жоспарды неге орындамай жатырсыңдар?” деп, дікілдей жөпеледі. Молдахметовке жоспардан гөрі әр үйдің мәпелеп өсіріп, үміт етіп отырған баласының амандығы артық. Оны сөзінен де, көзінен де сезіп тұрамыз. Және бізге, декандарға: “почему вы своих сту-*

*дентов не защищают? Самый беззащитный, это – студент. Кэзiр олардың әкесi де, шешесi де сендерсiңдер. Қорғаңдар, қамқор болыңдар! Жаман оқығаннан басқаның бәрiн түсiнуге, кешiруге болады...” – дейтiн. Мiне, парасат дегенiңiз қайда жатыр! Зекеңнiң осы сөзiн өмiр бойы жадымда ұстап, өзiме үлгi тұтып, өмiрде қолданған кездерiм көп болды. Оны жасырмаймын, қайта мақтан етемiн! Жақсыдан гибрат деген осы болар, тегiнде.*

*Көп жылдардан кейiн, Алматыда Ғылым Академиясында докторлық дипломымды алып тұрып кездестiм. “Мен бiлгенiң сенiң ғылым докторы болатыныңды! Рахмет, сенiмдi ақтадың!” дедi, арқамнан қағып, менiң жетiстiгiме шын жүректен қуанып. Зейнолла Молдахметов менiң осы өмiрде сыйлап, жақсы көрiп жүретiн адамдарымның бiрi емес, бiрегейi...”*

\* \* \*

Облыстағы үлкен оқу орны болған соң оның әрбiр оқиға-тiршiлiгiнен көпшiлiк хабардар болып, құлақтарын түрiп отыратыны шындық. Алғаш Молдахметов ректор болып келгенде сол көпшiлiктiң: “өзi бiздiң жерден емес... не орыс емес, не қазақ емес, қайдан келген тiкбақай?” деген күңкiл сөз оған да жетiп жатты. Ол бұл сөзге арланған да, ашуланған да, ешкiммен айтысып, тартысқан да жоқ. Ақырын жүрiп, анық басып, тек iспен жауап берудi ойлады. Әуелi өзiне, сосын өзгеге талап қойды. Өзгеге талап, басқаға сабақ болар оқиғаны Шымкенттiктер әлi айтды...

Ол кез – Кеңестiк дәуiрде бүкiл облыс шаруашылығын қаржыландыратын жалғыз ғана банк болатын. Ал институтта Облыстық банк бастығының баласы оқиды. Әкесiне арқа сүйеп алған әлгi бала мүлдем сабаққа келмейдi. Ақырында сессияға жiберiлмедi. Әкесi өктем үнмен деканатқа шықты. Декан ректор Молдахметовке мән-жайды айтты.

– Оқымаса кетсiн, диплом, бiлiм әкесiне емес, бала-

сына керек... әркiм өз жөнiмен жүрсiн, – деп, ректор жауапты қысқа қайырды. Ақыры банкирдiң баласы сессияға жiберiлмедi.

Бүкiл облыстың қаржы-қаражаты қолында, соның буына мейманасы асқан, бетiне ешкiм келiп көрмеген әлгi банкир Молдахметовтiң бұл әрекетiне шат-шәлкей болып, терiсiне сыймай, ашуға басып, ақырында институттың банкiдегi қаржы-қаражат есеп-шотын жапқызып тастады. Институт деген де үлкен шаруашылық емес пе?! Ал, ол шаруаны қаражатысыз қалай шешпексiң. Бiр айлыққа қарап, тосып отырған коллектив тағы бар. Бiрақ, бұған Молдахметов асып-сасқан жоқ. Ешкiммен керiлдесiп, кеңiрдектескен де жоқ, жалпақтап, жалбарынған да жоқ. Бәрiн ақыл-парасатпен бiрте-бiрте шештi. Молдахметов мықтылық емес, мәдениеттiлiк көрсеттi. «Бiлiмсiз – бiрдi, бiлiмдi – мыңды жығардың» керi болды. Банкир де тексiз емес екен, өзiнiң артықтау кеткенiн түсiнген болар, баласын оқуға басқа жаққа ауыстырып жiбердi. Молдахметовтен басын иiп кешiрiм сұрамағанмен, жауласқан жоқ. Қайта банкир әдiлдiгi бар азаматпен сәлемi түзу, пейiлi дұрыс жолдасқа айналып, араласып жүрдi.

Ал, Молдахметов әрекетiнде өзiне, өз iсiнiң әдiлдiгiне сенген адамның қолынан келетiн ғана батылдық, мiнез бар едi!

«...Үкiметтiң берiп отырған қаражатын бермеуге қандай хақысы бар? Солқылдақтық танытып, оқымаған баланы оқыды, қараны ақ десем, өзiмде қандай бедел, абырой, қасиет қалмақ?! Басқалар не ойламақ? Келмей ме сосын қалғандары да, оқымаған балаларын жетектiп. Көптiң iшiнен таңдау тастап, сенiп жiберген «Орталық» не ойламақ? Бара салып былыққа батты, келе салып күн көрудiң соында кеттi, бұл да жәй-ақ екен ғой демей ме?!»

Бұл – жаңа қызметке, жаңа ортаға келген Молдахметовтiң өзiне-өзi қойған сауалдары мен жауабы, өзiн-



өзі қайрауы еді. Жауапкершілікті сезіну деген де нағыз адамгершілік қасиет пе дерсіз! Адам, кімде-кім болмасын, біреудің алдында жауапты, міндетті екенін сезініп, парыз, қарыз дегеннің өтемін ойлап, өмірдегі өз орнын біліп жүрсе, қысқасы, жарық дүниеге неге келдім, не бітірдім дегенді таразылап, түйсіне жүрсе ойың да, ісің де сергек, тіршілігің де мәнді болады екен-ау, – дейді ол. Бұл оның Шымкенттен, жаңа ортадан алған алғашқы «өмір» сабақтарының бірі еді.

Институт ұжымын бір ретке келтіріп алған соң Молдахметов кезекті бір ғылыми кеңесте Республикалық және Бүкілодақтық ғылыми конференция өткізу идеясын және оның мақсатын, мәнін айтты. Мақсат – көпті жиып, қонақ ету емес, Одаққа белгілі үлкен ғылым-білім ордаларымен байланыс, қарым-қатынас туғызып, студенттердің білімін көтеріп, ұстаздардың ғылыммен айналысуына жол ашу. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі ақымақшылық!» – депті, ұлы Абай. Артықшылықты ғылым мен білімнен іздеген институт ұжымы қатарынан бірнеше жыл Бүкілодақтық ғылыми конференциялар өткізді. Ақырында, бұл бастаманың нәтижесі зор болды. Көптеген жастар Мәскеу, Ленинград, Киев, Новосибиррге... аспирантура, докторантураға тасқындай тасыды. Олар екі-үш жылдың ішінде, біртіндеп, біртіндеп ғылыми атақ алып, институт қабырғасына орала да бастады.

### **Нұрахмет МҮТӘЛІҰЛЫ,**

*физика-математика ғылымдарының  
кандидаты, доцент:*

– Зейнолла Молдахметұлы атышптырым кабинеттің төрінде отырады. Сыйқырлы есікті ашқанда, ақырын ашамыз. Жалпы Зекеңнің бойында бір сес бар. Оның алдына алау-далау болып, қалай болса солай бара алмайсың.

*Етек жеңіңді жинап, тіптен айтар сөзіңе дейін ішіңнен сан қайталап барасың. Өзі өмірі көсіліп көп сөйлемейді, сені тыңдайды. Тапсырмасы қысқа, нұсқа болып жатады. Бірде бір шаруаны талқылап отырғанбыз, үстімізге облыстық партия комитетінің нұсқаушысы кіріп келді. Кабинеттің ортасына екпіндеп келіп қалған нұсқаушыға Молдахметов:*

– Мен адаммен сойлесіп отырмын ғой, қайда келесіз? – деді, түсін суытып. Адамы мен! Білесіз бе, сол кезде менің төбем көкке жеткендей қуанып қалдым. Себебі, жайшылықта ол нұсқаушы бізді адам құрлы көрмейтін. Нұсқаушының екпіні басылып қалды. Барған жерде иіліп-бүгіліп қарсы алғанға жаман үйренген әлгі нұсқаушы Зекеңнің зекуіне не айтарын білмей, ісініп тұрып:

– Шыға берейін бе? – деді. Зекең қатқыл үнмен: «Ия!» деді. Бәріне куә болып отырған мен Зекеңнің батылдығына риза болдым, кешірім сұрауға өресі жетпеген нұсқаушы үшін ұялдым. Обкомда қызмет істегеніне ісіп-кеуіп жүретін ақылсыздау нұсқаушының демін осылай басып, Зекең орнына қойды. Шынында да өрескел әдет қой. Ректор шаруа шешіп отыр, нұсқаушы болса оңмеңдеп кіріп келеді. Бұл өзіме үлкен сабақ болды. Бұдан кейін ректорға емес, студенттің алдына кіретін болсам да рұқсат сұрайтын жағдайға жеттім. Бұл мәдениеттілік, өзгені сыйлау екен. Өзгені сыйласаң өзің құрметті болады екенсің, орынсыз ұятқа қалмайды екенсің. Бұл менің Зекеңнен алған тәлімім, тәрбием, сабағым!

Енді бірде, тағы да осылай жұмыс барысын әңгіме етіп отырғанымызда есікті ақырын ашып, бір ақсақал сығалады. Ректордың алдында адам отырғанын көрді де, ақсақал тез есікті жаба қойды. Сол-ақ екен Зекең орнынан атып тұрып, есікке беттеді. Артына әлгі ақсақалды қолтықтап, кабинетке кіргізіп, диванға екеуі қатар отырды. «Неге айтпадыңыз... машина жіберетін едім ғой ...» деді, Зекең әлгі ақсақалдың алдында бала-

ша елпеңдеп. Зекеңнің мұндай мінезін бұрын көрмеген мен аңырайып тұрып қалыппын. Өте сирек, тек көңілді кезінде ғана айтатын “батыр” сөзін қосып: «...жүре бер, кейін ақылдасармыз» — деді маған. Бұл әрекетіне, мінезіне қалай сүйсінбейсің! Тағы да өзіме тәлім, тәрбие, сабақ алдым.

Бірде, кезекті ғылыми кеңесте өзі туралы пікірі жоғары бір доцентке алты адам қарсы шықты. Бұрын ол доцент “көк” десе қалғандары да “көк” дейтін, “қара” десе қалғандары да “қара” дейтін. Себебі, ол бұрынғы ректордың жақыны, пікірлесі болды да, өз өктемдігін айналасына аямай жүргізді. Молдахметовтің әділдігіне арқа сүйеген әлгі алтау да алған беттерінен қайтар емес, қайта өршеленіп барады. Тізесі талай батқан доценттен қарымта қайтарар тұстың келгенін сезіп тұр. Бұрын ешкім бетіне келіп: “сіздікі дұрыс емес!” дегенді естімеген доцент, терісіне сыймай, қайта-қайта қарсы дау айтып, шыжбалаңдап тұрып алды. Қателігін мойындамақ түгілі, басынан сөз асырмай, ректорды да көзіне ілмей көкіректеніп тұрған доцентке, бір кезде Молдахметов орнынан аспай-саспай тұрды да:

— Сізге алты бірдей адамның қарсы болуы бір нәрсе айта ма өзі? — деп, сұрақты төтесінен қойды. Анау сонда да шыжбалаңдап қояр емес. Ақырында Зекең өзі сөз алып, ұзақ сөйлеп, арасында ана доцентке алты рет сұрақ қойып, алты рет орнынан тұрғызып, алты рет отырғызды. Бірде-бір сұрағына мандытып жауап бере алмаған, мәнді мәселе көтере алмаған, кәсіби деңгейі төмен, өркөкірек пендені көптің алдында мақтамен бауыздап салды.

Жасырмайын, Зейнолла Молдахметовтің осы үш қылығынан өзіме өмірлік гибрат, сабақ алдым. «Ағаны сыйласаң алғыс аларсың», «Білімсіз бірді, білімді мыңды жығар» деген ел даналығына көзімді Зекең жеткізді. Кеуделікпен көпті жеңем деген ақылсызды бір сәтте ол

ақыл-парасатымен демін басып, орнына қойды. Бұдан мен ғана емес, залда отырғандардың бәрі де гибрат алғандай болды.

Өз басым оның осындай өткірлігіне, алғырлығына тәнтімін. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз...» дегендейін, Зекеңнен көрген-білгенімді қызмет бабында пайдаланып, жақсы ағаға ұқсағым келіп жүреді...»

Өкінішке қарай, Зейнолла Молдахметовтен алған тәлім-тәрбиесін ағынан ақтарыла айтқан азамат Нұрахмет Мүтәліұлы бүгінде ортамызда жоқ. Ол ақ сақалды абыз атанбай жатып, ертелеу өмірден өтіп кетті. Жаны жәнатта болғай дей отырып, үн таспаға жазылған естелігін қағазға осылайша түсірдік.

\* \* \*

Шымкентке келгеніне жарты жыл болған тұста Зейнолла Молдахметов Қазақ ССР Ғылым Академиясының жолдамасымен Герман Демократиялық Республикасына ғылыми сапармен барды. Көптеген жоғары оқу орындарында болып, өндіріс орындарын, ғылыми институттарды аралап, олардың жұмыс жағдайларымен танысты. Шынын айтқанда Молдахметов неміс ұлтының өмірімен, тыныстіршілігімен таныса жүріп, тамсанған, таң қалған. Екінші дүниежүзлік соғыста моральдық жағынан да, материалдық жағынан да тұралаған халықтың небары отыз жыл ішінде көркейіп, білім мен ғылым саласында соншама дамып кетуі оны таң қалдыра тұрып ойландырды да. “Тез өсіп, дамуында қандай сыр бар? Біз неге бұларға ілесе алмадық. Біз де өзімізді Ұлы державамыз деп, ұрандатып жүрген жокпыз ба? Бірақ, тұрмысымыз әлде қайда төмен...” Молдахметов алғаш рет шет елге шығып, шырмалған осындай ойдың жетегінде елге оралған-ды...

Не керек, Герман Демократиялық Республикасынан үйренетін нәрсе көп екенін түсінді. Онда өндірістік қатынастар мен қоғамдық құрылым біздегіден басқаша.

Әсіресе, ғылым мен өндіріс арасында байланыс күшті. Тіптен өндіріс орындары ғылым жаңалықтарын күтіп отыратын көрінеді. Жаңа жаңалық өндірістің өркендеп, халықтың баюының басты кепілі деп түсінеді. Ал бізде жаңалығың қанша маңызды болса да, шаң басып сөрелерде жата береді. Молдахметов келісімен әрекетке кірісті, қаладағы өндіріс басшыларын шақырып, семинар-кеңес өткізді. Өндіріс басшыларын тындады. Проблема көп екен. Өндіріс пен оқу орнының арасындағы байланыс әлжуаз, жұмыстары бір мақсатқа бағытталмаған. Институт ғалымдары жақсы жетістікке жететін озық технологияны тапқанмен, оның өндіріске енуі мүлдем баяу. Әркім өз бетімен тіршілік жасауда. Оны қадағалап, өндіріске енгізіп отыратын арнайы ұйым, қысқасы, мақсатты басшылық жоқ. Соның салдарынан біздің завод, фабрикаларымызда жұмыстың көбі адам қолымен атқарылады, шығарған өнімнің сапасы айтарлықтай төмен...

Бұдан шығар жол іздеді. Тапқаны – институт іргесінен, «Ғылыми жаңалықтарды өндіріске тез енгізу» ұйымын құрды да, оған өзі басшылық жасады. Ұйым жұмысын Фосфор зауытының директоры, Советтер Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаты Әлжанов Тілеубай, республикадағы алып өндіріс ошақтарының бірі – Қорғасын зауытының директоры Қаптабергенов Ырзабай, аймақтық «Южказэнерго» бастығы Абдуллаев Халық шын пейілдерімен құптап, қолдады, қамқорлықтарын көрсетті. Ғалымдар ашқан біршама жаңалықтарды өндіріске енгізіп, өнім сапасы артты. Бұл арқылы ғалымдар ұйымының қажеттігін дәлелдеді. Институттың белсенді жастары, комсомол ұйымының жетекшісі Зауытбек Тұрысбеков, кафедра меңгерушісі, жергілікті кәсіподақ комитетінің төрағасы Мұрат Жұрынов аталмыш ұйымның бірден-бір ұйтқысы бола білді.

Осы тұста ғалым Зейнолла Молдахметов кең ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік етті. Айталық,

Б.Ф.Минаев, М.Ж.Жұрынов, Н.М.Иванова, А.Е.Бөкетов, И.С.Іргебаева, Ж.Д.Дәушеевтермен бірлесіп, «Молекулалық спектроскопия мен химиялық кинетикадағы спин-орбиталдық қатынастың рөлі» төңірегінде біршама жақсы жаңалықтар ашты. Және ол ғалым А.В.Бобровпен бірлесіп «Жарықтың комбинациялық шашырауының спектроскопиясы» деген бірегей монография жазды.

Ерекшелей айтуға тұратын бір оқиға – 1980 жылы ҚазХТИ-да Зейнолла Молдахметовтің бастамасымен республикада алғашқы болып квантты химиядан Бүкілодақтық ғылыми кеңес өткізілді. Осыған байланысты Қазақстанда квантты химияның негізі осы кезден қаланды деп мойындалып та, айтылып та, жазылып та жүр. Әрине, бұл жерде химия ғылымының докторы, профессор және ұймдастырушылық, іскерлік қабілеті ерекше Зейнолла Молдахметұлының еңбегін ерекшелей айтқан жөн. Ол дәл осы жолы квантты химияның білгірі, ірі ғалым екенін республика, қала берді Одақ көлеміне танытты.

### **Шаяхмет МОЛДАБЕКОВ,**

*техника ғылымының докторы, профессор:*

*– Негізінде біздің институт өндіріс мамандарын дайындайтын болғандықтан Зекең келе сала облыстағы өндіріс басшыларын және Одақ көлеміндегі іргелі зауыт, фабрика басшыларын арнайы шақырып, семинар-кеңес өткізді. Ондағы мақсат оқыту мен өндіріс арасындағы байланыс деңгейін және өндіріс басшыларын тыңдай отырып, білім беруде кетіп жатқан кемшілік көзін ашу және ашылған ғылыми жаңалықтардың өндіріске тез арада енгізілмеуінің себеп-салдарын анықтау болды. Бұл семинар-кеңес институттың болашақ жұмысына бағыт-бағдар берді деуге әбден болады. Себебі, осы семинардан кейін оқыту мен өндірістегі практика жүйесіне біршама өзгерістер енгізілді, жаңалықтар қосылды.*

*Зейнолла Молдахметов бізге ректор болып келгенде*



одан басқа ешкімде “ғылым докторы, профессор” деген ғылым дәреже, атақ болмайтын. Мұның дұрыс еместігін түсінген ғалым жастарды ғылымға бірден көптеп тартты. Бір жылдың ішінде оншақты адамды Мәскеу, Ленинград, Ташкент... докторантураларына жіберді. Қазақта: “Не ексең, соны орасың” деген сөз бар, ақырында ғылым докторының саны он сегізге жетті. Олардың бәрі Молдахметов шәкірттері еді. Атап айтатын болсақ, химия ғылымының докторы, профессор Жұрынов Мұрат, геология ғылымының докторы Есімов Беген, техника ғылымының докторы, профессор Кәрібаев Кеңес, техника ғылымының докторы, профессор Тілеуқұлов Орынтай...

\* \* \*

Содан, Қазақ химия-технология институтында химия ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Молдахметов бес жыл ректор қызметін атқарды. Сұрақ туады. Көп пе, аз ба? Мәселе уақыттың аз, әйтпесе, көптігінде емес, атқарылған істің, тындырылған тірліктің мәніне байланысты екен. Айталық, бес жыл ішінде Молдахметов институт алдына айқын мақсат қоя білді:

– Студенттердің Бүкілодақтық ғылыми конференциясы өткізілді,

– Мәскеу, Ленинград, Қазан, Киев, Ташкент қалаларына оқытушы-ғалымдар аспирантура мен докторантураға жіберілді;

– белгілі академик-профессорлар басқа қалалардан арнайы шақырылып, дәріс оқыды,

– сырттан окитын студенттердің өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуін қатаң талап етті,

– көп үміт күтуге болатын жастарды декан, кафедра меңгерушілері етіп тағайындады;

– Жамбыл, Қызылорда, Шымкент қалаларындағы оқу орындарының біріккен Ректорлар кеңесінің төрағасы болды;

– одақ көлеміндегі іргелі жоғары оқу орындарымен байланыс орнатты;

– студенттер арасында ғылыми-зерттеу жұмыстары жанданды;

– оқудың өндіріспен байланысын күшейтіп, практикаға көп көңіл бөлді;

– еңбекке жолдама алған студенттердің жұмыс орнына баруы қатаң қадағаланды;

– әлеуметтік - тұрмыстық жағдай күрт жақсарып, қаншама жыл кезекте тұрғандар пәтер ала бастады;

– жаңадан оқу корпусы, жатақхана, тұрғын үй, Студенттер үйі салынды;

– институттың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, жаңа жабдықтармен жабдықталды;

– бәрінен бұрын Орталық Комитетке күн сайын жазылып жататын домалақ арыздар тиылып, институт ұжымына береке-тыныштық орнады. Жастарға құлшыныс, үлкендерге ізет келді.

\* \* \*

Институттың осындай сан-салалы шаруасын бір адамның – Зейнолла Молдахметовтің жалғыз өзі атқарып, еңсеріп тастауы, әрине, мүмкін емес. Көп болып көтеріп, ел болып атқаратын тірліктер бәрі де. Солай болды да. Шымкентке алғаш қадам басқан күннен бастап, жақсы пейілмен алдынан шыққан облыс басшылары, түрлі мекеме бастықтары, қоғамдық ұйымдардың төрағалары, тіптен қарапайым қарттардан бастап, жалындаған жастарға дейін бүгінде бәрі де көңлінде, бейнелері көз алдында. Өз өмір тарихына өшпестей болып, белді белес болып жазылған ол жылдарды, сол бір ел азаматтарын ол ешқашан ұмытқан емес.

Ол кезде – жетпісінші жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Рамазанов Аманолла болатын. Павлодар облысының тумасы болғанмен, мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарды оңтүстік өлкеде бастап, осы

ортаға әбден сіңісіп, ел құрметтісіне айналып кеткен азамат. Мысалы, 1970-1972 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, сосын, 1972-1978 жылдары бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Ол Зейнолла Молдахметовке облыстық партия комитеті тарапынан қажетті жерінде қолдау көрсетіп, қамқорлығын аяған емес.

1978 жылы облыстың партия комитетіне бірінші хатшы болып Асқаров Асанбай келді. Шымкентке бара қалсаңыз: “Мына үйді Асқаров салғызған, мына ат ойындар стадионын Асқаров тұрғызған, қала көшелерін жасыл желекке көмкерген де Асқаров...”, тағысын-тағы, осыған ұқсас сөздерді жиі естисіз. Айтты-айтпады, Оңтүстік өңірінің экономикасы мен мәдениетінің бір сатыға көтерілуіне елеулі үлес қосқан адам. Оның енбегі заманының ең биік, ең құрметті Ленин орденімен бес рет, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі рет, Октябрь Революциясы орденімен марапатталған болатын. Нақ Оңтүстік Қазақстандағы қызметі үшін Социалистик Еңбек Ері атағын иеленді.

Асанбай Асқаровтың ел басқарудағы тәсіліне Молдахметов әлі де тәнті. Көп мәселенің ішінен халыққа аса қажеттісін тауып, дөп басып, бастама көтеріп, оған жұртты жұмылдырып жіберетін іс-тәсілінен өзі де талай сабақ алған. Мысалы, алғаш рет институт жұмысын бюрода қараған кездегі сұрақ қойысы, мәселені тереңнен талдауы бейне бір сол институтта қырық жыл істеп, қыры мен сырын толық білетін адамша көсілген кезі көз алдында. Бұл Асқаровтың әдеттегі қасиеті. Қай мекемені, қай кәсіпорынды бюрода қарамасын, тура сол салада өмір бойы істеп, тәжірибе жинақтаған адамша, бар мәселе-проблемасын алдына жайып салады, оған өтірік ақпарат, жалған мәліметті өткізе алмайсың.

Сол басшының бір азаматтық ісін Зейнолла Молдахметов өмірі ұмытқан емес, есіне жиі түсіріп, әр ортада ай-

тып жүреді. Онысы әркімге де сабақ, үлгі болсын дегені шығар.

...Бір күні «институттың акт залы өртеніп жатыр» деген суық хабар түн ортасында ректор Молдахметовтен бастап, облыс басшыларын тік тұрғызды. Тілсіз жау – өрттің сәт сайын қаулап, басқа ғимараттарды да жалмау қаупі туды. Қырсықты қойыңыз қаладағы өрт сөндіретін машиналардың біразы жарамсыз болып шықты. Бұл хабар Асқаровқа жетісімен, тез арада Жамбыл, Алматыдан көмек сұрады. Көмек тез келіп, өрт сөндіретін машиналар оны өршітпей, сөндіріп алды. Пиғылы жаман адам болса өрттің астарынан өсек іздеп, “Бұл қастандық, әдейі өртелген...немесе, қызметке немқұрайды қараудың салдары...” деп, республикаға, жоғары жаққа хабарлап, улатып-шулатып, заң қызметкерлерінің құлағын көтеріп, еліртіп жіберуіне әбден болар еді ғой. Бірақ, Асқаров өйтпеді, қайта түк болмағандай, сабырлы, сырбаз қалпынан ауытқымай, тез арада «Студенттер сарайын» салуға тиісті мекемелерге тапсырма беріп, қаражат бөлуін сұрады. Бірінші басшының қас-қабағына қарап үйренген басқалар да оның тапсырмасын бұлжытпай орындады. Жаңа қызметке, жаңа ортаға келе салысымен қиындыққа тап болған өзін демеп жіберген асыл ағасының бұл тірлігін Зейнолла еш уақытта ұмытқан емес. Нағыз ел басшысына ылайықты ірі мінезіне, парасатына дән риза болып, тәлім-тағлым алған-ды.

Өзін қолдап, демейтін адамдар аз болды ма?! Бірінші хатшы Асанбай Асқаровтан бастап, хатшылар: Давыдов, Тілеубергенов Ыдырыс, бөлім меңгерушісі Бопова Дүйсенкүл, облыстық атқару комитетінің төрағасы Шаймерденов Жамалбек, қалалық партком хатшысы Тыныбаев Жомарт, аудандық партком хатшылары: Тәліпова Клара, Малдыбеков Сымағұл, Әлжанов... бәрі де «біз де бастықпыз» деп, шекесінен қарап шіренбей, оқыған, білімді, мәдениетті екендігін қай кезде де, қандай бір істің

үстінде де көрсете білді. Сыйластығы жарасқан жандарға, сәлемі түзу жолдасқа айналды.

Біздің халық “Ағаны сыйласан – алғыс аласың” дейді. Ал Зейнолла Молдахметовтің сыйлайтын, ақыл-кеңес алатын, алдыңғы топ ағалары Тәшенов Жұмабек, Сәрсенбаев Мырзахан, Сұлтан Сүлейменов, Сасбұқаев Әділ, Бекманов Мақан, Әйменов Талқа, Темірбеков Сәдуақас ...болды. Әрине, бұлардың бәрі де бұл күнде о дүниелік болып кеткендер. Бірақ, олардың ағалық ақылы мен қамқорлығы Молдахметов жадында мәңгіге сақталған.

Айталық, Жұмабек Ахметұлы Тәшеновті алайық, бір өзі жатқан өмір мектебі емес пе?!

Ардагер азамат – Тәшеновтің Қазақстан тарихында өшпестей ізі бар. Солтүстік облыстар Ресейге берілуі керек деген ұйғарым айтыла бастағанда «кеудесін окка төсеген» басшылардың бірі. Оның бұл мінезі Мәскеуде, Алматыда отырған үлкен мемлекет басшыларына ұнамай ақырында қызметтен төтеннен төмендетілді. Әлі де еңбек етуге қабілеті де, денсаулығы да бола тұрғанына қарамастан 1975 жылы жасы зейнеткерлікке жеткен күні төраға орынбасарлығынан босатылды.

Зейнолладан әу бастан ақыл-кеңесін аямаған, жас алшақтығына қарамай әзіл-қалжыңдары жарасқан, ақжарқын аға, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Мырзахан Сәрсенбаев болды. Осы елдің өсіп-өркендеуіне тап жылмай, табан тіреп үлес қосқан азаматтың бірі емес, бірегейі ол. Қазақ кен-металлургия институтын бітіргеніне бір жыл ғана болып, еңбекке енді араласып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. Сәрсенбаев соғыстың басынан аяғына дейін болып, Белоруссияны, Польшаны, Шығыс Пруссияны, Чехославакия мен Берлинді неміс фашистерінен азат етуге қатысты. Ал, соғыстан оралысымен Шымкент педагогика институтында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, сосын ректордың оқу ісі мен ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, ақырында

химия-технология институтының ректоры қызметін көп жылдар атқарды. Бірінші, екінші дәрежелі “Отан соғысы” ордендерімен, Білім мен ғылым саласында еткен еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Сексеннің сенгірінен асып, 1995 жылы дүние салды.

Шымкентте ол кезде бар-жоғы үш институт болақтын. Оның бірі – Мәдениет институты, ректоры Сәдуақас Темірбеков еді. Ақжарқын, кеңпейіл, іскер азаматпен Зейнолла келісімен-ақ сыйласып, ағалы-інілідей араласқұралас болды. Алғашқылардың бірі болып Зейноллаға ерулікті Сәдуақас ағасы берді. Баяғы сол атақты “Священный союз” тағы да жиналды. Өңмендеп төрге өтуге ыңғайсызданған Зейнолла үлкендерге, Мырзекендерге жол беріп: “Сіздер шығыңыздар!” дей берді. Сонда Сәдуақас ағасы:

– Зейнолла, сен шық төрге, жасың кіші болғанмен, үш жылға дейін біздің елдің қонағысың. Егер сол үш жылда жақсы жағыңмен көрінсең, онда сен өмір бойы Оңтүстік елінің төрінде боласың, ал, жамандағыңды көрсетіп қойсаң, онда анау жаққа, есікке кетесің,—деді, босаға жақты нұсқап. Өткір айтылған әзілге бәрі ду күлді, Зейнолла да оларға қосылды. Бірақ, іштей ойланып қалды. Қанша жерден қалжың ретінде айтылғанмен, шындығы қылш сермегендей, жан шошытарлықтай еді. “Құдай сақтасын, осы ақыл мен есім өзімде тұрса, төрдегі басымды есікке сүйрете қоймаспын” – деді Зейнолла іштей.

Осындай ағаларының аяғын алып жүрген Зейнолланың қадыр тұтатын, құрметтейтін ағасының бірі – Қадыр Төреханов. Ол кісінің өзі де Оңтүстік елінің бір қадырлысы. Білім беру саласына бар өмірін арнаған, талай жеткіншекті жетілдіріп, біліммен сусындатқан нағыз ұстаз. Қаладағы бір техникумда директор болып отырған жерінен Молдахметовтің өзі шақырып, Қазақ химия-технология институтының кешкі және сырттай оқытатын



проректорлық қызметін ұсынады. Бұл хақында Қадыр ағаның өзі былай дейді:

– Мен бүгінгі әңгімені бастамас бұрын, осы институт тарихына байланысты бір шындықты айтайын. “Білгенін, көргенін айтпаған қарттан без” дей ме қазақ. Менің де жасым ұлғайды, естігенімді, білетінімді айтып кету парызым, әрі қарызым деп білемін.

Қазақстан Үкіметін ең қиын 1938 – 1951 жылдар аралығында Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов басқарған. Ол зейнеткерлікке шыққан соң елден жырақта, Мәскеуде тұрды. Сол кісі 1978 жылы туған жерін аралауға сонәу Мәскеуден Шымкентке, Түркістанға келді. Шынымды айтсам, Кеңестік дәуірде ел басқарған көп басшының ішінен Нұрекеңді өз басым жоғары бағалаймын. Қазақ халқы өссін, білімді, мәдениетті ел болсын деп, шыбын жаны шырылдап өткен нағыз жанашыр басшы ол. Қарап отырсаңыз, Қазақстанда небір мәдени орындар мен білім ордалары сол жылдарда, Оңдасынов ел Үкіметін басқайп тұрған кезде салынған. Ғылым Академиясы тура Оңдасынов пен Сәтбаевтың жігерлі еңбегінің арқасында жеке шаңырақ болып көтерілді. Сол жылдарда опера және балет театр үйі бітіп, консерватория ашылды, Одақ бойынша дара оқу орны – ЖенПИ ашылды, шет тілдер институтынан шығыстану факультеті ұйымдастырылды..., басқа облыс орталықтарынан Мұғалімдер институты мен училищелер бірінен кейін бірі ашыла бастады.

Соның бірі соғыстың жүріп жатқанына қарамай 1943 жылы Шымкент қаласынан ашылған Құрылыс материалдары технологиясы институты. (Кейіннен ол Химия-технология институты болып аталды). Бұл институттың көбіміз біле бермейтін қилы-қилы тарихы бар екен, оны мен сол жолы Нұрекең аузынан естідім. Естігенімді елге айтып кетуді парызым деп санаймын. Әңгімеге мені Нұрекеңнің өзі тартты.

– Қадыр айналайын, сен институтыңның жабылып барып ашылғанын білесің бе?

– Жоқ, бірінші рет естіп тұрмын. Ондай да оқиға болып па еді? – деп, білмейтінімді күлкімен жасырдым.

– Онда тыңда. Біліп алғаныңның зияны жоқ. Бұл оқиға 1943 жылы болған еді. Әлі соғыс жүріп жатыр. Гурьевте командировкада жүргенмін. Артымнан хабар келді – Шымкенттің құрылыс материалдары технологиясы институтын, кәзіргі институттарыңды, тиімсіз деп жапқалы жатыр, бұл пікірді хатшы Шаяхметов қолдайтын секілді, ЦК-ның бюросында қаралғалы жатыр дегенді ести салысымен, командировкамды қысқартып, Алматыға жеттім. Бюрода сөз алып, өнеркәсібі жаңадан дамып келе жатқан оңірге, жалпы Қазақстан үшін ондай институттың ауадай қажет екенін, бұл салада мамандардың жоқтығын фактылармен дәйектедім. Бірақ мені қолдағандар аз болды да, институтты жабу ұйғарылды. Протокол жазып отырған адамға көптің алдында “менің бір сөзімді қалдырмай түсіріңіз” деп ескерттім.

Не істеу керек? Көп ойландым. Оқу орнын көбейте алмай жатқанда, барын ұқсата алмай, жауып жатқанымызға күйіндім. Ойланып бір күн жүрдім де, тез жолға дайындалдым. Онсыз да қордаланып жатқан Үкімет шаруасымен баруым қажет болатын. Бюроның протоколын, қосымша дәлелдерімді жинап Мәскеуге, Оқу министріне бардым. Ол: «бюрода солай шешілген екен, дұрысы сол болар» деп, солқылдақтық танытты. Біз жақта көп айтылатын мақал бар білесің бе оны? “Шешінген судан тайынбас” деген. Мен де алған бетімнен қайтқым келмей, Берияға телефон соғып, Сталинге сұрандым. Қажетті оқу орнын жаптырғым келмеді, әрі елге жеңіліп оралмайын дедім. Не бітіріп келер екен деп, бірі шын жаны ашып, кейбірі сүрінгенімді тілеп отырғаны анық қой. Қабылдады. Қанша мысы

басып тұрса да, пісіп тұрған ойларымды, дәлелдерімді тоқтаусыз айтып шықтым. Түсінді. Орынбасарына тапсырма берді. Содан институт жабылмай аман қалды. Ал, бұл институттың халық шаруашылығына қосқан үлесі туралы саған айтып жатуым артық деп, Нұрекең әңгімесін доғарды.

Кезінде түсінбеушіліктен жабылып қала жаздалған бұл институт шынында да тек Қазақстанға емес, жалпы Орта Азия республикаларына, қала берді Ресейге де танымал болатын. Танымалдығы сол емес пе, сонау-сонау Ресейден келіп, бізде оқитын жастар аз болған жоқ. Оны мен жақсы білемін.

1975 жылы институтқа Зейнолла Молдахметов келгенге дейін Біләлов, Сүлейменов ректор болды. Олар институттың қалыптасып, өсуіне үлестерін аз қосқан жоқ. Ол өз алдына бөлек әңгіме...

Бір күні Зейнолла мені өзіне шақырды, екеуден-екеу отырып біраз әңгімелестік. Мен ол кезде гидротехникум директоры болатынмын. Әңгіменің соңында Зейнолла маған институттың кешкі және сырттай оқытатын проректор қызметіне шақырды. Өзімнен көп жасы кіші, қырықтан енді ғана асқан Зейнолладан жаңаша бір бағыт, өзгерістер әкелгісі келетінін ұқтым, онысы мені қуантты.

Содан, келісімімді беріп, 3500 студенті бар институттағы ең үлкен ұжым – кешкі және сырттай оқу бөлімі бойынша проректор қызметіне келдім. Мұндай үлкен ұжымды тікелей ректордың қолдау, қамқорлығынсыз басқарып кету, әрине, қиын. Оны Зейнолланың өзі де түсінді, бізді назарынан тыс қалдырған емес.

Ғылыми кеңесте екі мәселені өзі көтерді. Кешкі және сырттай оқытатын бөлімде көбіне ересек адамдар оқиды. Олардың бәрі өз мамандықтары бойынша емес, әртүрлі қызмет істеп жүргендер. Қысқасы, оқып жүрген оқуына атқарып жүрген жұмысы сай келмейді.

Біріншіден, соны дұрыс жолға қою – әркім мамандығына қарай жұмыс істеуі қажет деген талап қойды.

Екінші көтерген мәселесі – сабақ сапасын көтеру. Бұрын көбіне ғылыми атағы жоқ оқытушылар дәріс оқып, бұл бөлімге көңіл селқос бөлініп келсе, ендігі жерде профессор-оқытушылар семинар өткізіп, сабақ беретін болды. Бөлімнің жұмысы жаңаша жолға қойылып, соған байланысты беделі де өсті.

Қаладағы ірі кәсіпорындар: фосфор, қорғасын зауыттарының басшыларын, басқа да ірілі-ұсақты кәсіпорын директорларын шақырып, семинар-кеңес өткіздік. Сонда оқу мен өндірістің байланысы баса айтылып, талқыланды, маңызды шешімдер қабылданды. Сырттай оқытатын студенттердің өз мамандығы бойынша жұмыс істеуін басты талап етіп қойдық. Біз де өз жұмысымызды соған бағыттадық. Зекең бөлімге үнемі көңіл бөліп, мәселелерімізді дер кезінде шешіп беріп отырды. Талап қойды, сол арқылы жұмыс істете де білді. Талабы бар жас көрсе, көмектесті, жол көрсетті, бағыт-бағдар берді. Іскерлігі арқылы, әділдігі арқылы институт ұжымына қадырлы болды...

\* \* \*

Оңтүстік елінің әдемі әдебі, қазақы қалыпты бұзбай, сақтап қалған салты мен дәстүрі көп. Соның бірі – ауыл шетіне келіп қоныс тепкен қоңсыға, немесе, қызмет бабымен адам келсе, ауылдың атқамінерлері біртін-біртін сәлем беріп, амандасып, танысып, артынан ерулік беру. Зейнолланың да қызметке кіріскелі есігі бір жабылған емес. Ел ағаларынан бастап, әртүрлі мекеме басшылары “сәлем бергелі, танысқалы келдік” деп, кісілік көрсетіп жатты.

Мына бір әдемі танысуды Зейнолла ешқашан ұмытпайды. Жұмысқа кірісіп кеткеніне көп болмаған, бір күні сұңғақтау, акқұба келген ел ағасы кабинетіне келді. Салған беттен:

– Араға адам салмай, танысуға өзім келдім, – деді ақырын жымып. Мен Әділ Сасбұқаев деген ағаң боламын, талай жыл жаманды-жақсылы осы елге еңбегіміз сінді. Бірде биікте, бірде төменде болдық... өмір деген қызық екен... Өзіңнің біздің елге келген қадамың құтты болсын! – деді, әр сөзін баяу-баппен айтып.

Молдахметовке бірден ел ағасының ашыла, ағынан ақтарыла: “бірде биікте, бірде төменде болдық... араға адам салмай танысуға келдім” деген, әсірелеуі жок, шынайы сөзі ұнады ма, әйтеуір екеуі бірін-бірі алғаш көріп отырса да, біраз шешіліп әңгімелесті. Бұл дүниеде адам жанынан күрделі не бар екен?! Кім-кімнің де бар сырын ұғыу, бар қатпарын қазу мүмкін емес. Молдахметов алдына талай “дөкейлер” келіп, сәлемін беріп, құтықтауын алып, аялдамай шыға беретін. Ал, мына жүзі жылы, іс-әрекетінде, сөзінде жасандылығы жок Әділ ағасы өзіне де ұнап қалды. Өмір--сапардың біраз жолын жүріп, тіршіліктен түйгені мен көргені көп аға сөзінде даналық пен өзіне үлгі алар тұс тұнып тұр. Аз сөйлеп, көп тыңдаған жас Зейнолла соны ұқты. Өзінде жоқты, қазына картты тапқандай қуана ма қалай?!..

Зейнолла Молдахметов жүрегін жаулаған, ел ағасы атанған Әділ Сасбұқаев өмірдің ашысын да, тәттісін де бір кісідей көрген адам. Еңсе көтеріп, еңбекке енді араласа бергенде алдынан жалаңдаған сұм соғыс шықты. 1942 жылдан соғысқа аттанып, Севастополь, Симферополь, Днепропетровск қалаларын, Украина, Польша, Чехословакия жерін азат етуге қатысып, бірінші, екінші дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен марапатталды.

Бейбіт өмірдің еңбегіне белсене араласып, артында өшпес із қалдырған абзал азамат – Ленин, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі”, “Парасат” ордендерін омырауына тақты.

Өмірдің “төменінде” болған тұсы мынау. Оңтүстіктің

қалың халқы канша жерден Коммунистік партияның қылышынан қан тамып тұрса да, аузынан Алласы түспеген, бес уақыт намазы қаза болмаған, бакилық болғандарға құран оқытып, дұға шығартуды ұмытпаған ел. Әділ Сасбұқаев та обкомның екінші хатшысы бола жүріп, ата мен анасының басына көк тас орнатты. Оны ол перзенттік парызым деп түсінді. Ал, басқалар болса: жоғары жаққа “домалақ арызды” бірінен соң бірін домалатты, ақырында қызметтен босаттырды.

Бірақ Әділ аға кейбіреулердей мұрттай ұшып, көкірегі қарсы айрылып, ауру тауып, әбіржімеді. Айналасының да берекесін кетірмеді. Өз ісінің әділдігіне сенді, ішкі жігер-қайратына сүйенді, ата мен анасының аруағына сыйынды. Істің ақыры оң болды. Біраз жылдардан соң бәрі де орнына келді. Зейнолла Молдахметов Шымкентке келгенде Әділ Сасбұқаев облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы екен. Ағалы-інілі адамдардың таныстығы сыйластыққа, келе-келе туыстыққа ұласты. Әділ ағасы ерулікке шақырды, Зейнолла сыбаға берді...

*– Екеуінің арасында адам қызығарлықтай достық болды, – дейді Әділ ағамыздың бәйбішесі. – Әдекең де кез-келгенге аса жуыса қоймайтын, әйтеуір, Зейноллаға ниеті қатты құлады. Аз уақыттың ішінде үй ішімізбен жиі араласып кеттік. Зейнолланың жұбайы Фатима да ақжарқын жан екен, бізді жатырқай қойған жоқ. Бұрыннан өзіміз араласып жүретін Сүлейменов Сұлтан, Сәрсенбаев Мырзахан, Бекманов Мақан, Әйменов Талқа, Салықбаев Әуесхан... бәрі рет-ретімен Зейнолланы ерулікке шақырды. Таныстық келе-келе достыққа ұласты. Олардың адал достығына біреулер қызыға, кейбіреулер қызғана қарады.*

*Қарағанды университетіне ректор болып кететін кезде, шыны керек, қимай-қимай шығарып салдық. Онда барған соң кешікпей Зейнолла жаңа үйге кірді. Біздер, бір топ ағалары: Мырзекең (Сәрсенбаев Мырзахан), Ма-*



қаң ( Бекманов Мақан), Тәкең (Әйменов Талқа) бәрі де жұбайларымен және біз, не керек сегіз адам болып жаңа үйі мен қызметіне құтты болсын айтып бардық, қазақ жолымен.

Қызық болды, үйден шыға бергенімізде, Шымкент аэропортының бастығы Мырзекеңмен (Сәрсенбаев) корші екен, сол алдымыздан шыға келмесі бар ма. Салған беттен Мырзекең әлгі көршісі, қапсағай денелі орыс жігітіне қалжыңы мен шынын араластырып, біз Қарағандыға Зейнолла Молдахметовке кетіп барамыз, сондықтан сен самоләтінді әуре етіп, Жезқазғанға қондырып не етесің, бірден Қарағандыға ұшырсайшы деді. Бізді Қарағандыда Зейнолла асыға күтіп отыр дейді, тағы да қуақыланып. Мырзекеңнің бұл қалжыңына біз мәзбіз, дуылдап күліп қоямыз. Аэропорт бастығы, орыс жігіті:

– Ой, Мырзахан Сәрсенбаевич, Сіздің бір ауыз сөзіңіз ғой, қондырамыз Қарағандыға – деді, бізге қарап күліп. Шынын айтқанда біз бұның бәрін қалжыңға сайып, аса мән де беріп тұрған жоқпыз. Содан самолетке отырып, ұшып кеттік. Бір сағаттан асар-аспаста Жезқазғанға қонып, одан әрі Қарағандыға ұшуымыз керек. Бір кезде самолеттегі жолсерік қыз «самолет Қарағандыға қонды!» деп хабарлап тұр. Біз таң қалдық, әрі тез келіп қалғанымызға қуанып та тұрмыз. Ал, Зейнолла болса бұлай біздің бір жарым сағат бұрын келетінімізді қайдан білсін, күтіп тұрған ешкім жоқ. Содан аэропорт бастығының кабинетінен Зейнолланың үйіне Мырзекең телефон соқты. «Ал, Зейнолла, біз Қарағандыға келдік, Қарағандыны көрдік, енді қайтып барамыз!» деді. Ойламаған жерден ерте келіп, Зейнолланы бір састырғанымызға бәріміз де балаша мәзбіз. Содан жиырма миноут отер-отпесте, Ебіней аға екеуі аэропортқа жетіп келді. Сағынып қалыппыз, қуанышымыз қойнымызға сыймай бір-бірімізбен жамырай амандастық. Болмысынан ойын қысқа қайырып, дән жеткізетін Зейнолла бұл жолы да шын қуанышын аз

сөзге сыйдырып: – «торкіндерім келді, торкіндерім ғой бұлар менің... Қайран Оңтүстікте ел мен жұрт бар ғой... қаймағы бұзылмаған халық, ұлттық дәстүр бар онда...» деп, күнгейлік елдің өзіне көрсеткен көл-көсір пейілін ұмыта алмаған ол ағынан ақтарылып, біздің келісімізге де риза болып, жүзі жарқырап, көзі нұрланып-ақ тұр».

Содан Зейнолланың «төркіндері» төрт-бес күн қонақ болып, Қарағандының өзін, қала маңайын аралап, табиғатын тамашалап, сағыныштарын басып қайтқан-ды. Ия, адамдар кездесу үшін, сағыну үшін қоштасуы керек!

\* \* \*

Сол жылдардан бастап Зейнолла Оңтүстіктен қол үзген, ағайын-тумадай болған жұрттың қандай бір жиынынан, қуаныш-ренішінен қалған емес. Орнымен, ретімен барып, олар келіп тұрды. Алайда, асыл ағасы Әділ Сасбұқаевтың дүркіретіп өткізген 80 жылдық тойына Зейнолла Молдахметов Оңтүстік Кореяда ғылыми іс сапармен жүріп, қатыса алмады. Той ортасында болып, ағаның қуанышына ортақтаса алмағанына өкінді. Өкініштің орнын толтырып, аға аулына барып қайтуды, құттықтап қайтуды жөн деп білді. Барудың да барысы бар, өзгеге ұқсамай, асыл аға көңілін көтеретіндей, маркайтатындай іс ойлады. Әдекен құдайға шүкір ат пен шапаннан кенде емес, несібесі бар адам. Зейнолланың ойлағаны басқа болды.

Ақыры ол қарағандылық ақиық акын, талай айтыста алдына жан салмай мәреге жеткен акын Аманжол Әлтаев інісі мен күміс көмей, төкпе акын Ақмарал қызды оңы мен солына алып, Қарағандыдан ере шыққан нөкер-нөпірлері: Ғазалиев Арыстан, Маданов Дыбыс, Алматыдан Сәрсенбаев Мұрат, үлкен ұлы Марат..., оларға Шымкенттен қосылған көп дүрмек, бәрі-бәрі сән-салтанатын түзеген баяғының сал-серілеріндей, ерекше бір жарасыммен “Қазығұрттың басында кеме қалған, қасиетті болмаса неге қалған” дейтін киелі Қазығұртқа, ағасы Сасбұқаев Әділ шаңырағына келген ді. “Бап! Келсең кел, осылай бо-

лып ағаға! Баяғының сал-серілері осылардай-ақ болған шығар да!” деп, қошемет-қолпаш айтқандар аз болмаған. Біреу қызыға, біреу қызғана қараған. Ел арасында аңыздай айтылып жүретін «Священный союз» сыйластықтың тағы бір үлгісін осылай көрсетіп, Айды аспаннан бір-ақ шығарды... Сонда ғой Аманжол мен Ақмаралдың сөз қағыстыратыны. Сол қағыстың азын-аулақ жұрнағын келтіре кетсек, артық болмас.

**Аманжол:**

Алашқа ел-жұртым деп жар салыпсыз,  
Жақсы ақынның сөзіне тамсаныпсыз.  
Бабалардың ақ жолын жалғастырған,  
Бұл күнде белді буған мәрт алыпсыз.  
Ғұмырың ұзақ болсын асыл әке,  
Сексенді жас жігіттей қарсы алыпсыз.  
Қазақтың күмбірлеген көші емес пе?!  
Жақсылар жақсылардың досы емес пе?!  
Қасындағы інімен дос болмаса,  
Жігіттің көрген күні бос емес пе?  
Жақсы мен билері кеп дәм тататын  
Қазақтың ырыс қонған қосы емес пе?  
Сағынып Сарыарқадан Зекең келді,  
Құдай-ау, іні деген осы емес пе?!.

**Ақмарал:**

Арқадағы Аманжол  
Жан атамның тойына,  
Өлеңмен шашу шашқаны —  
Ізетіменен інілік  
Зейнолладай ағаның  
Бәйгеге атын қосқаны.  
...Қабыл болсын, Аманжол,  
Жан атама төрдегі  
Шашу шашқан жолдауың.  
Ағасының көңілін  
Тапса інісі болғаны...

**Аманжол:**

Сөз сөйлеу жақсы ақынның нарқы емес пе?  
Зекеңдей ағаларым мәрт емес пе?!  
Бір кезде төредейін аялаған  
Шымкенттің шуақ тұнған халқы емес пе?  
Ағаммен Қазығұртқа еріп келсем  
Қазақтың қасиетті салты емес пе?!  
Інісі ағаларын іздеп келсе,  
Бірліктің жүрген жері ұйым болар...

**Ақмарал:**

Талғайды өмір өзі ақ-қарасын,  
Тек қана дұшпан көзбен таптамасын.  
Әділдей атамыздан ақ бата алып,  
Аманжол, Қыдыр дарып, бақ қарасын!..

**Аманжол:**

Бағасын жақсылардың ғасыр берсін,  
Көп жасаған әкені асыл дерсін.  
Осы жерде отырған бәрімізге  
Әдекең әкеміздің жасын берсін!  
Ақмарал, ел-жұртыңның жанары бол,  
Есілген Оңтүстіктің самалы бол!  
Ағалар ортасында еркелейтін  
Шымкенттің бұла өскен маралы бол!..

**Ақмарал:**

Қазығұртты бұл қазақ санайды аңыз,  
Атымыз кетіп жатыр талайға аңыз.  
Зейнолла аға келді үйіңізге  
Атаның ақ батасын аламыз деп.  
Алпыстың тоғызында тұр ағамыз  
Сексенге жетер деймін шамаңыз кеп.  
Арқаға ниет қылып біз отырмыз  
Келер жыл тойыңызға барамыз деп...

**Аманжол:**

Өрелі іс күтеміз қанатты ұлдан,  
Әр пенде өз әлінше талап қылған.  
Төрде отырған әкелер бір кездегі  
«Достық!» туын көтеріп одақ құрған.  
**Шымкентім, қасиетті мекенің ғой,**  
Зекеңді үш жыл бойы қонақ қылған...

**Ақмарал:**

...Сөзіңнің расы бар, Аманжол-ау,  
Көзіңіз емес бізге жай қараған.  
Ағаңыз үш жыл бойы Оңтүстікте  
Жоқ шығар деп ойлаймыз Ай қараған.  
Әзілді бұл, ағамыз, ұға алмаса,  
Сөзіміз екі бастан құралмас-ед...

Осылай, қасиетті Қазығұрттың басында, Әдекеңнің шаңырағында Аманжол мен Ақмарал айтыс өнерінің тағы бір үлгісін корсетіп, жиналған топтың жүрегін жырмен тербеген.

Осы жолы академик Зейнолла Молдахметов бұрын өзі ректор болған Химия-технология институтында қонақта болып, студенттермен кездесті. Кездесу соңы тағы да Ақмарал мен Аманжолдың айтысына ұласты.

**Аманжол:**

Сым перне сырларымды жалғайды екен,  
Сұңқардай қанатымды қандайды екем.  
Ақмарал мына маған баста дейді  
Ауылдың алты ауызы болмай ма екен?..

**Ақмарал:**

Алқалы жұртқа жүз бұрып  
Ашайын сырдың құлыбын.  
Аузыма құдай сөз салса  
Төгейін сөздің шырынын.

...Қаршыға құстың арманы –  
Қияға қанат қаққаны.  
Оңтүстіктің еліне  
Арқа келіп жатқаны.  
Зейнолладай ағаның  
Жақсылық көрген орданың  
Есігін тағы қаққаны.  
Әділдіктің ақ туы,  
Әділдей асыл ағамның  
Сексенге келіп жатқаны.  
Оңтүстіктің тойменен  
Тағы да атты ақ таңы.  
...Қалқан қылып ағанды  
Құтты болсын келгенің.  
Егер ағаң болмаса  
Не болар еді көргенің!..

**Аманжол:**

...Сұңқардай қанатымды қандап өтем.  
Бір кезде Зейнолла ағам Шымкентіме  
Ақмарал, үш жыл қонақ болған екен.  
Ақмарал, «алты ауызды» бұлдайсын ба,  
Көсіп-көсіп сөйлесең құрғайсың ба,  
Қазақтың қасиетті дәстүрімен  
Досыңды үш ай қонақ қылмайсың ба?!  
Мен көрдім Қазығұрттың нұр алабын,  
Дүбірлеген жарысқа сұранамын,  
Сен болсаң, Ақмаралжан, Аманжолды  
Үш күн қонақ қылуға шыдамадың.  
...Кемеңгер ақсақалды асыл дерсің,  
Бағасын қариялардың ғасыр берсін!  
Ақмаралдай аяулы қыздарыңды  
Жарқ етіп көктен түскен жасын дерсің!  
Сексендегі Әділдей әкемізге  
Жүздегі Жамбыл қарттың жасын берсін!



**Ақмарал:**

Атадан бата алған ұл  
Ата жауын женеді.  
Кеудемізде жатыр еді  
Осы айтыс деген ізгі үміт,  
Аманжол келді ауылға,  
Сөйлемей сөз тістеніп,  
Оңтүстікке келгенде  
Жатырсың қандай түс көріп?..

**Аманжол:**

Аксақалдар, аман-сау болыңдаршы,  
Шымкенттің ірге тасын қалап берген.  
Тулайын мен Арыстың арнасындай,  
Келемін өнер атты жол басында-ай.  
Шымкенттің аксақалы аман болшы,  
Кешегі Төле бидің жалғасындай.  
...Мен қалай болашаққа бет алмаймын.  
Қасыма Ақмаралдай досымды алмай  
Арманға жеке-дара жете алмаймын.  
Сондықтан шыбықпенен қусаңдағы,  
Мен сенің ауылыңнан кете алмаймын...

**Ақмарал:**

...Аманжол, елдің бәрі қызығушы ед,  
Нұр жауып тұрған анау жүзіңізден.  
Біржандай біздің елге іздеп келген  
Айналдым, ізет сақтар ісіңізден!..

**Аманжол:**

...Біржан мен Сара салтын жалғаймыз ба,  
Өнердің биігіне самғаймыз ба?  
Қыс бойы Оңтүстікке қыстап шығып,  
Жазға қарай Арқаға бармаймыз ба?  
Мінскей, жақын болды шалғайымыз,

Келдік қой Оңтүстікке арнайы біз.  
Аузың берік болғаны қиын екен  
Ақмарал, кепкен жоқ па таңдайыңыз...

**Ақмарал:**

...Шешетін кез болып тұр күрмекті шын,  
Байлауға көштіңіз бе ілмекті шын...  
Өзіңе бір әзілді егер айтсам  
Аманжол, миғыңнан күлмекпісің?!  
Алты ай қыс Арқа жақта, бізде жазда,  
Қадырын көшіп-қонның білмекпісің.  
Әбеке, екі ортада көшіп-қонып  
Жұмысы жоқ адамдай жүрмекпісің?!

**Аманжол:**

Өмірде жалғандықпен санаспаспын,  
Топтан озған жүйрікпен таласпаспын.  
Сахнада әзілдеп отырғанмен  
Ақиқаттың жолынан әрі аспаспын.  
Басыңа бармақтай боп бағың қонсын,  
Жырларың мөлдіреген бағың болсын.  
Салт сақта, оразаны жүр екенсің,  
Ақмарал, оразаңыз қабыл болсын!..

**«ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР,  
ЕҢБЕГІҢ МЕН АҚЫЛЫҢ ЕКІ ЖАҚТАП»**

*Абай*

Бірде Зейнолла Молдахметовтің: «Университетті құрған, қалыптастырған Бөкетов пен Молдахметов деген пікірді анда-санда естіп қаламын. Бұл дұрыс болмайды, бізге дейін де талай-талай тарлан педагогтар еңбек еткен, оларды ұмытқанмыз ұят болады...қайта жастарға айту керек...» дегені бар-ды. Бұдан біз өткеннің бәрі өтірік, «мен, мен!» демейтін, кешегі болмаса бүгінгінің жоқ екенін түсіне алатын, ойы биік, азаматтығы асқақ адамды көрдік. Оның бұл пікірі, біріншіден, бізге бағыт-бағдар сілтеді және екіншіден, шынында да жаңа университет Қарағанды Педагогика институтының негізінде, соның базасында құрылғаны шындық еді ғой. Олай болса аталмыш институттың қабырғасын қалап, іргесін алғаш көтергендер кімдер? Шамалы шегініп, олардың есімін еске түсіріп, атқарған, бітірген қызметтері хақында аз да болса айта кетуді біз де жөн көрдік.

Сонымен, жаңа университеттің тарихы 1938 жылы Сарыарқа өңірінен тұңғыш ашылған, әуелі екі жылдық Мұғалімдер институтында, сосын барып Педагогика институтында жатыр. Бұрын көшпенді ел болып, оқу мен білімге енжарлау қараған қазақ үшін мұндай оқу орнының тұңғыш ашылуы айтты-айтпады үлкен оқиға еді. Қара танытыны аз, білім-сауаты кем, оқымыстылары саусақпен санарлық кезде ашылған бұл оқу орнының іргесін көтерген, небір қиындықтарды жеңіп, іргелі оқу орнына айналдырған адамдар жарық дүниеде кәзір жоқ. Бірақ, олар қалдырған ізгі істің ізі тарих бетінде сайрап жатыр.

Кенес өкіметі іргесін бекітіп алған бойда сауатсыздық-

ты жою қолға алынды. Алайда, Қазақстанда, басқаларға қарағанда, сауатсыздықпен күрес бәсен жүрді. Себебі, «ораза, намаз – тоқтықта» дегендей, отызыншы жылдары аштыққа ұшыраған ел сауат ашпақ түгілі бір үзім нан іздеп, жан-жаққа босып кетті. Оның соңы 1937 жылдың нәубетіне ұласты. Халқының қамын жеген, ел басқарған кемелдердің көбі табан астынан «халық жауы» атанып, келмеске кетті. Асылды, шабылды, атылды...

1938 жылы Қазақстан Үкіметі елдегі сауатсыздықты тез, әрі жаппай жоюға жұртты жұмылдырды. Сауаты бар деген адамдарды және онсыз да аз мұғалім-оқытушыларды елдің ең шалғай ауыл-аудандарына жіберді. Олар ликбездер мен бастауыш мектептер ашып, елді жаппай сауаттандыра бастады. Үкімет жалпыға бірдей бастауыш білім алуды міндеттеді. Осы шешім кейінгі жылдарда қазақ халқының тез көтеріліп, білімді, мәдениетті ел қатарына қосылуына басты негіз болды. Бұны бізге архив құжаттары айтады.

Мұғалімдер даярлайтын институттар мен училищелер облыс орталықтарының бәрінен ашылды. Ел болып еңсе көтеру үшін әуелі сауат пен білім керектігін түсінген Коммунистік партия өз саясатын соған бағыттады, ел Үкіметі одан қаржы-қаражатын аямады. Соның нәтижесінде, Қазақстан, 1939 жылы жүргізілген Бүкілодақтық санақ бойынша бесінші орынға бір-ақ шықты. Бұл орайда Қарағанды мұғалімдер институтының қосқан үлесі аз болмады. Құрмет көңілмен сол бастаудың басында тұрған есімдерді еске түсірелік.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен 1938 жылы Мұғалімдер институтының алғашқы директоры болып Полина Романовна Репалова тағайындалды. Жоғары білімді Полина Романовна Ленинград қаласынан жолдамамен қазақ даласына алғаш қарлығаштардың бірі.

Қиындықтардың болатынын біле тұра Полина Рома-

новна бас тартқан жоқ. Шынында да жаңадан ұйымдасып жатқан институттың проблемасы жетерлік болатын.

Айталық, алғаш ашылған философия және тарих факультетіне кейбір пәндерден сабақ беретін педагог-оқытушылар жетіспеді. Аталмыш екі факультетте 117 студент оқитын болса, оларға бар-жоғы 12 оқытушы-ұстаз сабақ берді. Мұғалімдер тапшылығын шешу мақсатында ол Ленинградтың Герцен атындағы Педагогика институты мен Алматының Абай атындағы Педагогика институтының басшылығына арнайы хат жазып, жас мамандарды жолдамамен жіберулерін өтінді. Өтініш орындалып, бір жылдың ішінде жоғары білімді көптеген жастар келді. Ол институттың білім сапасын бір белеске көтеріп тастады.

Екі факультетің бес кафедрасы: тіл және әдебиет, тарих, марксизм-ленинизм негіздері, педагогика, психология, дене тәрбиесі кафедралары болды. Сабақ қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Оқулық жағынан да ленинградтықтар көмектесті, мыңдаған кітаптарды біржола берді. Соның арқасында ашылған жылдың өзінде-ақ жеті мыңнан аса кітабы бар кітапхана студенттерге қызмет көрсетті.

1939 жылдың аяғында институт директорлығына Рахым Иманқұлұлы Иманқұлов тағайындалды. Алайда, ол 1941 жыл соғысқа шақырылып, сол жылдың қазан айында оққа ұшып, майдан даласынан оралмады. Бірақ, Иманқұлов бір-екі жылдың ішінде-ақ артына өшпестей із, іс қалдырып кетті. Уақыт талабына сай істі ұйымдастыруда алғырлық танытқан ол институт беделін биікке көтерді. Ол ұстаздардың санынан гөрі сапасына көңіл бөлді. Ғылыми атағы бар педагогтарды қызметке тартты, студенттер санын 250-ге жеткізді, есімі өшкен жоқ, Қарағанды университетінің тарихына мәңгіге жазылған.

Қажықбар Мұқанов институт директоры болып 1941-1945 жылдарда істеді. Соғыс зардабының тылдағы тіршілікке тигізген залалын сөзбен айтып жеткізу, әрине,

қиын. Барлық еңбек ұжымдарында жұмыс пен еңбек тек майданға ғана бағытталды. Ал, институт ұжымы бірден жастарға әскери жаттықтыру жұмыстарын күшейте жүргізіп, талайын аз уақытта Отан қорғауға аттандырды. Қалған студенттер колхоз, совхоздар өсірген өнімді шашпай-төкпей жинап алуға қолғабыс етті, шахталарға түсіп, көмір қазды, зауыттарда станок қасында тұрды... Одан жиналған қаржыны студенттер Қарулы күштер қорына аударды.

Мұғалімдер институты соғыс жылдарында 502 жас маманға жоғары білім беріп, республиканың жер-жеріне еңбек етуге аттандырды.

Қиын кезенді басынан өткеріп отырса да институт басшылары жеткен жетістікпен тоқтамады. Мысалы, 1944 жылы жаңадан физика-математика факультетін ашып, жастардың тек білім алумен шектелмей, ғылыммен де айналысуын талап етті.

Бір ерекшелей айтатын нәрсе, соғыс жылдарында Мәскеу мен Ленинградтан эвакуацияланған небір ірі ғалымдар, мұғалім-ұстаздар келді. Олардың біразы осы институтта және училище, техникумдарда сабақ берді, іс-тәжірибелер жүргізді. Бұл – жас институттың интеллектуалдық деңгейін биікке көтереді.

Қабзәкір Байтасов институт директоры болып 1945-1950 жылдар аралығында еңбек етті. Бұл жылдар соғыс бітіп, елдің еңсесі сәл де болса көтерілген кез. Жаңа директор өз жұмысын болашақ ұстаздардың білімі мен кәсіби деңгейін көтеруге бағыттады. Ол нәтижесіз болмады, он бір оқытушы кандидаттық диссертация қорғады.

Соғыстан Жеңіспен оралған солдаттар мен офицерлерге жоғары оқу орындарының есігі шалқасынан ашық болды. Майдан даласының ерлік рухын ала келген 206 солдат институт қабырғасына бірден қабылданды. Бұл жоғары оқу орнының өміріне ерекше бір серпіліс, жігер әкелді. Бір-екі жыл ішінде білім алып, мұғалім мамандығын



менгерген 1032 жас еліміздің түкпір-түкпіріне, бейбіт өмірдің жас ұрпағын тәрбиелеуге аттанды. Институт директоры Байтасовтың еңбегі бұл салада, әрине, елеулі.

Сейтқали Баймурзин, физика-математика ғылымының кандидаты, доцент. Қалай ойлайсыз, бір қызметте табан аудармай жиырма жыл істеуге бола ма?! Болады екен. Ол екі жылдық Мұғалімдер институтына директор, одан кейін төрт жылдық Педагогика институтына ректор болып, университет ашылған күнге дейін табан аудармай жиырма жыл еңбек етті. Өз уақытының талабынан да, талғамынан да шыға білген Баймурзин Педагогика институтын республикадағы іргелі, беделді оқу орнына айналдырды. Орталық Қазақстан өңірін аралап, бұйығы жатқан қазақ жастарына қозғау салып, жоғары білім алуға шақырып, қазақ интеллегенциясы қатарын өсіруге өз үлесін өлшеусіз қосты.

Тарата айтсақ, Мұғалімдер институты кезінде 1.661, ал, Педагогика институты кезінде 20.670 жас талап жоғары білім алыпты. Оқытушы-мұғалімдер саны 277-ге жетіп, 2 профессор, 59 ғылым кандидаты өсіп шықты. Жанадан үш кафедра ашылды, олар – КСРО тарихы, саяси экономика, философия. Институтың 6 факультеті, 22 кафедрасы болды.

Есімдерін ешқашан ұмытуға болмайтын небір ғалым-оқытушылар институтта жастарға сабақ берді. Олар – А.Әлжанов, Т.Әбдрақов, С.Әбдірахманов, Б.Әбеуов, Т.Әубакиров, С.Балаубаев, Х.Жұмабаева, К.Ермағанбетов, О.Жанайдаров, К.Жуасов, Ф.Кенжебаева, Р.Клещева, И.Колыванов, П.Коржева, А.Құндақбаев, К.Лекеров, С.Мамиконян, В.Маркина, Ғ.Мейрамов, Қ.Мұқышев, А.Нәрешев, Е.Омаров, Р.Омарова, С.Орлова, С.Рымбетов, М.Сағынова, А.Спасибенко, Т.Тұңғышбаев, А.Тэн, В.Усик, Ш.Хасенов, Е.Юдина... Бұлар Қазақстан ғылымының қайнар көзін ашып, қаншама жасты білім биігіне жетелеген ұстаздар. Солардың еңбегінің арқасында Қарағандының

Педагогика институты республика бойынша I дәрежелі жоғары оқу орнына айналды.

Болашаққа озық оймен қарайтын Баймурзин Қазақстанның орталық өңіріне бір университеттің қажеттігін ертеден-ақ түсінді. Бұл ойын тиісті орындарға айтып, алғаш идея тастаған адамдардың бірі деуге де болады. Ақырында сол идея шындыққа айналып, тиісті орындардан қолдау тауып, бар құжаттарды түзіп, тізіп, «...университет ашылсын» деген мемлекет қаулысын қолына алып, оның ашылған күніне дейін адал қызмет атқарды. Баймурзиннің ерен еңбегін Үкімет пен партия бағалап, кеудесіне «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерін тақты және бірнеше медальдармен марапаттады.

### **Ебіней Арыстанұлы БӨКЕТОВ,**

*академик:*

*Әлбетте Педагогика институты университетке айналдыру мәселесі 1960-1970 жылдар аралығында әр түрлі жиындарда, партия құрылтайларында сөз болып жүріп, ақыры Қазақстандағы екінші университетті Қарағандыда ашу 1965 жылы айқындалыпты. Содан бері тиісті дайындық жүргізілген: шахтёрлер қаласының орталық тұсынан екі мәрте аумақты алаң бөлініп, бірақ соның бірде-бірі осы заманғы жоғары оқу орны талабына сай келмегендіктен жайына қалып, ақыр аяғында Оңтүстік-Шығыс, бұрын мал жайылған шеткері аймақтан 65 гектар жер қоршалып, жобалау құжаттарына ол «Университет қалашығы» деген әсіре айдармен жазылыпты; Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі 1967 жылдың 14 сәуірінде жаңа университеттің осы алаңда салынбақ техникалық жобасын бекітіп, оның құрылысына қажет қаражатты анықтаған... Сол қарар бойынша 1100 орындық екі жатақхана, 500 кісі бір мезгілде ас ішетін асхана салыныпты; қала орталығындағы Ленин көшесінен босаған, КСРО Көмір министрлігіне тиесілі көлемі екі мың шар-*

шы метр ескі ғимарат та пединститут қарамағына берілінті.

Амал қанша, бес жыл бұрын қабылданған тамаша қарардың дені қағаз жүзінде қалып, бәз-баяғы «көш жүре түзеледі» дейтін ескі керенаулық, одан да гөрі тумазан балаға жөргек әзірлемейтін рәсімге бас ұрған самарқаулық салдарынан КСРО-ның Жоғары және арнаулы білім министрі В.П.Елютиннің 1962 жылғы бұйрығымен Мәскеудің «Гипровуз» жобалау ұжымы төрт жыл ұдайы шұғылданып, мұқият әзірлеген жобаның оннан бір болегі ғана өмірге келіп, қалғаны қағаз бетінде қалыпты.

Енді міне, ұзақ жылдар арман болған игі істің кіндігі кесілді, жаңа университет дүниеге келді.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1972 жылы ақпан айында тағы бір қарар қабылдап, «Университет қалашығы» құрылысын жездеғабыл жүргізу тұрасында қажет-ау деген шаралар белгілеп, тиісті автокөлік, құрал-жабдық, әр түрлі материалдар мен фонд бойынша, сірә, осы бесжылдықтағы тағы бір оқу ғимаратын, 1200 орындық студенттер жатақханасы мен оқытушы профессорлар үшін сол аймақтан көп пәтерлі бірнеше тұрғын үйді жеделдетіп тұрғызу міндетін қойды. Сол қаулымен университетке 1,5 миллион сом босатылып, оған құттыханалар мен аудиториялар үшін түрліше жабдық, орындық, үстелдер сатып алуға рұқсат етілген...»

(«Республикадағы Екінші» атты мақаладан.)

\* \* \*

Сонымен, Гоголь көшесінің бойындағы 38 үйдің кен залында, 1972 жылы, қыркүйектің бірі күні Қарағанды Мемлекеттік университетінің ашылу салтанаты өтті.

Бұл кезге дейін Қарағандыда алты жоғары оқу орны болатын, енді оған университет қосылды. Жер қойнауы толған қазына, өңірі толған өндіріс орындары, миллиондаған халқы бар, олардың жыл сайын ғылым-білімге деген құштарлық өсіп келеді... осындай салдарлы себеп-

тер бір университетті қажет етіп-ақ тұрған-ды. Орталық Қазақстанның жүрегі – Қарағанды осылай, бірте-бірте нағыз ғылым ордасына айналды.

Жас университетке ректор болуға ылайықты деп академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетовті тағайындаған да, тапқан да республика партия ұйымының Орталық Комитеті мен Үкіметі болды. Әрине, қанша жерден бұрынғы ордалы оқу орнының негізінде ашылып отыр дегенмен де, ендігі талап, бағыт басқаша болуы керек. Университеттік сан-салалы, жан-жақты оқу жүйесін құрып, оны ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастырып, барлық факультеттердің алғашқы курстарында қоғамтану мен гуманитарлық ілімдер негіздерін оқытып, жалпы адамзаттық руханият пен мәдениет тану сабақтарын жүргізгенде ғана атына заты сай оқу орны болмақ.

Алғашқы кезде аудиториялар жетіспеді, сегіз факультеттің студенттері екі кезекпен оқытылды. Бұл профессор-оқытушылардан бастап, студенттерге де қолайсыз еді. Амал қанша, бәріне шыдамдылық керек. Университет ұжымын алғашқы қиындықтан алып шыққан қаланың Оңтүстік–Шығыс беткейінде жанадан салынып жатқан «Студенттер қалашығы» болды. Оқу корпустары, жатақханалар бірте-бірте бітіп, студенттер сонда көше бастады. Бес-алты жылдың ішінде ең басты оқу корпусы бітті, 330 орындық асхана, жиын өтетін үлкен залы, спорт зал, студенттерге арналған 2148 орындық жатақхана, профессор-оқытушыларға арнайы салынған 201 пәтерлі тұрғын үй салынды.

Қарағанды облыстық комсомол, партия комитеттерінде хатшы бола жүріп, өнеркәсібі дамыған өлкенің тарихын зерттеген профессор Д.Шаймұқанов, саяси экономия кафедрасының доценті Т.Әбдіразақов, маркстік-лениндік философия кафедрасының меңгерушісі Р.Клещева, педагогика ғылымының докторы Ғ.Мейрамов, тағы басқа көптеген білімді ұстаздар дәріс берді.

Одақтың өзінде енді ғана дамып келе жатқан ғылым саласы – квантты химия кафедрасы екеу ғана, бірі – Мәскеуде, екіншісі осы Қарағанды университетінде ашылды. Бұл жаңа оқу орнының биікке құлаш сермеуін көрсетсе керек. Бөкетов университетте дәріс беруге ХМИ-дағы қызметкерлерін, өз шәкірттерін слеп-скшеп барып шақырды. Олар: М.Угорец, З.Молдахметов, В.Шкодин, Ә.Баешов, С.Жамбеков, Ш.Досмағанбетов, М.Шәріпов, М.Ли, В.Малышев университетте жастарға білім бере жүріп, ХМИ-дағы ғылыми іздену жұмыстарын жүргізе берді.

1980 жылдары университетте сабақ беретін 502 оқытушының 182-сі кандидаттық және докторлық диссертация қорғап, білім беру сапасы көтерілді. Оқуға талапкерлер саны 900-ден 1800-ге дейін өсіп, сегіз жылда 7651 жас жоғары білімді маман атанды.

Бөкетов Одақ көлемінде болатын үлкен ғылыми конференцияларға жиі шақырылатын, жиі баратын. Әйтеуір барған жағынан бір оқытушы-ғалымды сүйрей келетін, үй беремін, дәреженді көтеремін деп, небір мықты мамандарды жинады. Мысалы, Б.Минаев Том университетінен, А.Тұрмағамбетов пен К.Әлжанов Қазақ мемлекеттік университетінен, К.Ермағанбетов КСРО ҒА-ның Сібір бөлімшесінен, Л.Ильина Қазақ политехника институтынан келді. Әрине, бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Академик Ебіней Бөкетовтің ректорлықтан кетуі табан астынан болды да, оның орнына 1980 жылдың күзінде химия ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Молдахметов тағайындалды...

### **Зейнолла МОЛДАХМЕТОВ,**

*академик:*

*– Кезекті еңбек демалысына кеткелі жүргенмін. Таңертең жұмысқа келсем министрдің бірінші орынбасары Колесников телефон соғып, Алматыға келуімді өтінді.*

*Сөзінде бір қапылыс бар. Мен таң қалып, бұл қалай, министрдің рұхсатын алғанмын, бала-шағаммен демалуға кетіп барамын дегеніме: «Сізбен министрдің сойлескісі келеді» деп, келуімді талап етті. Содан мені министрге емес, Орталық Комитетке бірден алып барды, бар мәнжайды сол жерде ұқтым. «Қарағанды университетіне ректор болып барасыз» деген, өздері кесіп-пішіп қойған шешімдерін айтты. Менде шегінерге жер қалмады...»*

Шынын айтқанда Зейнолла Молдахметов университет ректорлығына аса құштар бола қойған жоқ. Оның сыры біреу емес, сан сала.

Біріншіден, Қазақ химия-технология институтына ректор болғанына бес-ақ жыл. Алға қойған ірі мақсат-мұраттарға жету, іске асыру үшін бес жыл дегеніңіз көп емес, керісінше өте аз! Енді-енді коллективті танып, декан, кафедра меңгерушілерін жаңадан тағайындап, өз орынбасарларының біразын өзгертіп, істі жаңаша бағыттап, енді ғана бір қалыпқа түскен кезде бұл ұсыныс оны аса қуанта қойған жоқ. Және талай жас маманды Мәскеу, Ленинград, Омбы, Том, Новосібір қалаларына докторлық қорғауға, аспирантураға жіберген, әрине, оның да жемісін өзі тергені оңды еді.

Екіншіден, басында жат өлке, танымайтын тұрмыс-салт, орыс арасында тік айтып, тік өскен біз үшін қарым-қатынас қалай болар екен деп, ойлана, күпті көңілмен келген Зейнолла бес жылдың ішінде кимас дос, ардақты аға, біршама ағайын тауып, оларға бауыр басып қалып еді. Адам өміріндегі асыл бір қасиет «сіз-біз» – сыйластық, құрмет екенін осында түсінді, жүрегімен сезді. Әділ, Мырзахан, Махан... ағаларын қиып кету қиын. Амал қанша, жоғарғы жактан бұйрық келді бітті, коммунист болдың сен тек орындайсың. Ол кездің талабы солай.

Үшіншіден, университет ректорлығы бәлкім біреулердің түн ұйқысын төрт бөліп, арман-дертіне айналған мансап-ақ болар. Бірақ бұл мансап Молдахметов үшін



сондайлық маңызды емес-ті. Жоғарғы билік «барасың!» дейді бұйырып. Әйтпесе жылы орнын суытпай, осында қызмет ете беруге құлықты. Ең бастысы Зейнолла:

«Ебекең қалай қарайды бұған... ыңғайсыз болады-ау...» деп, өз-өзімен, ішкі әлемімен арпалысып-ақ қалды. «Ұстазым отырған орынға қайқайып барып, қалай отырамын?! Ұят-ақ қой...» деген ой күндіз-түні мазалай берген.

Өз ұпайыңнан ұтылып тұрсаң да, «Ар» дегеннен ат-татқызбайтын, жаратушының адам бойына құйып берген – «Ұят» деген ұлы қасиеті бар. Сол ұят деген ұлы қасиет болмаса бұл адам Жерді баяғыда-ақ өз өзегінен аударып, басқа жаққа домалатып жіберер ме еді, кім білсін?! Міне, Молдахметовті де мазалап тұрған сол «ұлы ұяттың» ұяты еді. «... Университетке ректор болуға қалай қарайсыз?» дегенде, қуанудың орнына, Ебекенді ренжітіп алып, ұят болар ма екен деген ой найзағай отындай санада жарқ ете қалған-ды.

Осылай әрі-сәрі күйде тұрғанда ұстазының өзі, Ебіней Арыстанұлының телефон соқпасы бар емес пе!

– Батыр, ойланба, тарт ауылға! Басқадан гөрі сенің келгенің жақсы маған... «Олармен» айтысып-тартысып денсаулығымды құртарым жоқ. Біз қандай жағдайда да адам екенімізді ұмытпауымыз керек, пендешіліктен биік тұрайық. Қайта бір жағынан осы дұрыс та болды ма деп тұрмын. Уақыт жоқ... ғалым емес құрылысшы болып кеттім... ғылымнан қарайып барамын... Батыр, алаңдама еш нәрсеге, тарт ауылға...», – деді, даналығы таудай Бөкетов.

Артынша өмірдің тәттісінен гөрі ащысын көптеу татқан, қарағандылық абыз қарт, Бөкетовтің досы Бектұров Жайық ақсақал да Зейноллаға тағатсыздана телефон соғып:

– Зейнолла шырағым, сен ол жаққа бауыр басып қалдың, кимас дос, ағайын-туыс таптың, білемін, сеземін. Бірақ сенің мұнда келгенің өзіңнен гөрі Ебінейге қажет болып тұр-ау! Ебінейді ауырып қала ма деп қорқамын...

Сен «Қарағандыға бармаймын» деп жүрме! Зейнолла, айналайын! Сені біз, Ебіней екеуіміз төбенің басына шығып күтіп тұрамыз! – деді. Жайық қарттың даусы дірілдеп барып бітті. Әділетсіздіктің кермек дәмін бір кісідей-ақ көрген, тар жол, тайғак кешулерді басынан өткерген Жайық ақсақал досы, сырласы Ебіней үшін шыбын жаны шырқырап, «арашаны», көмекті Зейнолладан тапқандай...

Ал, «Зейнолла ауылға қарай шығыпты!» деген күні Жайық пен Ебіней ағаның балаша қуанғанының куәсі біз болғанбыз. Ебіней аға:

– Зүке, (зайыбы Зүбайра Дүйсенқызы) бүгін жақсы көретін қайның, Зейнолла келеді. Үйге кіріп шығатын болар, қамсыз болмассың, – деп, үйден ширақ шығып кеткен-ді. Табан астынан келген қонақтың өзіне тез арада бәліші мен бауырсағын пісіріп, дастарқанды жайнатып жіберетін Зүбайра апамыз, шынында да жақсы көретін қайнысы үшін сақтаулы тұрған сыбаға-сүрлерін шығара бастаған-ды.

Ебіней Бөкетов сырласы Жайық ақсақалды қасына алып, университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры Жамбыл Ақылбаевты ертіп, Зейнолланы қарсы алуға шықты. Ебіней ағасы мен Жайық ақсақал Шет ауданын кесіп өтетін күре жолдың бойындағы шоқының басына шығып, қолдарымен көздерін көлегейлей, Оңтүстік жаққа ұзақ-ұзақ қарап тұрды, сарыла күтті...

Сол жолы Шымкенттен шығарып салып келе жатқан екі атқошысымен бірге Зейнолла үлкен үй – Ебіней ағасының шаңырағынан, Зүбайра жеңгесінің қолынан дәм татып, баталарын алды. Ата шаңырақтан көргені бар, көргенді зерделей білген есі бар адамның ісі еді бұл. Сол күні Ебіней ағаның үйінде, дастархан басында, біраздан бері жабырқаған көңілдің күйі табылып, арқа-жарқа әңгіме-дүкен болып, әдемі бір кеш өткен-ді.

Сол сәтті бүгінде есіне алған Зейнолла Молдахметов: «Қайран қарттарым-ай, телефонның ар жағында

екеуі шыр-шыр етеді. Жайық ақсақал: «Зейнолла, айналайын, біз сені төбенің басына шығып күтіп тұрамыз» дейді...». Осы тұста сырт көзге қаталдау көрінетін Зейнолла ағамыздың үні өзгеріп, жанарын бізден тайдыра берген... Кім білсін, «Айналайын!» деп, арқасынан қағатын, еркелететін қарттарын сағынды ма, әлде, өзінің де олар орнын басып, ақсақал атанып, мына жарық дүниенің жалған екенін мойындап, мұңайғандығы ма, кім білсін?! Әйтеуір, бір мұң сезіле қалып еді.

Қос қадырлысы Ебіней ағасы мен Жайық ақсақалға кейде: «... бұл шалдардың қолынан қарта ойнаудан басқа түк келмейді...» деп, қалжыңмен тұқыртып алып: «Айналайын, қарттарым-ай, кеттік Баянға!.. өй, қорықпаңдар, қызға емес Баянауылға!» деп, елді ду күлдіріп, екеуін машинасына салып алып, бірде Көкшетауға, бірде Баянауыл, Қарқаралыға сапар шегіп, ел-жұртты, дос-жарды аралап, аунап-қунап қайтатын. Әлде, сол бір алтын шақ, жаймашуақ күндерін сағынады ма екен, кім білсін?! Өмірдің арты осылай сағынышқа айналып, алды үмітпен алдай береді екен де, сосын Абай айтқан: «Өмір – алдамшы, қызығынды білдірмей ұрлайды» болады да қояды екен-ау, шіркін ...

Үлкенге деген құрметін, ыстық ықыласын қандай бір биік лауазымды қызметте отырмасын Зейнолла Молдахметов ұмытқан да, аяған да емес. Бұл біздің емес, онымен араласқан, өмірде сапарлас болған замандастары мен әріптестерінің пікірі. Көбімізге үлгі болатын, үйренетін-ақ қылығымыз, әрине. Сондай, Молдахметовтің сыйқұрметіне өлшеусіз бөленіп өткен ақсақалдың бірі осы-- Жайық Бектұров еді. Көргені көп, білері мол, кеудесі алтын сандық, әңгімешіл, жұғымы бар жұқа шалды Зейнолла жақсы көретін. Кездескен бетте екеуі де жас алшақтықтарын ұмытып, амандық-саулықтың сонын әдемі қалжыңға ұластырып, өздерін де, өзгелерді де күлкіге көміп жіберетін.

Қартайғанда адам бір бала деген рас шығар. Жайық ақсақал: «Әй, Зейнолла, сендердің жұмыстарың көп, уақыттарың жоқ. Бірақ сол жоқ уақыттың ішінен уақыт тауып, бізбен анда-санда осылай қарта ойнауды ұмытпаңдар!» – деп қалатын. Ол сәттердің бәрі де Зейнолланың көңлінде күмбірлеп, санасында сәулеленіп-ақ тұр. Жасына, лауазым, атақ-данқына қарамай бір-біріне деген құрметі, әзілі, әңгімесі жарасқан жайсаң қарттарын қалай ұмытсын?!

Үлкендеріміз білгенмен, кіші жастарымыз тани, біле қоймайтын Бектұров Жайық жайлы бірер сөз айту артық болмайды. Ол – бар өмірін мехнаты өлшеусіз журналистика мен жазушылыққа, аудармаға арнаған қаламгер. Л.Пантелеевтің хикаяттарын, Д.Дефоның «Робинзон Крузо» романын, А.Чапыгиннің «Степан Разин» романын, Г.Серебрякова, Ш.Петефи, тағы басқалардың шығармаларын қазақшаға аударды. Сонымен бірге Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ф.Достоевский, Г.Потанин туралы жазған ғылыми-тарихи ізденісі 1977 жылы кітап болып шықты.

Алғашқы өлеңдерінің бірі 1932 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланады. Өмірінің қиын кезеңдері осы өлеңнен басталады десе де болады. Кейбіреулерге ол өлеңнің «айтары» ұнамай, үстінен арыз жазып, ақырында Оңтүстік жаққа қызметке ауыстырылады, тоқетерін айтқанда «жер аударылады». Оның соңы – 1937 жылы «халық жауларымен ымы-жымы бір» деген пиғылмен сұрақ-жауапқа ілінеді. Одан әуіріміз деп құтылдым ба деп жүргенде соғыс килігеді. Соғыс басында 105-ші атты әскер дивизиясының «Қызыл семсер» газетінің редакторы болып тағайындалғанда, біреулер өткен істі қайта қозғап, ақырында, Алматыдағы көпке белгілі «көк үйден» – абақтыдан бір ақ шығады. Әйтеуір ату, асудан аман қалып, тағдырдың мұнысына да тәубәлап, сонау-сонау «итжеккенге» кете барады...

Көп жасағанның бәрі көсем, ақсақалдың бәрі абыз

емес, әрине. Ата сакалы аузына біткенше бір нәрсенің байыбына барып, ой жүгіртіп, пәтуалы он ауыз сөз айта алмайтындар қаншама. Сондықтан да болар бабам қазақ: «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра!» деп, ұлағат айтатыны. Жайық ақсақал көпті көрумен бірге, көп жасады да. Сексеннің сенгіріне шықты. Көру мен көп жасаудан түйген ойларын, пәлсапасын кездесе қалсаң тұра қалып, сенің оны тыңдауға уақытың бар ма, жоқ па шаруасы жоқ, әйтеуір тіліне үйрілгені мен ойына оралғанын түйдек-түйдегімен ағыта жөнелетін. Анда-санда біз қызмет ететін Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне келіп, құлағымызға сыбырлап қана Шәкәрім мен Мағжан туралы «жабық» әңгімені, тіптен олардың өлеңдерін түйдек-түйдегімен жатқа айтқанда қуғын-сүргінді көп көрсе де жадынан жаңылмаған ақсақалға кайран қалатынбыз. Шынымызды айтсақ алғаш «Алаш» партиясы, оның басшылары Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов туралы, олардың қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізу мақсатындағы іс-әрекеттері мен мақсат-мұқаттары жайлы Жәкеңнен (Жайық Бектұров) естіп, сенерімізді де, сенбесімізді де білмей антартылғанбыз. Себебі, ол кезде бұл тақырып әлі ашылмаған, мағлұматымыз мүлдем жоқ. «Бізді адам еткен, тіптен жаратушы болмаса да, жарылқаушы орыс халқы!» деп, тәңірімізге тәуба етіп жүрген кезіміз ғой. Сөйтсек, қарт жүрегі соған ауырады екен де, біздің теріс, бұрыс түсінігімізді бұзғысы келіп бұлқынып, әңгімесін айта беретіні, айта беретіні содан екен ғой. Айта берейін, бірінің болмаса бірінің санасында қалар, кейін қажеттеріне жаратар, мені де еске алар дейді екен ғой жаның жанатта болғыр жарықтық! Біз абыз ақсақалдың бұл ойын тірісінде емес, жарық дүниеден озғанда ғана түсініп жүрміз. Өкініштісі сол болып тұр...

Өмірдің небір өткелегінен өтсе де рухы мұқалмаған, жаны жасымаған, санасы солмаған Жайық Бектұров ақсақалды Зейнолла Молдахметов шын мәнінде қатты құр-

мет тұтып, сый-құрметін аямады. Сыйласа жүріп, аралас-құралас болып, ғибратты әңгімесін талай-галай тыңдағанды.

\* \* \*

Зейнолла Молдахметов Қарағанды мемлекеттік университетіне өз үйіне келгендей еркін келді. Келердің алдында, баяғы Шымкентке барғандағыдай Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында тағы да болғанды. Баяғы өзі көрген үлкен кабинетте, үстел басында жалғыз өзі отыр екен. Бұл жолы да өткендегідей әңгіме қысқа болды. Тек кетуге бет алып, орнынан көтеріле берген Зейноллаға қолын созып, Дінмұхамед Ахметұлы жүзін мейірге толтыра тұрып:

– Зейнолла, саған за Чимкент спасибо! – деді.

Мұндай алғысты күтпеген Молдахметов іркіліңкіреп барып, алғысына «рахмет!» айтқан. Ел басшысынан алған алғыстың алапат күшімен келіп Зейнолла республикадағы екінші университетті басқаруға кіріскенді.

Қарағанды университетін Зейнолла Молдахметов 1980 жылғы қаңтардың 19-жұлдызынан 1988 жылғы, шілденің 13-ші жұлдызына дейін басқарды.

**Раиса КЛЕЩЕВА,**

*философия ғылымының докторы, профессор:*

– Зейнолла Молдахметұлымен Қарағанды Мемлекеттік университетінде қызметтес болған жылдарым (1980-1988) тұрасында айтқым келеді.

Сонымен, 1980 жылы, Қарағанды университетіне білім беру саласының тәжірибесі мен теориясын толық меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті тағы бар, өз ісінің хас маманы – Зейнолла Молдахметұлы ректор болып келді. Мұны мен білім беруді ұйымдастырудағы ең жоғарғы пилотаж дер едім. Өйткені, оның барлық жұмысы аса тиянақтылық пен шешім қабылдаудағы жі-



герлі әрекетке негізделген. Мұндағы тағы бір ерекшелік – функциялық әрекеттің адамгершілікпен қабысуында деп ойлаймын. Бұл дегеніңіз өте сирек кездесетін қасиет.

Зейнолла Молдахметұлы өзіне ғана тән жетекшілік қабілеті мен ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде, «ректор әлемге аты танымал ғалым болуы керек пе, әлде талантты ұйымдастырушы болуы қажет пе», – деген ежелгі дау-дамайға нүкте қойды.

Қарағанды Мемлекеттік университетінің материалдық символына айналған кәзіргі физика-математика факультетінің оқу-лабораториялық корпусы, Студенттер мәдениет сарайы, оқытушыларға арналған сексен пәтерлік тұрғын үй, қаланың Оңтүстік – Шығысындағы университет қалашығы құрылысының қарқынды жүруі, биология факультеті ғимаратының құрылыс жұмыстарының басталуы – осының бәрі Зейнолла Молдахметұлының есімімен тығыз байланысты.

Осы кезеңдерде университеттің ғылыми-эксперименттік базалары жетілдіріліп, ғылыми құрал-жабдықтар жаңартылып, толықтырылды. Университеттің күнделікті тіршілігіне қажетті жағдайлардың бәрі жасалды. Біздің сала бойынша мамандарды дайындау мәселесі ойдағыдай шешіле бастады.

Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау, оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, мамандар даярлау сапасын жақсарту – ректордың күнделікті назарында болатын мәселелерге айналды.

Есте қаларлық тағы бір жай – университетте ойластырылып, іс жүзіне асырылған оқу-әдістемелері сол кездегі Кеңес Одағы жоғары оқу орындарында пайдалануға ұсынылды. Осы оқу-әдістемелік комплексі үшін Қарағанды Мемлекеттік университеті Кеңес Одағы университеттері арасында жеңімпаз атанып, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің медалімен ма-

рапатталды. Бұл марапат кәзір құнсыз болғанмен, сол кезеңнің биік дәрежесі еді.

Елдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тәжірибелері негізінде университет блокты-модульді тәсілдің және біліктілікті қадағалау мен бағалаудың жаңа формасы енгізіліп, студент біліміне баға берудің рейтингтік тәсілі іске асырылды. Университет аймақтағы оқу-методикалық орталыққа айналды. Жоғары оқу орындары арасында халықаралық, республикалық ғылыми-проблемалық және оқу процесін ұйымдастыру проблемалары турасында конференциялар өткізіліп тұрды.

Осы шараларды іс жүзіне асыру Зейнолла Молдахметұлының ректорлығы тұсында, оның ойлау жүйесінің ілгерілігі, көптеген мәселелердің ішінен ең қажеттісін айқындай білу қабілеті арқасында мүмкін болды.

Осының барлығы түптеп келгенде университет ұжымында творчестволық, іскерлік ахуалдың қалыптасып, республика, қала берді ТМД кеңістігінде атының әйгіленуіне алып келді.

Зейнолла Молдахметұлы өзі ұстанған принциптеріне өте берік жан. Ел бағалаған жақсы қасиеті – қандай жағдайда да ең дұрыс, ең қажетті шешім қабылдай білетіндігі. Ол көп сөзді емес. Өмірдегі ұстанымы: «істің мән-жайын айтудың ең жақсы формасы – сол істі тындыру».

Көп жылдар қызметтес болғанда мен Зейнолла Молдахметұлының осындай ерекшеліктеріне тәнті болдым».

Айтса айтқандай, Зейнолла Молдахметовтің іс басқаруына тәнті болған жалғыз әріптесі Раиса Ахметқызы ғана емес. Шаңырақ көтергеніне жеті-сегіз ғана жыл болған университеттің шаруасы әлі көп еді. Танысып жататын несі бар, бұрын өзі істеп кеткен ұжым емес пе, келе

іске кіріскен ді. Болашақ «Студенттер қалашығының» тағаны қаланып, университет құрылысының қызып жатқан кезі. Бірден ол басталған, бірақ бітпей жатқан сол құрылыстардың, әсіресе, тоғыз қабатты студенттер мен жас оқытушыларға арналған және физика, биология факультеттерінің оқу корпустарына күш салды, тез бітуіне құрылысшыларды жұмылдырды. Біраз жас оқытушылар келіп, университет ұжымын қомақтай қойғанмен, көбінің баспанасы жоқ, жатақаналар мен жалдамалы пәтерлерде жүр екен. Бұл мәселені шешу үшін облыс басшыларына кіріп жүріп, қазіргі кезде «Ғалымдар үйі», «Мұғалімдер үйі» аталып кеткен тоғыз қабатты үйден көптеген пәтерлер алып, ғалымдар мен жас мұғалімдерге жағдай жасалды. Аз жылда Студенттер мәдениет сарайы іске қосылып, небір мәдени шаралар әдемі ғимаратта өтіп, студенттер өмірі қызыққа толды.

Университет факультеттері жаңа техникамен жабдықталды, оқу құралдары алынды, кітапханалар жыл сайын жаңа кітаптармен толығып отырды. Бұл шаруаның бәрін Зейнолла Молдахметов университеттің ғалым-педагогтарын, түрлі саладағы қызметкерлерін, бір сөзбен айтқанда әріптестерін бір мақсатқа жұмылдыра отырып атқарды.

Ол кісінің мұндай қабілетін, ұйымдастырушылық талантын сол әріптестері таң қала отырып, мақтан тұта тұрып әңгімелейді сізге. Сондай әріптесінің бірі, университеттің арғы «атасы» – Педагогика институтынан бері осында еңбек етіп, талай-талай ғылыми дәрежелерге қол жеткізген, академик Қанапия Арынғазин өз ойын шын көңілмен ортаға салды:

– Жобамда, 1987 жылдың іші болу керек, Москвада Бүкілодақтық ректорлардың семинар-кеңесі өтетін болып, оған Зейнолла Молдахметов және мен баратын болдым.

*Москваға жетіп, мейманханаға жайғастық. Семинар-кеңесіміз басталып та кетті. Семинардан кейін мені Зекең өз бөлмесіне шақырып алды да:*

– Ал, Қанапия, зәуімен екеуіміз бірге келіп қалдық. Әлі біраз күн боламыз, сондықтан күндеріміз босқа өтпесін, бір нәрсе ойластыр, – деді.

– Мен арғы ойын анық ұқпай, нені тұспалдап тұрғанын түсінбей күбіжіктеп, қипақтай беріп едім: «Соққан», сенің ойың басқада болып тұр-ау, – деді. Екеуіміз оған қосарлана күлдік. – Давай, сен театр, кино, корме, музей дегенге қай күні қайда баратынымызға жоспар жаса, сосын билет ал. Ал билеттің құнын мен төлеймін, мен ректормын, менің жалақым сенікінен көп, сөзді доғар», – деді.

– Содан екеуіміздің «мәдени экскурсиямыз» басталды да кетті. Үлкен театрдан бастадық, кассада билет жоқ, басқа бір жолдармен таптық. Әлемге аты әйгілі Үлкен театрдың сұлу архитектурасына көзіміз тоймай, жан-жағымызға жалт-жалт қараймыз. Қат-қат балкондар, бәрі де көрерменге лық толы. Көбі біз сияқты алғаш келіп отырғандар болуы керек, олар да жан-жағына қарағыштай береді. Айналаңа қанша қарасаң да көз тоймайтын сұлулық.

– Содан сол жолы классикалық шығарма – «Князь Игорь» операсын тыңдадық. Екеуіміз де үнсізбіз, сеземін Зекең қатты әсерленіп келеді. Шынында да адам даусының мүмкіндігі қандай десеңізші және декорация, оқиға... Бір кезде барып Зекең: «Орыс деген де жөнді патшаға жарымаған, соры ашылмаған халық...» – деп, астары терең шындықты бір-ақ сөзбен түйіндеп тастады. Мен де «ия» деп қоямын.

– Сол кезде Горбачевпен бірге қоғамға өзгеше бір леп келіп, бәріміздің «қайта құрылып» жатқан кезіміз болатын. Айтты-айтпады өте бір қызық кез еді-ау!

Жаңалыққа бізден көрі ерте ілесетін москвалықтар емес пе, «Современник» театры Брежневтің «көрінгенге» орден тағып, медаль үлестіргенін әжуалайтын спектакль қойыпты. Ол москвалықтар арасында гу-гу, ду-ду әңгіме тұғызып, газеттердің бәрі жапырлай жазып жатыр екен. Соны көргіміз келіп, «Современник» театрына бардық. Шынында да өткір шындық. Бірақ, күні кеше ғана төбесіне котеріп, өлісімен әжуалап, аяқпен тапай жатқандарын Зекең аса қолдай қоймады да: «Қой, бұл біздің халыққа үлгі болмасын!» деді. Зекеңнің сыны осы бір ауыз сөзбен тынды.

Бұдан кейін Останкинода өткен ақын Вознесенскийдің поэзия кешіне бардық. Барарда: «Қандай ақын?» деп менсініңкіремей барған Зекең, шыққанда: «Мықты екен! Кітабы болса сатып алшы, балаларға бір-бірден беріп кетейік» деді. Ол кезде Зекеңнің Арсланы, менің Асқарым Москвада оқитын. Екі кітап сатып алып, екуіне беріп кеттік. Кейіннен осы кездесуді Орталық теледидардан көрсеткенде көп көрерменнің ортасында отырғанымызды жолдас-достарымыз көріп, келген соң бір «жуырғаны» бар.

Бұдан кейінгі күндерде Кремльді араладық, қару-жарақ музейіне бардық, Космонавтар даярлайтын қалашықты көрдік.

Айтты-айтпады не керек, өзімізге еш нәрсеге тең келмейтін рухани азық жинап қайттық. Қайтар жолда: «Кәке, жақсы бір демалдық қой деп ойлаймын. Мен аспирантурада осында оқыдым ғой, бірақ бұлай аралауға уақытым да, жағдайым да болған жоқ. Аспирант дегеніңіз де студенттің туысқаны емес пе, үнемі ашқұрсақ болып жүреміз. Ал, мынау он күн – рахат бір демалыс сыйлады бізге» – деп, сөзінің аяғында маған рахмет айтып жатыр.

Бір қарағанға Зекеңді көп адам өнер, мәдениет дегенге

етілдей қоймайтын, өзінің физикасынан басқаны қажет етпейтін біртоға адам деп ойлайды. Бұрын мен де солай ойлайтынмын. Сойтсек, бәріміз де қателесіппіз. Мәскеу сапары соны ұқтырды.

\* \* \*

Қаланың әр шетінде шашылып жатқан сегіз ғимаратта оқу үрдісі екі ауысыммен жүргізілді. Осының өзі мұғалім-оқытушылардан бастап студенттерге дейін қиындық туғызды. Бір лекцияны қала ортасындағы ғимаратта тыңдаса, екінші лекцияға қатысу үшін Оңтүстік – Шығыстағы жаңа оқу үйіне жету керек. Жоспардағы «Студенттер қалашығының» қырық пайызы ғана біткен.

Жатақханалар жетіспейді, үйлі-баранды жас оқытушылардың да жағдайы мәз емес. Байырғы мұғалімдердің ішінде де пәтер сұрап жүргендері каншама. Бала-шағалары өсіп, ордалы отбасы болғандар балаларын отау үйге шығарғылары келеді, мәдениет ғимаратын, кітапхана салу жоспарда болғанмен, кешеуілдеп, құрылысы басталмай жатыр...

Болашақ жас маманға сапалы білім беру үшін білімді профессор-оқытушылар болуы керек екендігі бесенеден белгілі. Университетке келісімен З.Молдахметовтің баса назар аударған бір ісі осы болды. Қараңыз, 1980 жылы оқытушылар саны 502 болса, 1985 жылы 604-ке жетті. Мынау да көңіл аударарлық факті – 1980 жылы 5 ғылым-докторы болса, 1990 жылға дейін 13 адам докторлық корғап, ғылым кандидаты 284-ке жетіп, студенттер саны сегіз мыңға таяды. Не керек, ол университеттің абырой-беделінің бұрынғыдан да биік болуын қалады, әрі соған бар қабілет-қарымын, осыған дейін жиған-терген білімі мен іс-тәжірибесін, ақыл-парасатын аямай жұмсады.

Сократ: «Адамға дос үш жағдайда, бірінші – сырлауға, екінші – басына іс түскенде, үшінші – бәсекелестік үшін керек» деген екен. Біз үшіншісі туралы айтқымыз



келеді: ұстаз бен шәкірт арасында үнсіз, жариялауды қажет етпейтін әдемі бәсекелестік орын алады. Бұдан бәрі-бәрі – қоғам да, университет ұжымы да, тіптен Бөкетов пен Молдахметов те ұтты. Екеуінің де мақсаты – республикадағы «Екінші университетті» білім сапасы жоғары, интеллектуалдық деңгейі биік оқу орнына айналдыру емес пе еді?! Тіптен Молдахметов кей тұстарда, кейбір мәселелерді тез шешуде ұстазынан асып түсті десе де болады. Өмір заңы, тіршілік шындығы – әкеден бала, ұстаздан шәкірт озбаса, біз бүгінгі дамыған, іс-әрекеті ертегідей компьютерлік қоғамға жетпес те едік.

Әріптесі, профессор Раиса Ахметқызы айтқандай ол көп мәселенің ішінен маңыздысын дөп басып, күн тәртібіне шығара қоятын. Соның арқасында аса қажетті деген мәселелер шешіліп, ол университет жұмысының жандана түсуіне қозғаушы күш болатын.

Шаруашылық жұмыстары қанша жерден көп болып, уақыт тапшы болып жатса да, ол жастарға көп жылғы жиған-терген білімін беру мен ғылымға баулуды ұмытпады. Өзінің басты мамандығы – ұстаз екенін еш естен шығармады, физика және химия факультеттерінің студенттеріне «Органикалық молекулалардың фотохимиясы», «Физикалық химияның таңдамалы тараулары» дегеннен дәріс оқыды, физикалық химия кафедрасының меңгерушісі қызметін қоса атқарды, ғылыми педагогикалық жұмыстарды жетілдіру мақсатында Одақтағы озық оқу орындарымен қарым-қатынас, байланыс орнатты, 1980 жылдан бастап әріптестері Б.Минаев, М.Жұрынов, Р.Кецле, С.Безносюк және А.Мәсәлімовпен бірлесе отырып, «Органикалық молекулалардың фотофизикасы мен фотохимиясы», «Шапшаң өтетін процестердің теориялық қолданбалы спектроскопиясы», «Қатты денелердің квантты химиясы», «Еркін радикалдардың радиоспек-

троскопиясы» проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді және оған жетекшілік етті.

Ғылым мен педагогиканы шебер ұштастыра білген білікті басшы, ғалым, ұстаз Зейнолла Молдахметов 1981 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Және сол жылы Қазақстан Коммунистік партиясының ХҮ съезіне делегат болып қатысты.

Қарағанды мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен 1982 жылы квантты химия саласы бойынша Бүкілодақтық ғылыми конференция, ал, екі жылдан кейін «Синглетті оттегінің фотохимиясы мен фотофизикасы» жөнінде республикалық конференция өткізілді. Және сол жылы университетте тұңғыш квантты химия кафедрасы ашылды, бұл Одақ бойынша осы саладағы екінші кафедра, біріншісі Мәскеуде болатын. Осының өзі-ақ біраз нәрсені аңғартса керек. Артынша: З.Молдахметов, М.Шарипов, М.Жұрынов авторлығымен тұңғыш рет қазақ тілінде «Квантты химия» оқулығы жазылып, студенттер қолына тыді.

Осындай мақсаткерлік пен табандылықтың арқасында Қазақстан ғылымы үшін жаңалық – тұңғыш квантты химия ғылымы мектебі қалыптасты. Егер біз академик Молдахметовті дұрыс түсінген болсақ, мұндай іргелі мектептің ертелі-кеш, әйтеуір бір ұйымдастырылуы керек болатын. Ғалымның Қазақстанда квантты химия мектебін қалыптастырғысы келетін арманы мен ниеті Мәскеу аспирантурасында туғанын сезгенбіз. Арманды да, ниетті де тудыратын – себеп. Жас ғалымның қиялына қанат бітіріп, ел-жұртының абыройын ойлаттырған, алдына үлкен мақсат қойдырған, алғаш физика ғылымының алыптары Тамм, Бор, Ландау, Сахаров, Вавилов, Левшиндерді... көрген ФиАН-да өткен Халықаралық ғылыми конференция еді. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деді Абай. Зейнолланың алыптарға ұқсағысы келсе,

жақсыларға жанай жүрсе «жұғысты болар» деген ілгері ниетінен еді. Сол жастық арманы орындалып, ниетіне жетті ақыры. Ғалымдар ортасы мұны академик Зейнолла Молдахметовтің Қазақстан ғылымына қосқан өз үлесі деп түсінеді.

**Сұлтан ДОСМАҒАМБЕТОВ,**  
профессор, Әлеуметтік ғылымдар  
академиясының корреспондент-мүшесі:

– Ұмытпасам «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы Зейнолла Молдахметұлына 1993 жылы берілді. Менің ойымша Зекең бұл атаққа ылайықты, тұғырлы ғалым. Мақсаткерлігі, ізденімпаздығы, төзімділігі өзіне абырой-беделді аямай-ақ әкелді. Адамға берілген бұл қасиеттің бәрі бірдей көбімізден табыла бермейді де, бастаған ісіміз барар жеріне барып жетпей, орта жолда қалып, өзін де, өзгені де діңкелетіп жатады. Зекеңде ол жоқ, қолға алған шаруаны межесіне жеткізбейінше шаршамайды. Сондықтан да оның Отандық ғылымға қосқан үлес салмағы аз емес. Оны ғылыми орта жақсы біледі, білгендіктен де қадыр тұтып, құрметтейді.

Квантты химия саласы бойынша бүкілодақтық және республикалық ғылыми конференциялар Зейнолла Молдахметовтің бастамасымен, ұйымдастыруымен өтті. Бұл осы саладағы тұңғыш өткен салықалы-салмақты ғылыми жиын болды.

Оның университеттегі талай-талай еңбегі жоғары бағаланып, 1986 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Және ғылым мен техника саласында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарын беру комитетінің мүшесі, Қарағанды облыстық партия комитетінің бюро мүшесі бола алды...

«Жақсы сөз жарым ырыс» дей ме қазақ, бұл жақсы пікірдің авторы Қарағанды облысының экономикасы мен

мәдениетінің дамуына бар саналы ғұмырын арнаған, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов. Еңбек жолын ауыл мектебінде ұс-газдықтан бастаған ол, кейіннен Алматының заң институтында, Орта Азия Политехника институтында, Қарағандының Политехника институтында аға оқытушы, доцент атанып, кафедра меңгерушісі болды. Ал, 1963 жылы әуелі обкомның хатшысы, сосын екінші хатшысы, 1969 жылдан 1982 жылға дейін облыстық атқару комитетінің 13 жыл төрағасы болды. Әсіресе, ол осы жылдар ішінде өзінің нағыз іскер басшы екенін танытты, облыс халқының әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, мәдениетін бір белеске көтеріп тастады.

Молдахметов университет ректоры болып обкомның бірінші хатшысы В.Акулинцев зейнеткерлікке шығып, А.Коркин жайғасқан тұста келді. Шыны керек, Акулинцев республикадағы екінші университеттің қажеттілігін жете түсініп, соған ылайықты жанашыр бола білді. Жоғарғы жақтан тапсырма да алған шығар, кім білсін, әйтеуір жанадан ашылған оқу орнының талай мұқтажын аяқтан таусылдырмай бітіретін, шешетін.

Ендігі билік басқалар қолында. Обалы не керек, бірінші хатшы Коркиннің де университет үшін ниеті дұрыс болып, қамқорлығын аямады. Ол облыстың партия, комсомол, кәсіподақ және атқару комитеттері, шаруашылық өндіріс басшыларын, қажетті жерінде, кезегі келгенде университет мұқтаждарын шешуге бағыттап, таршылық жасамай, көмек көрсетіп отыруын талап етті. Бұнысы дұрыс еді. Қашанда мұндай ірі, іргелі іс көптің көмегімен, жақсы ниетімен бітері анық қой.

Сол тұстағы обкомның екінші хатшысы Ж.Қалмағамбетов, хатшылар – А.Иванов, Қ.Аманбаев, В.Ануфриев, Ш.Токмағамбетов, облыстық атқару комитетінің төрағасы С.Досмағамбетов, З.Іңкәрбаев, төрағаның бірінші орынбасары Я.Пазенко, Е.Бочаров, Л.Полежаев, орынбасарлар:

В.Мирза, О.Шакиров, хатшысы: Г.Медеубасва, облыстық кәсіподаккомитетінің төрағасы М.Шаймерденов, комсомол комитетінің төрағасы К.Аманбаевтар жас университеттің аяғынан нық тұрып, шаруасының мықталып кетуіне көп үлес қосты. Олар жас университеттің облыс үшін аса қажетті маман-кадрлар дайындайтын болашағына сенді. 1986 жылдың қазанында обкомға бірінші хатшы болып Валерий Иванович Локотунин келді. Екінші хатшы болып Ж.Қалмағанбетов, А.Ібжанов, хатшылары болып К.Сұлтанов, А.Романов, А.Иванов сайланды. Қанша жерден университет ректоры бар, шаруаны сол жүргізіп, сол шешеді дегенмен де, көп ретте, әсіресе, қаржы-қаражат жағдайын қарастыратын облыс басшылары екені рас. Жаңа келген басшылар бойынан да алдыңғылардың ниеті табылып, университет қамқорлықсыз қалмады.

Желтоқсан көтерілісі – ісі қазақтың ұлттық намысының оянып, бұлқынған, буырқанған, еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылған тұсы. Оның ерекшелігі тек қазақ халқының ғана емес, Қазақстанда тұратын басқа ұлттар мен ұлыстардың да санасын серпілтіп, есін жиғызды. Қазақтарға: «бұл менің Отаным, намысымды таптап, дәстүр-салтымды санамнан өшіруге хақыларың жоқ!» дегізе, тектерін білмей тайраңдап, өктемсіп кеткен келімсектер: «Ойпыр-ай,ә! Біздің Отанымыз қайда, мұнда қалай, қайдан келдік? Есіміз барда елімізді табайық...» деп, «көштерін» ата қоныстарына бұрған ды.

Ғалым, ұстаз, басшы, осы өлкенің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосқан академик Зейнолла Молдахметов жайлы Қарағанды облысы туралы энциклопедия былайша жазыпты:

«Молдахметов Зейнолла Молдахметұлы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы, Октябрь селосында дүниеге келді. 1952 жылы Чистовка орта мектебін бітіріп, Алматының Абай атындағы пединститутына түсті. 1956-1962 жылдар аралығында өзі бітірген мектеп-

те мұғалім, сосын Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-технология институтында аспирантурада оқыды. Ал, 1965-1974 жылдарда Қарағанды Химия-металлургия институтында аға ғылыми қызметкер, сосын зертхана меңгерушісі болды. 1974-1975 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінде проректор, кейіннен, 1980-1988 жылдар аралығында ректор қызметін атқарды. 1975-1980 жылдарда Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтының ректоры болды. 1988 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысы болып сайланды. 1998 жылы академик З.М.Молдахметов бастамасымен Қазақстан-Ресей университеті ашылды...»

Энциклопедия мәліметі қашанда осылай құрғақ, жансыз. Жансыз болған соң әсері де аз. Басқадан сені дара лап тұратын – мінез, іс-әрекет, оқиға жайлы жазылмайды мұнда. Өкінішті. Сондай еш жерге жазылмаған Молдахметовтің адамдық болмысын, азаматтық биіктігін анықтайтын бір оқиғаны бізге талай жылдар университеттің шаруашылық жөніндегі проректоры (1980-1985 жж.) болған Болат Кәкенов ағамыз айтып берген еді. Әңгіме аты шулы, нағыз шындығы әлі ашылмаған Желтоқсан оқиғасына байланысты болатын.

*– Кемсіту мен қорлаудан қордаланып жиналған, ыза мен кектен тұратын алапат күш – Желтоқсан оқиғасы. Шыдамның да шегі барлығын көрсеткен, бар тосқауылдар мен заңсыздықтар «қақпасын» қақыратып, болашақ тәуелсіздіктің тағанын қаққан Ұлы оқиға бұл! Мұндай қимылды күтпеген тоталитарлық қоғам бірден белден басып, күшке салғанмен, іштей тіксініп, «арты не болар екен?» деп, қобалжып та қалған. «Қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегендейін, алаңға шыққан ақ жүрек жастарға әміршілдіктің әңгіртаяғын үйіріп кеп бергенде, жайшылықта ұлтжанды көрініп, күжірейіп жүрген талайлар тайқып шығып, тасаға тығылып қалған. Тіп-*



мен зиялыларымыздың өзі Қожжекем сияқты: «сенікі де дұрыс, сенікі де дұрыс!» деп, «дұрыс» пен «бұрыстың» ара-жігін ашып айта алмай, жалпақшешейлік танытқан. Негізі, Желтоқсан оқиғасы ұлығымыздан бастап ұланымызға дейін болмыс-бітімімізді, ар, ұятымызды айқындап берді.

Тарихи шындық – алаңға шыққандардың басым көпшілігі студенттер. Яғни, әуелден әділдік жолында алда жүретін ақ жүрек студенттер бұл жолы да, Желтоқсан айында да сол әдеттерінен айныған жоқ. Осы тұста айта кететін бір жәйт – осы уақытқа дейін Қарағанды жастарының Желтоқсан оқиғасындағы ролі анық ашылып, айқындалып, айтылған да емес. Желтоқсан оқиғасы Алматыда басталып, тек Алматыда аяқталғандай, басқа жердегі жастар ерлігі ауызға алынбайды. Шындық олай емес қой. Желтоқсан оқиғасы Алматыда басталуын басталғанмен, ол Қарағанды, Шымкент, Жезқазған, Жамбыл... облыстарында аяқталды. Оған қатысқаны үшін қаншама адамдар қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың бәрінің көзі тірі, сыр тарта қалсаңыз ағытылғалы-ақ тұр. Осы арада оқудан шығарылған студенттер, басқалар туралы, басшылықтан босатылған Т.Әбдіразақов секілділер туралы Желтоқсан оқиғасының бар шындығы әлі айтылып біткен жоқ, айтылар уақытын тосуда...

Ұлтжандылығын ұрандатпай-ақ, солақай саясаттың сойылын соқпай-ақ, ұлтының намысын қорғап, рухын көтерген азаматтар болды. Солардың бірі Зейнолла Молдахметов. Ол онсыз да университеттен шыққалы тұрған, үлгерімі нашар бірді-екілі студентті оқудан босатып, «еркек тоқты құрбандық» жасап, жоғарғы жаққа өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай етіп ақпарат беріп, осылай өн бойында атойлаған алаштың рухы бар, ақ жүрек, күмбір кеуде көп өренді арашалап қалған-ды.

Кімнің кім екенін танытатын көп іс емес – осындай бір іс, бір сәт. Сын сәтте Молдахметов сыр білдірмеді,

сүрінбеді. Ұлтының намысын аялаған, халқының болашағын ойлаған арлы азамат қана осындай мінез танытса керек еді. Ол өзін, Молдахметов болмысын айқындайтын бір мінезді көрсетті. Алдыңғы ұрпақ ағалар ісінен Сіз бен Біздің үлгі алар тұсымыз да осы!

\* \* \*

Ғылымда ашқан жаңалықтары Одақтан асып, шет елдерге жеткен, Шекспир, Есенин, Маяковский шығармаларын қазақшаға аударған, театр сынына өлшеусіз үлес қосқан, ұтқыр ойлы, орақ тілді, шешендігі ел арасында аңыздай болып айтылатын Ебіней Арыстанұлы Бөкетовті кім, қалай ұмытпақ?! Сол ұмыта алмағандар: «Бөкетовтің есімі неге университетке берілмейді?» деген пікір жиі айтылып жүрді. Мұндай пікір Зейнолланың өзін де мазалайтын. «Сәлемнің де сәті бар» демей ме, сол сәтті, ретін күтіп жүргенде, бірде, 1987 жылдың көктемінде Зейнолла Молдахметов Орталық Комитеттегі бір жиынға, Алматыға келді. Сонда орайын келтіріп, ыңғайын тауып Мырзатай Жолдасбековке осы ойын жеткізді. Ол: «Зеке-ау, мынауыңыз дұрыс екен, ол университетке Бөкетов есімі қалайда ылайықты, тездетіп маған құжаттар жіберіңіз. Өзіңіз айтқан коғамдық ұйымдар, университет ұжымы... ұсыныстарын жазбаша жазсын... тиісті орындарға ұсыныс жасаймыз... Ебекеңнің кім екенін, коғамдағы орнын Нұрсұлтан біледі ғой... тек тездетіңіздер!» демесі бар ма.

«1987 жылы күрт басталып, бірте-бірте өрбip, 90-жылдардың бас кезінде жүзеге асқан әр алуан игі шаралар – осы айтқан уәждің айқын дәлелі... Солардың бастапқысы 1991 жылдың қаңтарында Қазақ КСР Министрлер кабинетінің қарарымен Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының №2 орта мектебіне және сол оқу ұясы тұрған көшеге Е.А.Бөкетов есімі берілді, іле-шала сондай ізетті Петропавл қаласы да көрсетінті...

...Турасын айту керек, бұл істі ақырына дейін тиянақтауда ҚарМУ ұжымы айрықша белсенділік көрсетті. Бұл ұсынысты Ғылым Академиясы, Жазушылар одағы, халық депутаттарының Қарағанды облыстық атқару комитеті қызу қолдапты...жас қазақ мемлекетінің рухани ұстанымына бұл ұсыныс дөп келіп, ел басшысының да оң пікірі үстем болып, 1991 жылдың 16-тамыз күні республика Үкіметінің қарарымен Қарағанды Мемлекеттік университетіне Ебіней Арыстанұлы Бөкетов есімі берілді».

Мұны жазған «Ебіней Бөкетов» атты ғұмырнамалық хикаят авторы, белгілі жазушы Медеу Сарсек.

Әрине, «Бөкетовтің Құрмет тақтасын ашуға мен кепіл болдым..., ескерткіш орнатуда менің еңбегім зор., университетке есімін мен әпердім...» тағысын-тағылар... Осылай деп талайлар талай ой айтып, таласуы, тіптен тайталасуы да мүмкін. Оған біз еш қарсы болып, реніш білдіре алмаймыз. Себебі, жақсыға әркімнің-ақ бар таласы! Алайда, сол жақсылардың арасынан суырыла шығып, Бөкетов есімін мәңгіге қалдыруды ойлап, алғаш қозғау, іс-әрекет жасаған Молдахметов екеніне ешкім де дау айтып, шүбә келтіре алмайды.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### «ҒЫЛЫМ – АЛЛАНЫҢ БІР СИПАТЫ»

Абай

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі ордасы – Астана күн сайын емес, сәт сайын қарқындап өсуімен баршаны таңтамаша қалдырып отыр. Елорданы табиғаты тамылжыған Алматыдан ақ бораны ақырған Ақмолаға көшіреміз дегенде талайлар таусыла қарсы болып, амалдарының жоқтығынан ғана күнкөріс, «қызмет-мансап» соңынан ере, еріксіз көшкен болатын. Қазір ол қалаға қалған ел өз еркімен ағылуда. Себеп біреу: Астана елдің нағыз ордалы орнына айналды. Ол – бар экономикалық мәселенің тоғысар жері, оның шешілер мекені, білім мен ғылымның, мәдениеттің шоғырланған шаһары.

Кеңес заманында астананы Алматыдан не Қарағандыға, не Ақмолаға көшірген орынды деген идеяны әуелі республика, сосын Одақтық деңгейде мәселе етіп көтерген, алғаш айтқан Қаныш Сәтбаев екенін қазір біреу біліп, біреу білмейді. Өкінішті-ақ! Қаныш Сәтбаевқа бұл идея жәйден-жәй келген жоқ-ты. Кең байтақ республикамыздың орталығында орналасқан екі қаланың географиялық жағдайы себеп болса, ал, ең бастысы Орталық және Солтүстік Қазақстанның жер қойнауы барланған, зерттелген, дәлелденген орасан байлыққа: темір, мыс, алтын, күміс, уран...боксит, көмір кеніштеріне толы еді. Бұл байлықтарды пайдаға асырса, Қазақстан экономикасының шарықтайтынына ғұлама ғалым құлай сенді.

1949 жылы Қарағандыда Қазақстан Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы өтті. Оған атақты академик И.П.Бардин, Мәскеу мен Ленинградтың ғалымдары шақырылды. Академик И.П.Бардин кеңестік металлургия ғылымын ғана емес, өндіріс деңгейін де биікке көтерген

тұлға. Кузнецк, Магнитогорск металлургия комбинаттарында бас инженер болғаны куә.

Сессияда қаралған негізгі мәселе Орталық Қазақстан өңіріндегі дамып келе жатқан өнеркәсіп орындарының тиімділігін арттыру болатын. Ал, Сәтбаевтің астананы осынау бай өңірге көшіру керек дегендегі ойы – Орталық және Солтүстік Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту болатын.

Он жылдан кейін, яғни 1959 жылы Қарағандыда Ғылым Академиясының екінші көшпелі сессиясы өтті. Орталық Қазақстан өңіріндегі: көмір, химия өнеркәсібін, түсті және кара металлургия саласын, Қарағандыны сумен қамтамасыз ету мәселелерінде ғылым атқарар рөл басты тақырып болып, соның жолдарын қарастырды.

Қысқасы, Орталық Қазақстан өңірінде өндірістің күрт өсуі көптеген проблемаларды жыл озған сайын тудыра берді. Ендігі жерде оны шешудің бір ғана жолы бар, ол – іргелі ғылым! Бұдан көп жыл бұрын Сәтбаев айтқан екінші идея осы еді. Оның дұрыстығын, керектігін мойындағандар ақырында, 1983 жылы Қарағандыдан Ғылым Академиясының бөлімшесін тұңғыш ашты. Негізінде, 1975 жылға дейін ХМИ құрамынан бес-алты институтты жеке шаңырақ етіп шығарғандағы түпкі мақсат осы – жеке ғылыми бөлімше құрудың амалы болатын. Академик Қаныш Сәтбаев арманы, кеш болса да, орындалды.

Соңғы жылдарда Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің жұмысы қожырап, жоспарланған ғылыми жұмыстар орындалмай, ғалымдардың да белсенділігі төмендеп, жақсы аттары шықпай қойған-ды. Ақырында, Ғылым Академиясында Бөлімше жұмысы тыңдалды, кемшіліктің себеп-салдары ашылды. Бұл кемшіліктерді жою үшін ғалымдарға қойылатын талапты күшейтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдете жүргізу керектігі айқындалды. Ол үшін Бөлімше басшылығын ауыстыруды қажет деп тапты. Осы тұста тағы да таңдау

химия ғылымдарының докторы, академик Зейнолла Молдахметұлы Молдахметовке (1988 жыл) түсті де, ол Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысы болып тағайындалды. Істің бұлай шешілуіне оның өзінен басқа ешкім «кінәлі» емес еді, бойындағы ұйымдастыру қабілетінің ғылыми ортаға танымал, жоғарғы басшылыққа белгілі болғандығында жатыр. Қай қызметте болмасын өзіне жүктелген жұмыстың парқы мен салмағын таразылай алатын ол бірден Бөлімше мен оған қарасты ғылыми институттар басшыларымен, ғалым-профессорлармен әңгімелесті, проблемаларды анықтады. Әрине, негізгі бағыты оқыту, білім беру болып табылатын университет жұмысымен мұндағы талаптарды салыстыруға келмейді. Мұнда табиғат байлығына тұнып тұрған өлкені ғылыми жолмен зерттеп, жаңалықтар ашып, ол жаңалықтар халық шаруашылығын көтеруге септігі тиіп жатуы керек. Бұны оп-оңай шаруа деп ешкім де айта алмайды.

Негізі, түсінбейтін адамға ғалым тіршілігі қызыққа толы, өмір жолы оп-оңай сияқты көрінеді, ал, түсінетін адам үшін ғалым өмірі, ғылым жолы нағыз сор-азабы көп, бейнеті бес батпан екенін біледі. Бүгін бастап, ертең жаңалық ашып, айды аспанға шығарамын, көпті өзіме қаратып, қадырлы боламын деу ғылымға жүрмейді. Әрбір зерттеу соңында көптеген адамдар тағдыры мен жылдар жатады. Ғылым жолы қия, асуы биік. Сол жолда арманына жете алмай жүйкесі жұқарып, денсаулығы мұқалып, опат болғандар қаншама?! Бұны ол Мәскеуде оқыған, аспирант кезінде түсінген-ді. Амал қанша, сан мамандықтың ішінен өзі таңдаған жолы, тағдыры. Кері қайтуға жол жоқ. Не болса да алға, тек алға ғана қарау керек. «Ойшыл ойланғанша, тәуекелшіл екі рет барып келеді». Тәуекелге бел буып, ұсақ-түйек жұмыстардың бәрін ығыстырып, осы уақытқа дейін ғылым айналасында, қоғамдық ортада болсын, жинаған-абырой беделін, бар білім-парасатын, іс-тәжірибесін Бөлімше жұмысын жандандыруға жұмсады.



Ең әуелі Молдахметов Бөлімшенің ғылыми құрылымын қарап шықты, болашақта атқарылатын жұмыстар бағытын саралады. Біріншіден, Бөлімшедегі ғылыми ізденістер ауқымын кеңейтіп, сала-саласымен жүйелеу керек болды. Ол үшін тәжірибе, білім керек. Оны қайдан, кімнен алады? Сол мақсатта Молдахметов КСРО Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесіне, Украина ССР-ы Ғылым Академиясының Днепр бөлімшесіне, Мәскеу, Новосібір, Киев және Днепропетровск қалаларына бір топ ғалымдарды іс-сапарға аттандырды. Олар тәжірибе жинақтады, үйренді, білім алды..., елге оралды.

Және Бөлімшеге қарасты ғылыми-зерттеу институт басшыларынан түрлі өнеркәсіп орындарымен, мысалы: «Жезказғантүстіметалл», «Оралэлектромис», «Орталық-казгеология», Балқаш мыс қорыту заводымен тығыз байланыста болуын талап етті. 1989 жылдың 2-3 ақпанында Қазақ КСР ҒА Төралқасының кезекті мәжілісі Қарағандыда өтті. Оған Қарағанды, Жезказған, Целиноград, Қостанай, Көкшетау облыстарындағы өндіріс басшылары мен жоғары оқу орындарының зерттеуші-ғалымдары арнайы шақырылды. Мәжілісте әсіресе солардың ой-пікірлері көп тыңдалды. Мақсат – қордаланған проблемаларды білу, білу арқылы Бөлімше жұмысын соған бағыттау. Осы мәжілісте: «Қазақ КСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің кәзіргі ахуалы мен даму келешегі және осы аймақта ғылыми-техникалық прогресті арттыру» қаулысы қабылданды. Бөлімшенің былайғы жұмысына осы қаулы бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеуші болды.

Осы мәжілісте Молдахметов: «академик, корреспондент-мүшелерді аймаққа бөлінген орындар бойынша сайлауға түсіру керек...» деген ұсыныс айтты, ол оң пікір туғызып, қабылданды. Нәтижесінде, 1989 жылы Қазақстан Ғылым Академиясына Қарағанды бөлімшесінен бір академик, алты корреспондент-мүше сайланды.

Олар, есімін атап айтар болсақ, физикалық химия

бойынша Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, химия ғылымының докторы, профессор З.Молдахметов академик атанса, медицина ғылымының докторы, профессор Б.Алтынбеков – медицина; химия ғылымының докторы, профессор М.Жұрынов, – химия; техника ғылымының докторы, профессор А.Лазуткин – тау-кен ісі; физика-математика ғылымының докторы, профессор М.Өтелбаев – математика; экономика ғылымының докторы, профессор К.Сағадиев – экономика; техника ғылымының докторы, профессор Б.Филаков – металлургия саласы бойынша корреспондент-мүше болып сайланды. Бөлімшенің ғылыми құрамы 2 академик, 9 корреспондент-мүшеге өсті.

Байқап отырған боларсыз, З.Молдахметов сайлауға түсіп, көп бәсекелестерінің ішінен топты жарып «академик» атанды. Қазіргідей емес, ол кезде бұл атақты алу үшін атыңызға «затыңыз» сай, яғни, ғылымда ашқан айтулы жаңалығыңыз болып, ол өндіріске еніп, халық игілігіне айналуы қажет және ғылыми-зерттеу еңбектеріңіз ғылыми журналдарда жиі жарияланып тұруы керек, шәкірттер тәрбиелеп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуыңыз да шарт. Бұларыңыз түгел болмаса, атақтан дәмәтпей-ақ қойыңыз, сайлауда сызылып, тізімнен түсіп қаласыз. Және Кеңестік кезеңде ғалымдардың «академик» атануы қоғам үшін үлкен оқиға, ерекше бір құбылыс болатын. Ол жөнінде ақпарат құралдары жазуға тиісті, тіптен міндетті секілді көрінетін. Сондай бір міндетті – тапсырманы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілші болып жүрген біз де алдық. Алғаш Зейнолла Молдахметовтің өмір жолымен, ғылыми еңбектерімен там-тұмдап болса да танысып, газетке мақала жазған едік. Негізі осы кітаптың жазылуына да сол мақала себепші болғандай. Сондықтан да академик жайлы жазылған алғашқы мақаламызды аталмыш кітапқа енгізуді жөн көрдік.

## «ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ» АВТОРЫ

Бұл кісіні он шақты жылдан бері білемін. Талай үлкен мінберден сойлегенін де, тұрмыс-тіршілік ортасында да, «Құрмет белгісі» орденін алар салтанатты жиында да, не керек, күнделікті тынымсыз тіршіліктің әр жағдайында кездесіп, амандық-саулық сұрасып жүреміз. Жақында, Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі, яғни, академик болып Қарағандыға абырой ала оралғанда Зейнолла Молдахметов жайлы жазу маған тапсырылды. Әуелде көптен білетініме сеніп, қинала қойған жоқпын. Енді ойымды жазуға бұрып, жинақтай бастаған кезде ол кісі туралы түк те білмейтін болып шықты.

Қызық! Ол жоғарыдағы жиын-кездесулердің бәрінде «мен мынаны бітіріп тастап едім» деген сөзді бір де-бір рет айтпапты. Менің білетінім көп аузында жүрген «Молдахметов – талантты ғалым, шебер ұымдастырушы, ардагер азамат» деген әдеттегі құрғақ ұранға ұқсас жылуы мен қызуы аз сөз болып шықты. Білмейтіндігімді өзіме мойындатып, өзі туралы өзінен сұрауды жөн көріп, телефон соқтым.

– Зеке, Сіз жайлы жазу керек деген тапсырма алып едім...

– Сол қажет бола қояр ма екен...

– Жоқ, халыққа таныстыру керек шығар.

– Халық ептеп естіп жатыр ғой, сол жетер. Одан да Сіздер біздің аймақтан Қазақ ССР Ғылым Академиясына алты адам корреспондент-мүшелікке өтті, сол жайлы жазыңыздар...

– Әркімнің өз сыбағасы бола жатар.. – «Айттым – бітті» мінезіне салмаса нетті? Қалай қармаққа түсір-мекпін. Тез-тез ойлана бастадым. – Біздің мақсат Сізді марапаттау, мақтау емес, ғылымға келуіңіз, сіңірген еңбегіңіз жайлы айта отырып, жастарға үлгі боларлықтай

тілім-тәрбие берсек деп едік – деп, қармаққа «жастар, тәлім-тәрбие» дегенді іле қойдым. Үнсіздік. «Айтылды ғой, қажет болмас» деп, беттен қайырып тастай ма деп дегбірсізденіп барамын. Үнсіздік жалғаса түсті.

– Алло, алло...

– Онда келе қойыңыз, – деді Зекең қысқа қайырып.

Қызық! Бұл қандай қасиет? «Мақтағанды кім жек көреді» дейтін көбімізде бар пендешілік бұл кісінде болмағаны ма? Әлде, бітіргенінің бәрін жәй нәрсе санай ма? Жоқ өз бағасын, өз бітіргенінің құнын, нарқын анық біліп, көпірме сөз, керауыз әңгіменің қажеті қанша, түбі өз бағасын онсыз да алатын еңбегімді әшекейлеп жеткізіп нем бар, онан да басқа тірлігімді тындырайын дей ме? Түсініп көріңіз...

Академиктің кабинеті. Өзінен басқа үш кісі отыр. Үшеудің бірін жақсы білемін. Осыдан екі-үш жыл бұрын Кампучияға барып, математикадан лекция оқып қайтқан, университетте беделі бар доцент Тасболат Сыматов. Екіншісін шырамытқанмен аты-жөнін білмеймін. Үшіншісін бұл тіршілікте бірінші көріп отырмын, ол анық.

– Таза ауылдың балаларын тарту керек. Сабақтың бәрі таза қазақ тілінде жүргізілсе дейміз, – дейді Тасболат Сыматов.

Құлағым елең ете түсті.

– Қаншама талантты балалар көзі ашылмаған бұлақтай ауылда жүр ғой. Физика, математикаға икемі бар балаларға арнап қала орталығынан арнайы мектеп ашылса... Ондай мектеп Новосібірде, Москвада, МГУ-дің жанында бар. Сосын, оның программасын да басқаларға ұқсамайтындай етіп құрсақ... – дейді, мен танымайтын адам. (Кейіннен сұрап білдім, кеше ғана Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған, осы бөлімшедегі Қолданбалы математика орталығының құрылуына ұйтқы болып жүрген Мұхтарбай Өтелбаев екен).

– Жобасын, жоспарларыңызды жасап әкеліңіздер.. Кең отырып әңгімелесейік, – дейді академик.

– Аяқсыз қалмауына сеніңіз. Тек мектеп үйі, ақша жағы қалай болар екен...

– Орын да табармыз, салынып жатқан бір мектепті сұраймыз-дағы. Мынадай жақсы іске басшылық етпесек, неге отырмыз бұл орында. Ақша да , орын да болар. Ол жөнінен қам жемеңіздер. Қазақтың қара домалақ балалары келіп, оқып, олардың ішінен ірі ғалымдар шығып жатса, бүгінгі ісіміздің жалғасқаны емес пе. Идеяларыңыз тамаша! – деді Зекең сөзін кесіп-кесіп айтып, ерекше сезіммен, ризашылықпен аяқтап. Бұл сөз ғалымдарға шабыт, серпіліс бергендей. Ұшқындаған жанарларынан соны аңғару қиын емес еді. Әзірге идея ғана болғанымен, ертең халқымыз үшін іргелі, маңызды іс болғалы тұрғанына, оған куәгер болғаныма іштей қуанып, «Іске сәт, жігіттер!» деп мен де отырмын.

Осы кезде есікті жасқана ашып, үлкенге деген аса бір ілтипатпен екі жас жігіт академикке гүл ұсынды. Академиктің гүл ұстасы да қолапайсыз. Хатшы қыз гүл салатын ваза таппай састы. Болме іші бейне бір гүл бағы дерсің. Олардан Молдахметовке деген адамдардың жылылығының, ыстық ілтипатының иісі аңқып тұрғандай.

Бұрынғы келген үшеу қоштасып шыға берді де, екі жігіт тұрып қалды. «Сізді құттықтай келіп едік» деді орта бойлы, ашаң келген жігіт ұяң мінезбен. «Рахметін» қысқа қайырған Молдахметов:

– Батырлар, жұмыстарың не болып жатыр? Тәжірибелеріңнен нәтиже шығатын түрі бар ма?

– Тәжірибе жасап жатырмыз, әзірге айтарлық ештеңе болмай тұрғаны...

Қуанышты күні ренжітіп аламыз ба дегендей қинала айтты бұл сөзін. Үнсіздік орнады. Ғалым бізден үзіліп

жарылып, ой құшағына батып бара жатқан санасын ертең ажыратып:

– Жарайды, ертең лабораторияға сағат үште барамын, – деді.

Жігіттер қоштасып шығып кетті.

Молдахметовтің әлгі «Батыр» деген сөзі ұстазы, халқымыздың аяулысына айналған Ебіней Арыстанұлы Бөкетовті көз алдыма тез алып келді. Ол кісі көңіліне қонып, жанына жаққанын осылай көтере бағалайтын. «Болмасаң да ұқсап бақ!». Иә, өмірде «ұқсасам» деген адамның алдында болуы қандай бақыт. Әйтпесе, өмір толқынында бағытыңды бағдарлай алмай, әр жағаға бір соғылып, күйбең тіршілік кешерсің-ау. Тәжірибе үстінде тоқырап, ой сарқылған сәтте, ұстазының осы бір «батыр» деген сөзінен шабыт алып, тұйықтан талай шыққанын Зейнолла ұмытқан жоқ, ұмытпақ емес. Қайта ұстазының талай асыл қасиетін бойына сіңіріп, шәкірттеріне, аспиранттарына дарытпақ ниетте жүреді үнемі. Өмір тізгінінің үзілмей, тіршілік тамырының тереңге кетер тұсы—Адам бойындағы жақсы қасиеттердің жалғастығынан болар, сірә.

Академикке бір-екі сауал қойдым. Оған «бар», «жоқтан» артық жауап бермеді. Зекеңнің сөзге сараңдығына таң қалып, бір жағынан шамданып: «ең болмаса Ебіней Арыстанұлы Бөкетовпен қалай таныстыңыз, соны айтып беріңізші» дедім.

– Ә, ол былай болған. Газетте Қарағандының химия-металлургия институтына аға ғылыми қызметкер керек деген конкурс шарты жарияланды. Ол кезде мен Целиноградтың пединститутында проректор қызметін атқаратынымын. Бір күні келіп Ебіней Арыстанұлына жолықтым, жағдайымды айттым. Ол кісі «документтеріңді тапсырып көр» деді. Конкурсан отіп, қызметке қабылдандым.

Бұл әңгімеге де көңілім толмады. Бояуы жоқ, әсері



аз. Абыройы асқан академикті алғаш коргенін, оның биік ойы мен тұлғасын айтып, алдына жасқана кіргенін, аузына ірі-ірі сөздер салып, Букетовке ылайық портрет жасамағанына көңілім толмады. Бірақ бұл жасанды, жалғаны жоқ, әсірелеуді ұнатпайтын Зекең мінезін танытқан еді.

Тағы да телефон шылдырлады.

– Кеше сендерге түсіндіріп айттым ғой, соны істеңдер. Әй, сендердің үздік-создық жүретіндерің-ай. Жо-жоқ, олай болмайды. Заңға келмейді... Экономистер оған келіспейді... Айтқанды істеңдер! – деді де трубканы қоя салды. Асырып-жасырары жоқ, бұл да Зекеңнің өзіне тән мінезі.

Осылай үздіксіз шылдыраған телефон мен келімді-кетімді адамдар онсыз да іру-тіруі шығып, бір-біріне жалғаса алмай жатқан әңгімемізді ыдырата берді. Суыртпақтап шығарған там-тұм әңгімеден не айта аламын? Қызық!

Иә, академиктің ерекшелей айтқаны – бөлімшеден экология орталығын ашып, жер, су, ауа, не керек ертеңгі тіршілікті тұралатып алмаудың жолын іздестіріп жатқаны. Екінші, өзін қатты бір ойландырып жүрген нәрсе, бөлімшеден археологиялық-этнографиялық орталық ашу екен.

– Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих,

Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы! – деп, ақын мына «Зерде» журналына жазыпты. Сол сияқты қаншама шындық, халқымыздың тарихы топырақ астында көмулі жатыр десеңізші. Сарыарқа оңірі ондай тарихқа бай. Соның көзін ашып, өз бағасын бермесек келер ұрпақ алдында кешірімсіз күнә жасағанымыз.

«Күнә!» Күнә деген сөз шықты академик аузынан. Дүниеде күнәнің барын түсіну, түйсіну, оның алдында бір мезгіл жауап беру адамгершіліктің барлығын аңғартса

керек. Академиктің ішкі сырының бір иірімін осыдан аңғарғандай болды. Осы орайда:

Тек саған айтар сыр-мұңым,  
Жоқ іздеп шыққан жүргінші ем.  
Көміліп қалған шындығым,  
Көріңде жатып шыңғыр сен, –

деген тағы бір ақынның ащы сөзі ойыма оралды.

Қанша аз сөйлесе де, бір сөзіне бір сөзі сүріне жығылып, ойымен жарыса шаба алмай отырса да, бір ауыз орысша араластырмай, небір ғылыми терминдерді өз әлімше қазақшаға аударып сойлегеніне таң қалып, «аға, мектепті қазақ тілінде бітірдіңіз бе?» дедім.

– Жоқ, орыс мектебін бітірдім.

– Онда қазақшаны неге ұмытып қалмағансыз? – дедім, таңданысымды мысқылмен тұздықтап. (Әрине, мысқылым ана тілін білмейтін мәңгүрттерге арналған еді). Бұл сұрағымға Зекең рахаттана бір күліп алды да:

– Е, мен қазақ емеспін бе, неге ұмытуға тиіспін, – деді әсемдеп, әшекейлемей, ойын тұра жеткізіп...

\* \* \*

Көп баланың бірі болып қалмай, Зейнолланы ауылдан физика пәнінің сиқырлы сырлары, бұрын ата-бабасының оңі түгіл түсіне кірмеген, «құдіреттен» әрі болмаса бері емес, құпиялары алып шыққан екен. Шашы бұрыл тартқан, орта жастағы ұстазының айнала тіршілікті ұмытып, «мына көген көз балалар бір нәрсе білсінші» деп, жан-тәнін сала сабақ түсіндіретін сәті көз алдында. Небір қиял-ғажайып елестер шындыққа айналып, формулалар тілімен сөйлей жонелгенде бала қиялы қияға самғайтын. Ама! қанша, ол құпиялар бала аңсарына оңай ашыла ма? Ол үшін оқу керек, үлкен жерді көріп, ірі-ірі ғалымдарды тыңдау керек екен. Содан Зейнолла Абай атындағы Қазақ педагогика институтының физика-математика факультетіне оқуға ауысты. Одан кейін

Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы Химия-технология ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында да, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаз болып, Целиноград педагогика институтында проректор болып жүріп те, Қарағанды Химия-металлургия институтының лаборатория меңгерушісі кезінде де, Қарағанды мемлекеттік университетінің проректоры, ректоры болып жүріп те шексіз зұмыр, мәңгілік даму алдындағы табиғат құпияларын, физикалық қасиеттерді, химиялық құрамдарды «білсем» деген құмарлық, құштарлықтан бір де айныған емес.

Сайрап жатқан сара жол жоқ ғылымда. Оның үстіне көшпенді елдің баласы үшін тылсым сырын ішіне бүккен физикалық қасиеттер мен математикалық теңдеулер теңдесі жоқ, нағыз құпия еді. Сол құпия сырларға бастайтын Табиғат-Ана әу баста адамзат баласына айнымастай етіп жазып берген асыл қасиет – адам қиялы, ойы ғой. Ол не үшін қияға самғайды, кім үшін ой тұңғызығына батады? Оны түсіндіру маған қиын. Әйтеуір бұл – Адам бойындағы ұлы сезім, қасиетті құдірет. ҰЛЫ АДАМ – түсінуге, сезінуге, білуге – жұдырықтай жүректі тұлата жөнелгенде құпия сырлар ысырылып, есігін аша береді...

Бүгінгі академик Зейнолла Молдахметов жайлы, оның Қарағанды мемлекеттік университетіндегі қызметі хақында химия ғылымының докторы, профессор Б.Ф.Минаев былай дейді:

– Талай басшымен қызметтес болдым, бірақ Зейнолла Молдахметұлындай ұйымдастырушыны аз кордім. Өзіме ұнайтын қасиеті – бір шаруаны қолға алса, аяқтағанға дейін саған да, өзіне де маза бермейді. Әрі тапсырғанын еш ұмытпайды. Мәселе көтерілсе, ертеңге, арғы күнге қалдырмайды, тез шешеді. Бұл басшы үшін, қым-қуаты көп біздің күрделі заман үшін үлкен қасиет. Істің жүруі, өмірдің дамуы үшін маңызды мінез бұл.

Университетте де қалдырған ізі бар оның. 1983 жы-

ны Зейнолла Молдахметовтің ұйымдастыруымен теориялық химия мектебін өткіздік. Оған Одақтың жер-жерінен елуден астам доктор, профессор, жүзден астам ғылым кандидаты келіп, үлкен әңгіме-кеңес болды. Бұл университеттің басқа ғылыми орталықтармен байланысына кең жол ашты.

Химия факультетінен квантты химия кафедрасын, физика факультетінен проблемалық лаборатория ашты. Кадр дайындауда да көп еңбек етті. Өз ішімізден доктор, профессорлар шығып, жастарымыз кандидаттық қорғады. Осының бәрінде оның ықпалы бар...

Осы жерден мен де нүкте қойдым. Жазғандарымды қайта-қайта оқыдым. Көңілім толмады. Бір жақты болып шығыпты. Сонда ғалымның тұрмыстағы, отбасындағы бейнесі қандай? Әлде жұмыс пен ғылымынан басқаны білмейтін, сезім, тебіренісі жоқ, безбүйрек немесе пендешілік, қателігі жоқ періште жан ба? Ойыма осыдан біраз жыл бұрын Бокетовтің зайыбы Зүбайра апамыз айтқан, Зекеңнің бір жағдайда сиыр сауғаны орала кетті де, апамыздан қайыра айтып беруін өтіндім. Менің отінішімді естіп отырған Ебіней ағаның досы, қадірлі Ахмедия ағамыз «академиктің сиыр сауғанын жазғандарың ұят болар, қойыңдар!» деді.

– Кешіріңіз аға, қателесесіз. Міне, біздің қателесіп тұрған тұсымыз осы. Асыра марапаттаудан жасанды пайғамбар, жалған періште жасадық. Адамға қателесу, пендешілік, күпірлік тән болса да жасырдық, көрсек те көрмеген болдық. Бұл жеке басқа табынушылық пен тоқырау жылдарының санамызға сіңірген ең ауыр – ой апаты, ақыл апаты. Қызуланып айттым. Онымды ұнатпаған апам әңгімесін бастап кетті.

– Ебінейдің университетте ректор болып жүрген кезі. Біз қонақсыз болғанбыз ба, Мәскеуден бір қадірлі қонақтар келіп, Ебіней оларды Қарқаралыға апаратын болды. Екі машина болып келсек, университет демалыс

үйінің қызметкері Иван мас болып жатыр, еш дайындық жоқ. Ебіней қонақтардан қысылып, ыңғайсызданып барады. Содан өзім қазан көтеріп, үй жинап, кешкі асқа қам жасадық. Сүт қажет болды. Ебіней маған: «Зүке, анау сиыр тұр, сауып әкелсейші» деді. Ұят та болса айтайын, сауа алмайтынымды ескерттім. Сол кезде Зейнолла: «Жеңгей, бір шелек, жылы су, орамал алып жүріңіз» деді. Зейнолла сиырдың емшегін жылы сумен жуып, орамалмен жақсылап сұртті де, күрпілдетіп сауа жөнелді. Інілезде бір шелек сүт алдық. «Қайным-ау, мұны қайдан үйреніп жүрсің?» дедім. «Жеңгей-ай, тағдыр тауқыметі үйренбеске қойды ма?!» деп, інілезде түрі де, даусы да өзгере қалды.

Тау етегіндегі белуардан келетін шалғынды жапыра басып, қайным екеуміз қатар келеміз. «Жеңгей, мына бір тасқа шамалы отыра тұрайықшы», – деді әлде бір жүрек түкпіріндегі сырын айтқысы келгендей сыңай танытып.

Қып-қызыл Күн тау басына барып ілініп қалғандай, алаулап тұр. Аппақ сүт шелек ернеуіне шүп-шүп тиеді.

– Отырсақ отырайық, – дедім.

– Жеңгей, сиыр саууды маған жағдайдың өзі үйретті. Анам өте ерте дүние салды. Отбасының ері де, анасы да болып әкем қалды. Ел тұрмысының нашар кезі, оның үстіне жоқтан бар жасап, үйімізге береке енгізіп отырған анамыздан айрылу бізге қиын болды. Жылдар жылжи берді. Бірде мен қатты науқастанып қалдым. Әкем дәрігерге көрсетпек болып темір жол бойындағы емханаға келеміз. Вокзал маңына жақындай бергенімізде қажет бір қағаздың үйде қалып қойғанын білдік. Мен жүгіріп, қайыра үйге кеттім. Қағазды алып қайта оралсам вокзал маңында топталған, әлденеге абыржыған халық. Жүгіріп мен де келдім. Келсем жаңа ғана сап-сау қалған әкем қызылала қанға боялып жатыр. Не болғанымды білмеймін, бала жүрегім жарылып кетердей,

шырылдап үстіне құлай кеттім. «Балам-ай, буының қатпай қалдың-ау» дегенді әкем әрең айтты.

Сойтсем, вокзалға келе жатқан пойыздың бір ілгеше-лі жол жиегінде тұрған әкемді іліп түскен. Емханада азақ жатып дүниеден қайтты..., – деп, даусы дірілдеп, қара көздеріне жас үйірілді. Екеуміз батар күнге қарап, үнісіз ұзақ отырдық. Қанша есейгенмен, ананың ақ мейірімін, әкенің аялы алақанын сағынатындай. Қызығынан қиындығы көп болған балалық шағының ауыр күндері оны осылай мұңға жетеледі.

Міне, апамның әңгімесінен кейін, кеше ғана достары, туған-туыстары «академик» атауымен құттықтап, құшағын гүлге толтырған, төрт құбыласы тең, қайғы-қасіретті, мұңды білмейтіндей көрінген, атақ-абыройы асқан химия ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов енді бүгін адамгершілігі мен адалдығы, тәкаппарлығы мен паңдығы, сезімі мен жүрегі, пендешілігі мен ерлігі бар, даңқ, атақтан да биік нағыз Адам бейнесінде көз алдыма келе қалды.

**«Орталық Қазақстан»**  
2.11.1989 ж.

\* \* \*

Қарағанды қаласында Қазақстан Ғылым Академиясы Төралқасының кезекті көшпелі мәжілісі 1993 жылдың 6-шы тамызында өтті. Мәжіліске Академияға қарасты ғылыми институттар мен ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындарының өкілдері мен басшылары, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Ақмола облыстарының облыстық, қалалық әкімшіліктерінің жауапты қызметкерлері қатысты.

Қоғамдық қатынас өзгеріп, еліміздің экономикасы базар заңдарына көшіп жатқан тұс. Қазақстан ғылымының ертеңін, өнеркәсібі шоғырланған аймақтың ғылыми әлуетін жаңа жағдайға, жаңа талаптарға бағыттау қажет. Бұрын Мәскеудегі Орталық Ғылым Академиясына қарап:



«бізге не берер екен?», әйтпесе, «не айтар екен?» деп, жалтақтап отыратындай емес, өз тағдырын өздері ойлап, шеше алатындай мүмкіндік келгенін түсінді. Мәжілісте осы мәселелер талданып, талқыланды, оны шешудің жолдары қарастырылды. Уақыт талабы осыған әкелген еді.

Осыдан кейін Бөлімшенің ғылыми құрамы көбейіп, дәрежелері биіктетілді. Мысалы, 1994-1995 жылдар аралығында өткен Қазақстан Ғылым Академиясы сайлауында техника ғылымының докторы, профессор Н.С.Бектұрғанов, химия ғылымының докторы, профессор А.М.Ғазалиев, химия ғылымының докторы, профессор С.М.Әдекенов, медицина ғылымының докторы, профессор Ғ.А.Құлқыбаев, геология ғылымының докторы, профессор П.В.Ермолов корреспондент-мүше болып сайланды. Жаңа дәреже ғалымдардың жұмысын жеңілдете қоймады. Атақ пен абыройды қатар ұстап жүру үлкен сын екенін түсінетін ол: «Жігіттер, қазақ «алмақтың да салмағы бар» демей ме, алғанымызды ақтап жүрелік-дағы» дегенді бұрынғыдан да жиі айтатын болған. Ондағысы ел-жұрт алдындағы жауапкершілікті, әріптестер ортасындағы абырой-беделді ойлағаны болар.

Ғалымдарының ғылыми дәрежесін бір сатыға көтеріп, абырой-даңқтарын биіктетіп алған академик-хатшы З.Молдахметов жаңа мақсаттарды межеге ұстады. Ол сала-сала бойынша академиялық ғылыми институттар ашуды көздеді. Мақсат қойса жетпей қоймайтын ол, Қарағанды қаласынан:

1. «Жер қойнауын кешенді игеру» институты,
2. Қолданбалы математика» институты,
3. «Нарықтық қатынастар және фитохимия» институтының ашылуына ұйтқы болды. Және ол осындағы ғалымдар «шоқ жұлдызымен» бірлесе отырып, қордаланған көп мәселені шешті, жаналықтар ашты, республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар ұйымдастырды.

Тарих үшін қажет болар, мысалы, қазіргі кезде атағы біраз жерге жетіп тұрған «Фитохимия» институтының ашылуы былай болған-ды. Бірде, академик Зейнолла Молдахметовке химия ғылымының докторы Серғазы Әдекенов жаңа бір идея, ой айта келді. Ол Қарағандыдан «Фитохимия» институтын ұйымдастырып, өзін-өзі қаржыландыратын негізде өрістетуге болатынын тайға таңба басқандай етіп жайып салды. Қашанда жаңалыққа жаны жақын академик ғалымның бұл ұсынысын қуана құптады. Қуаныш ұзаққа созылмады. Жаңа жаңалықты, идеяны іске асыру үшін қолдау аз, бастысы қаржы-қаражат керек. Ол кезде қоғам жоспарлы экономиканы артқа тастап, базар қатынастарын көшіп жатқан-ды. Ел Үкіметінің, оның ішінде Ғылым Академиясының да «қоржыны» бос, «өлдім» десеңіз де бөліп беретіні жоқ. Енді не істеу керек? Әрі жаңа, әрі тиімді жаңалыққа қаражат жоқ деп отыра беру ғылымға жасалған қиянатпен бірдей екенін Молдахметов түсініп тұр. Ақыры, көптеп-көмектеп дегендей, қаражат тапты. Ақылдаса келіп әуелі халықаралық ғылыми конференция өткізіп алуды ұйғарды. Өзі ұйымдастыру комитетінің төрағасы болды.

Сөйтіп олар 1994 жылы «Дәрілік өсімдік шикізатын өңдеу өндірісі мен фитопрепараттар алу технологиясының өзекті проблемалары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференцияға жер жүзінен көптеген ғалымдар келіп, келелі пікірлерін ортаға салды, тәжірибе алмасты. Осыдан кейін барып «Фитохимия» институтының қажет екенін, маңызын Ұлттық Ғылым Академия басшылары түсінді, ақырында ел Үкіметі нақты көмек көрсетті. Қарағандыдан жаңа институтқа 44 гектар жер бөлініп, оның 3 гектары дәрі-дәрмек алынатын өсімдіктер питомнигіне айналды.

Қазір «Фитохимия» институтында 220 адам қызмет етеді, оның алтауы ғылым докторы, отыз үші ғылым кандидаты. Солардың арқасында дала төсінде өсетін 150

өсімдіктен 205 түрлі дәрі-дәрмек алынады. Ал, жаңадан ашылған 71 шөп-дәріге патент алынып, ол АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Швейцария, Франция... Үндістан, Қытай, Ресей мемлекеттеріне тарайды. Олар қатарында бейдауа дертті емдеуде шипалық қасиеті айрықша әсерлі «Арглабин», жаракатты тез жазатын «Би-алм», «Калиор», «Цепсеурин» емдік шөп-дәрілер бар. Дала шөбінен жасалған дәрі-дәрмектің жер жүзіне тарап, ғалымдар данқының артуына академияның Орталық Қазақстан бөлімшесінің қосқан үлес-салмағын жоғарыдағы мәліметтерден-ақ аңғаруға болады, әрине.

Бұдан кейін, 1997 жылы Қарағанды қаласында халькогендер мен халькогенидтер химиялық технологиясы бойынша халықаралық V-ші конференция ұйымдастырылды. Нақты деректерге жүгінсек, элементтердің халькогендер тобының қордаланған құпиясы жайында өткен ғасырда бес ғылыми конференция шақырылыпты. Ең алғашқысы 1978 жылы, екіншісі 1982 жылы академик Е.А.Бөкетовтің ұйымдастыруымен Қарағандыда өтті. Соның нәтижесінде осы ілімнің негізгі Отаны – Одақ, оның ішінде Қарағанды болып қалыптасты, оны әлем химиктері мойындады. Ал, академик Бөкетов болса осы саланың аса білгір ғалымы болып танылды. Оның шәкірттері ұстаздарының іргелі бастамасын әрі қарай дамытып, химия ілімінде «Халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы» деп аталатын мектеп қалыптастырды.

Тағы да, химия мен химиялық технологиялар, математика, геология, тау-кен ісі, медицина және экономика проблемаларына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастырылды. Бұның бәрінде ғалымдар еңбегімен қатар Бөлімшенің академик-хатшысы Зейнолла Молдахметовтің еңбегі айрықша көрініп отырды.

Техника, химия, медицина және экономика ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар

қорғайтын Ғылыми кеңестер ол кезде республикада жоқ, бар болса тек Алматыда ғана. Қарағандылық ғалымдар тапқан жаңалықтарын, ізденіс нәтижесін талдай білетін алматылық Ғылыми кеңеске жүгіретін де жүретін. Бұл уақытты алып, екі қаланың ортасында сабылыс туғызатын. Қоғам талабы өзгерді, олай болса бұл салада да өзгеріс енгізуіміз керек дей отырып, академик-хатшы ақырында Бөлімшеден кандидаттық, докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми кеңес ашты. Кәзір айтуға оңай болғанымен, іс жүзіне асуы біраз қиындықтарды жеңуге итермеледі. Кеңестік кезеңнің қасаң қағидасына бой ұйретіп алған, республика Ғылым Академиясында отырған кейбір басшыларға Ғылыми кеңестің тымділігін түсіндіру, оған көндіру оңай болған жоқ. Осылай, біраз тер төгу арқасында Орталық Қазақстан бөлімшесінен Ғылыми кеңес ашылды. Соның арқасында бір ғана «Органикалық синтез және көмір химиясы» институтының химия ғылымдары саласы бойынша Ғылыми кеңесте 15 адам докторлық диссертация қорғаса, 53 адам ғылым кандидаты деген дәрежеге ие болды. Ал, институттың өз қызметкерлері арасында 7 адам докторлық, 25 адам кандидаттық диссертация қорғады.

«Жалғыз ағаш орман емес». Сонау-сонау жылдардан бастап бүгінге дейін Қарағанды өңірінде ғылымның дамып, өндірістің өсуіне өлшеусіз үлес қосқан ғалымдардың «шөк жұлдызы» қалыптасты.

Ол «жұлдыздардың» ақсақалы академик Әбілқас Сағинов ағамыз көзі тірісінде былай деген еді:

– 1988 жылы Зейнолла Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесіне академик-хатшы болып тағайындалды. Оның жұмысының жандануына Зейнолла көп күш салды. Оны атап айту керек. Қарағанды қаласында академиялық институттар: Жер қойнауын кешенді игеру институты мен Қолданбалы математика институтын ұйымдастырған Зейнолла. Мен Қарағанды

*политехника институтын отыз үш жыл басқардым. Ол қызметтен босанған соң Жер қойнауын зерттеу институтына директор болдым. Бұл біздің бұрынғыдан да жиі араласуымызға жағдай жасады.*

*Қай кезде болмасын, Зейнолла біз көтерген мәселеге кедергі жасаған емес, қайта институттың жағдайының жақсаруына қаржы-қаражатын аяған жоқ. Арамыздағы қатынас ресмиден гөрі достық қатынасқа ұқсас болды. «Зеке, анау жетпей жатыр, мынаны не істейміз?» десем-ақ болды, «хат жіберіңіз, қалғанын ойластырамыз» дейді. Зекеңде жақсы қасиет бар, уәдесін дер кезінде орындайды.*

Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосқан Әбілқас Сағынов Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болды, артында 18 монография мен екі жүзден астам ғылыми мақала қалдырды, екі рет Ленин орденімен, «Октябрь революциясы», «Халықтар достығы» ордендерімен марапаттады, Социалистік Еңбек Ері атанды.

Бүгінде арамызда жоқ болғанмен, академик Әбілқас Сағыновтың ғылымдағы сара жолы, жастар тәрбиелеудегі ұстаздық үрдісі көптің көкейінде, сан шәкірттің санасында сайрап жатыр.

\* \* \*

Академик З.Молдахметов жеке өзі және басқа авторлармен қосылып үш жүзге жуық ғылыми және педагогикалық еңбектер жазып, олар республика, одақ, шетел басылымдарында жарияланды. Жарық көрген көптеген іргелі монографиялары мен ғылыми мақалалары оның дарынының куәсі.

ҒА-ның ОҚ бөлімшесінде ұйымдастырушылық жұмыспен шектеліп қалмай, ғылыми жұмысқа тікелей қатысуды З.Молдахметов қашан да өз өмірінің мәніне айналдырған. Әріптестері Қ.Аяпбергенұлы, А.В.Шелкуновпен бірге сүбелі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүр-

гізді. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде дәлелдеген, негізделген идеяларымен физика және химия ғылымдарының негізі – органикалық молекулалардың реакцияға бейімділігін анықтау іліміне сүбелі үлес қосты.

Нәтижелі ғылыми қызметтерімен қатар Зейнолла Молдахметов ұйымдастыру және қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Көп жылдар бойы ғылым және техника жөніндегі Қазақ КСР ҒА Төралқасының және 1992 жылдан Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия Төралқасының мүшесі. «Ұлтық Ғылым академиясының хабаршысы. Химия сериясы» журналы бас редакторының орынбасары, «ҚР ҒА баяндамалары» журналының редакция алқасының мүшесі болды.

Оның біраз іргелі ғылыми мақалалары шет елдерде жарияланды. Ол Ян-Теллер эффектісі бойынша өткізілген Х халықаралық симпозиумға (Кишинев, 1989), қатты денелер квантты химиясы халықаралық конференциясына (Рига, 1990), квантты химия жөніндегі Бүкілодақтық үйлестіру кеңесіне (Қазан, 1991) және теориялық органикалық химия жөніндегі Бүкілодақтық ассоциацияның I конференциясына (Волгоград, 1991) қатысып, баяндамалар жасады.

Әуелі Шымкент химия-технология институтында, сосын Қарағанды университетінде квантты химия кафедрасын ашып, онда квантты химиялық байланыстар теориясы бойынша пионерлік жұмыс бастаған болатын. Бұдан былайғы жерде біраз әріптестерімен бірлесе отырып, осы саланы түпкілікті зерттеп, нәтижеге жетуді мақсат етті. Және спектроскопиялық әдістемелер саласында да күрделі ғылыми жұмыстарды жандандырды. Сол жұмыстардың нәтижесіндей болып, 2004 жылдың 15-қыркүйегінде Қарағандыда халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оның тақырыбы да, көтерген мәселесі де «Органикалық қосылыстардың молекулалық спектроскопиясы



мен кванттық химиясы» еді. Ондағы бас баяндаманы Қазақстанда квантты химия мектебін қалыптастырушы академик Зейнолла Молдахметов жасап, аталмыш идеяның тууы мен өркендеуі хақында, оған үлес қосқан ғалымдар жайлы кеңінен толғады.

Бүгінгі таңда бұл сала бойынша ғылыми жұмыстарды үздіксіз жүргізіп келе жатқан «Органикалық синтез және көмір химиясы институтының» жұмыстары көп-ақ. Бұл жөнінде академик Зейнолла Молдахметовтің өзінің баяндағанын жөн көрдік.

– Қазақстан ғылымының асқар тауы Қаныш Сәтбаевтың үлкен бір арманы – Қарағандыда ғылымның академиялық орталығын құру еді. Сол үшін химия-металлургия институтының негізін қалап кетті. Онда талантты ізбасары Ебіней Бөкетов Орталық Қазақстан аймағында алғашқы іргелі ғылыми мектеп қалыптастырды. Одан соң «Органикалық синтез және көмір», «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар», «Фитохимия» институттары ірге көтеріп, өңір өндірісінің жүрегі ғана емес, ғылым мен білімі дамыған еліміздің екінші шаңырағына айналды. Сол кезде жұмысы дәуірлеп тұрған «Қарағандыкөмір» бірлестігінің шахталары мен кеніштері, металлургия комбинатының кокс-химия өндірісі, жаңадан ашылған Шұбаркөл мен Майкөбе энергетикалық отын кешендері ғылыми зерттеулерді дамыта түсуді талап етті. Біздің институт осы бағытта жұмыс істеуді қолға алып, мінекей, ширек ғасырдан астам жалғастырып келеді. Бұл уақыт аралығында аймақ көмір кенінің реакциялық қабілеті зерттелді, катализдік гидрогенизацияның, тотығу деструкциясының, көмірді химиялық түрлендіру мен оның құрамындағы гуминдік заттар химиясының іргелі негіздері жасалды. Сондай-ақ, көмірді өңдеу өнімдерінен жаңа бағалы органикалық заттар шығару, алынған өнімдерді халық шаруашылығына қолдану аясын арттыру жөнінде ғылыми іргетас қаланды. Табиғи ресурстарды кешенді пайда-

ланудың, қоршаған ортаны ластанудан қорғаудың, көмір шикізатынан қалдығы аз өндірістер жасаудың жолдары қалыптасты.

Облыстың жетекші кәсіпорындары институтымыздың өндірістік химия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулеріне зер салып отырады. Осыған сәйкес өзара байланыс тамыры терең. Мәселен, Еуразия өнеркәсіп қауымдастығы Шұбаркөл көмірін гидрогенизациялау жөніндегі жұмысқа ықылас білдіріп, ғалымдарымыз тапсырысты орындап шықты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев облысқа жұмыс сапарларының бірінде институтта болып, жаңа, жоғары тиімді биологиялық белсенді қосындылар жасаудың іргелі негіздері жөніндегі ғылыми ізденіске оң баға берді. Бізде ісікке қарсы «Метотриссат» дәрілік препаратын жасауға қолданылатын 2,4,5,6-тетраиминпиллидин алу технологиясы, сондай-ақ, терең мұнай ұңғыларын бұрғылауда пайдаланылатын көмір-сілті реагенті өндіріске үлкен пайда тигізді. Халькогендер мен халькогенидтер химиясы мен технологиясы жөніндегі зерттеулер ғылыми жұртшылық тарапынан мойындалып, бірқатар металлургия кәсіпорындарында қолданыла бастады.

Институт ғалымдарының «Қазақстанның табиғи шикізатының негізінде жаңа технологиялық белсенді заттарды, металл қосындыларын және олардың ультрадисперсті ұнтақтарын алудың электрхимиялық әдістері мен технологиялары» жұмыстары үшін Отанымыздың Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Бұрнағы жылы ұжымға ғылымдағы белсенді жұмысының лайықты бағасы ретінде «Сапа үшін халықаралық жұлдыз» жүлдесінің алтын медалі табыс етілді. Мұның өзі институт жетістіктері әлем ғалымдарына мәлім екендігін дәлелдейді. «Көмір химиясын дамытудың жағдайы және перспективалық бағыттары», «Органикалық қосылыстардың молекулалық спектроскопиясы және кванттық хи-

мия», «Газ және сұйық ортадағы физикалық-химиялық процестер», «Органикалық синтез, электрохимия және катализдің осы заманғы проблемалары» атты тақырыптарда өткен ғылыми форумдарға қатысқан шетелдік әріптестеріміз ізденістерімізге зор ықылас танытты.

Біреу жылдан кейін институтымыздың құрылғанына 30 жыл толады. Тәуелсіз еліміздің ғылымы халықаралық талап-талғамға сай өркендеуіне сүбелі үлес қоса түсуді мақсат еткен ғалымдарымыз бен мамандарымыз іргелі ізденістерді, терең зерттеулерді жетілдіре беруге күш салып отыр. Әрине, олардың әлемдік деңгейден көріне алуға қабілет-мүмкіндіктері жеткілікті. Бір академик, 10 ғылым докторы мен 12 кандидатының қызметі соған жұмылған. Құрамында көмір химиясы, полимерлер химиясы, молекулалық спектроскопия, электрлік катализ және кванттық химия зертханасы, колданбалы жұмыстар, аэроиондық зерттеулер тобы бар мамандандырылған жетекші ғылыми мекеме ретінде сол биіктен көріне беру басты мақсат.

Бұл академик Молдахметовтің шын сөзі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Бүгінгі таңда жан-жақты дамыған ғылымсыз өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес екені жалпыға бірдей ақиқат» дегенін ол да жақсы және жете түсінеді. Шынында да осындай ғалымдардың арқасында ғылым ел дамуының басты бағыттарының біріне айналды емес пе!

«ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ» УНИВЕРСИТЕТІ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары жетпіс жыл үстемдік еткен Кеңес Өкіметі, әйтеуір, соғыс-жанжалсыз, қан төгіссіз құлады. Ақырзаман болса да аман қалатындай көрінетін бұл қоғамның бұлай тез құлауын ол кезде түсіне алған жоқпыз. Сөйтсек, «Кеңес өкіметі!» деген атынан әлем шошыған мемлекеттің қағаздан соққан үйдей ғана қауқары қалыпты ғой. Өмірдің «өкпек желі» соғып кеп бергенде қарсы тұруға қауқары жетпей, қақырай құлағаны сондықтан екен. Жыл сайын, күн сайын құлдыраған экономика, жалған жоспар осы күйреуге әкеле жатқанын біз сол қоғамның нақ ортасында отырсақ та бағамдай алмаппыз. Өйткені, саясат дегеніңіз де бір сыйқырлы күш қой, «коммунизмге жетеміз, бәріміз де барлықта өмір сүреміз» деген сенім ақыл мен есті біржола жаулап алса керек.

Енді, ескі құлап, жаңа келгенде де түсінгеніміз шамалы болды. Нарықтың парқын көпке дейін түсінбей, білекті сыбанып кірісіп те кетпей, біраз жыл өліара кезеңнің ортасында әрі-сәрі күйде өмір кештік. Ақырында не керек, нарықтың сынына аяусыз-ақ түстік...

Өтпелі кезеңнің өкпек желі оқу, білім беру саласының да шаңырағын біраз шайқады. Тіптен жоғары оқу орны былай тұрсын, мектепті де ақылы етіп, оңай жерден олжа тапқысы келгендер де болды. Ел экономикасы тұралап тұрған тұста ақылы оқудың аяғы – сауатсыз ұрпақ пен сапасыз ұлтты қалыптастыратынын түсінбеді олар. Алайда, ел болашағын, халық қамын жеген азаматтар бұл қателікке жол бермеді. Көш бастайтын, бастай алатын ел азаматтары бар екен, әр саладан білімді, білікті қайраткерлер бірте-бірте бас көтеріп шыға бастады. Халық соларға ерді, болашаққа сенді...

Өз тәуелсіздігін Ресейден біржола алған Қазақстан

одан мүлдем кол үзіп, шекараны тарс жауып, қарым-қатынасты шорт үзуді де мақсат етпеді. Шекараны жабамыз дегеннің өзінде Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте Ресеймен 6,467 км. шектеседі, мұншама қашықтықты қалай, немен жаппақсың?! Ол кезде бізде жібі түзу мылтық та қалмаған еді ғой. Кеңес Армиясынан қалған бар қару-жарак қолды болып, ел асып, жер асып, талан-таражға түскен-ді. Одан да бұрын мынаған көңіл аударыңызшы, ықылым замандардан қойы коралас, адамдары аралас, көрші жатқан екі елдің – орыс пен қазақтың қарым-қатынасын қалай тыймақсың?! Олай ету мүмкін де, қажет те емес еді. Әуелден, ұлы Абай орыстан өнер, ғылым үйреніндер десе, Шоқан орысқа қызмет етсе, ойланбай айтып, ойланбай іс істемеген болар. Абай мен Шоқаннан да бұрын қазақтың небір азаматтары орыс ортасына барып оқып, ғылым мен білімді игерген. Тәңрінің өзі екі ұлтты: орыс пен қазақты көрші етіп, тіршілік тамырын теренге жайып жіберсе, енді оған кім, қалай балта шаппақ?! Ал, экономикалық ауыс-түйіс, сауда-саттық саласындағы әңгімені бастар болсақ, екі ұлттың қарым-қатынасы, алыс-берісі жайлы әңгімеміз ғасырлардан-ғасырларға асып, ықылым замандарға кетіп қалатыны даусыз. Олай болса Ресей мен Қазақстан арасындағы байланысты үземіз деу құр әурешілік, тіптен ақымақтық болар еді.

Әрине, Кеңес өкіметінің кемшіліктері көп болды, бірақ бар әрекетін жаман дей алмаймыз. Әсіресе, ғылым мен білім беру саласында көп нәрсеге көз жеткізіп, көп нәрседе соларға қарап бой түзегеніміз шындық. Сонау отызыншы жылдардан бастан қазақ даласында жалпы сауатсыздықты түпкілікті жою мақсатының өзі басты жетістігіміз болды. Ілім мен ғылым қуу арқылы қазақ ұлты өзін көпке танытты, іргелі елге айналды, Абай армандаған дүние – әлемге есік ашты.

Ендігі жерде тәуелсіз Қазақстанның Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаев бір-біріне тәуелсіз екі елдің арасындағы қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге көтеріп, басқаша бағыт ұстануды ұсынды. Оның үстіне ол кезде Қазақстан халқының алпыс пайызын орыстар мен орыс тілді басқа ұлттар құрап тұрғанда басқаша пиғылдың болуы да мүмкін емес еді.

Десек те, бодандықтан құтылғанына әлі сенер-сенбесін білмей, жаңа қарым-қатынастарға бара қоюға ниеті болыңқырамай тұрған өз халқының жан жарасын түсіне отырып Қазақстанға достық сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былай деп еді:

*– Ата-бабаларымыз жол салған қазақ-орыс қарым-қатынасы неше түрлі қилы-қилы кезеңдермен өрілді. Оның ішінде халқымыздың біраз уақыт бодандықта болуына байланысты ашына айтатын сөздеріміз де аз емес шығар. Дегенмен, жаңа тәуелсіздік жағдайында құдай қосқан бас көршімізбен байланысты арттыру өте дұрыс деп есептеймін. Егер де жамандықтың барлығын санада сақтап, кектене берсек, Германиямен байланысты үзу керек еді. Бірақ ешкім ондай қадамға барған жоқ. Ресеймен өткен ғасыр ішіндегі индустриялық саясатты жүзеге асырып, Ұлы Отан соғысында аталарымыздың ортақ дұшпанды бірге жеңуі, осы елдің араласуымен тың жерлерге түрен салынып, солтүстігіміздегі байтақ жерді игеруге септігін тигізуі, білім, мәдениеттің өркендеуіне өріс ашуы аз игілік емес. Ол – біздің ошпес тарихымыз...*

Әрбір тарихи оқиғаларға парасаттылықпен қарап, әділін айту ел басқарған әр басшының парызы мен міндеті десек те, оны ақылмен, сыпайы, әрі тегеурінді жеткізу кез келген басшының қолынан келмесі де шындық. Елбасы Назарбаев осы қасиеттерді ұстана тұрып екі ел арасындағы жібі өте нәзік қатынастарды әрі шебер, әрі анық жеткізді.

Елбасының тағы бір айтқаны бар: «Екі жақты байланыс саласында Қазақстан алдындағы басым бағыт – Ре-



сей Федерациясымен қарым-қатынасты дамыту. Бұл әлем қауымдастығы алдындағы Ресей Федерациясының саяси және экономикалық рөлімен және ұзаққа созылған ортақ шекарамен шартталады. Ресей республикамыздың ең ірі сауда серігі. Көптеген халықаралық мәселелер бойынша біздің ұстанымымыз ортақ. Оның үстіне, екі ел азаматтары арасындағы достық, туыстық қатынастар. Бұл Ресейді Қазақстанның табиғи әрі заңды одақтасы етеді».

Жаңа уақыт жетіп, жаңа талаптар туған кезде Елбасының саясатын түсінген, қолдаған азаматтар әр салада өсіп шыға бастады. Соның алғашқысы Қазақстан-Ресей гуманитарлық университеті болды. Оның ұйымдастырушысы академик З.Молдахметов еді. Халық айтпай ма: «Заман саған бұрылмаса, сен заманға қарай бұрыл» деп. Алпауыт заманның жұмыр басты пендесіне бұрыла қою қиынау, оны түсінетін ғалым заман ағымын аңғара қойды да, іске кірісті. Пікірімізді бекіту үшін академиктің өзіне сөз беруді ұйғардық, ол былай дейді:

*«... қазақ пен орысқа ортақ оқу орнын ашуды ойға салған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі болды. «Жоғарыдан нұсқау күтіп, ескіше отыра бермей, жаңа қоғамға, бостандық алған еліңе өз үлесіңді қос, қолыңнан не келетінін көрсет...» – деп, Елбасы тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап-ақ айта бермеді ме. Ойыма да, ісіме де қамшы болған осы сөздер. Әрине, бұл кезге дейін де республиканың оқу, білім, ғылым саласына аз еңбек сіңірген жоқпыз-ау деймін. Бірақ, оның жөні бөлек болып кетті. Өткен-кеткен еңбегімізді базыналап отыра береміз бе. Егемендік алған елімізге үлес қосуды жөн деп білдім.*

*Ресей мен Қазақстанға ортақ оқу орнының қажеттілігі өмірде байқалып жүрді. Мысалы, біздің жоғары оқу орындары берген дипломды Ресей өз ішінде бірде жаратып, бірде жаратпай жатты. Оған қандай өкпе айтасыз, ол өз хақылары. Сондықтан екі елге де жарамды*

*дипломы бар, жаңа заманға ылайықты, ортақ бір университет ашуды көп болып қолға алдық...».*

Бұл орайда академик Молдахметов назарына іліккен Мәскеудің «Заманалық Гуманитарлық Академиясы» болды. Бағдарлап қараса, дәл кәзіргі заман талабына сай оқу орны екен. Оқыту жүйесі жағынан бұрынғы Кеңес елінің кеңістігінде оған пар келетін жоғары оқу орны жоқ. Мұндағы білім беру, оқыту үрдісі АҚШ, Жапония, Германия мемлекеттерінде ғана бар көрінеді. Білім беру аса жоғары, жаңа технологиямен жүргізіледі, оған компьютер, электронды жүйе қатыстырылады. Әрбір студент компьютермен спутник арқылы ғаламдық ілім, білім өрісіне шығып, аты әлемге белгілі оқу орындары – Кембридж, Оксфорд университеті профессор-оқытушыларының лекциясын кез келген кезде және лезде тыңдай алады. Оған мүмкіндік тудырып отырған осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технология мен байланыс құралдары екен. Бір сөзбен айтқанда мұндағы оқыту – бүкіл әлем мойындаған алыстан (дистанциялық) оқыту жүйесіне құрылған.

Енді Сіз мына қызыққа қараңыз, әлемнің жеті мемлекетінен 15 мың студент «Заманалық Гуманитарлық Академияда» оқиды. Бірақ, олардың бәрі сессия сайын сапырылысып, Мәскеуге ағылмайды. Оның қажеті де жоқ. Әр студент үйінде отырып-ақ, интернет жүйесі арқылы лекция тыңдап, тапсырма алып, оған жауап беріп, емтихан тапсыра береді. Талаптың бәрін тастай етіп орындасаң болды, алған білімнің жемісі – жоғары білімнің дипломы үйіңізге өзі келеді. Міне, бұл дамыған жаңа заманның жаңа технологиясының күдіретті күші.

Осындай жаңаша оқытудың арқасында, аз жылдың ішінде «Заманалық Гуманитарлық Академия» белді, белгілі оқу орнына айналыпты. Қараңызшы, қазірдің өзінде бір ғана Ресей қалаларында заңды төл құжаты бар 146 бөлімше және жақын және шалғай шет мемлекеттерде 54

бөлімше жұмыс істейді. Оларда 140 мың студент білім алады.

«Заман саған бұрылмаса, сен заманға бұрыл» деген қағиданы бұрыннан білетін Молдахметов тәуелсіздік әкелген жаңа талаптарға сай болғысы келді, заманына қарай амал жасамаққа әрекеттенді. Бір кездері ата-баба-сының көшпенді болып, оқу мен ғылымда жіберіп алған қарымтасын қайтаруды, «ұлы көштен» қалмауды ойлады. Қағаз бен қарындаш алып, оқытушының аузына қарап, оның бір сөзін жазып, екіншісін үлгере алмай, көңілге де токи алмай абыр-сабыр отыратын уақыттың кезі өткенін түсінді. Білім беру саласындағы жаңа жүйені тездетіп Қазақстанға жеткізуге асыққаны да содан еді.

Бірден «Заманалық Гуманитарлық Академияның» ректоры, ғалым, академик М.П. Карпенкомен телефон арқылы тілдесті де, артынша Мәскеуге ұшты. Академик пен академик кездесіп, білім берудің жаңа жүйесімен бірі таныстырып, бірі таныды, білді. Мойындау керек, Молдахметовті шынымен-ақ білім берудің жаңа жүйесі, әдісі мен тәсілдері таң қалдырды, сосын қызықтырды. «Қазақстанда осы академияның бөлімшесін неге ашпаймыз?». Бұл ойын ол академик Карпенкоға айтып еді, өрісінің кеңейгенін жек көрсін бе, жаңа идеяны қолдай, қолпаштай жөнелді, «Бізден қажетті көмекті аямаймыз!» деп салды бірден.

Дәл осы тұста тағы бір кісімен ақылдасып алуды Молдахметов жөн көрді. Ол Мәскеудегі Қазақстанның өкілетті елшісі Тайыр Мансұров еді. Кеңестік дәуірде Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болған Тайыр Мансұровты академик жақсы білетін, «сіз-бізі» жарасқан жандар болатын. Оның үстіне республиканың мүддесін қорғап, қолпаштап отыратын «үлкен үй» – елшілікті қалай аттап кетсін. Тәртіпке де, әдепке де жатпайды ғой. Ел үшін атқарылар игі істі қалай қолдамасын, бірден елші: «Зеке, сіз бұл ісіңіз арқылы біздің де абырой-

ымызды асырғалы тұрсыз, әрине, қолдаймыз! Жақында қабылданатын декларацияға Елшілік тарапынан «екі елге ортақ, жаңа оқу орнын ашу қажет» деген тармақ енгіземіз...» деді, шын пейілмен қуана, әрі сеніммен. Ақырында дәл солай болды да.

Елбасы Н.Назарбаев береке-байлықтың басы – достықта, халықтар ынтымақтастығында екенін ел билігі қолына тиген күннен бастап жарғақ құлағы жастыққа тимей айтып та, ел саясатын соған бағыттап та отырғанын күн сайын көріп отырмыз ғой. Соның нақты дәлелі 1998 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған Мәңгілік достық пен одақтастық туралы ДЕКЛАРАЦИЯ еді. Нақ сонда «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бірлескен оқу орындарын (Қазақ-Орыс университеті мен Орыс-Қазақ университеті, және гимназиялар) құрады» – деп, нақтылап көрсетілді.

Айтты-айтпады бұл Декларацияға қол қойылғаннан кейін қаз-қаз тұрып келе жатқан «Ресей-Қазақстан Заманалық Гуманитарлық университетінің» абыройы асып, оның болашағына күмәнданғандар азайып, түйіліп тұрған көп шаруаның түйіні шешіле бастады. «Жаңа университет» деген сөздің өзі көп жайтты айтып тұрған жоқ па. Бұрын мұндай жоғарғы оқу орындарының проблемаларын мемлекет өзі шешіп, өзі қаржыландырып келсе, енді басқаша, өзің қаржы тап та, ұйымдаса бер, білім бере бер. Солай болды да, бәрі тыңнан құралып, жаңадан ұйымдасты. Оқу корпустары мен әкімшілік үйі... іс жүргізетін проректорлар мен декандар, кафедра меңгерушілері, білікті оқытушы-ұстаздар, басқа да түрлі қызметкерлерді іріктеп алу мәселесі алға шықты. Не керек, шаруа шаш-етектен. Беделі мен білігі бар басшы болмаса жаңа университеттің шаңырақ көтеріп, ірге тебуі неғайбыл. Міне, осы тұста академик Зейнолла Молдахметов тағы да өзінің мықты ұйымдастырушы, іскер азамат екенін дәлелдеп шықты.

Аз уақыттың ішінде университетке баспана тауып, жабдыкталып, оқулықтар іздестіріліп, ұстаздар жан-жақтан шақырылып студенттерге дәріс те бере бастады. Не керек, академик Молдахметов өзгеше қырынан танылды. Академик Қанапия Арынғазин: «...біз қайда келіп, қайда кетіп бара жатқанымызды аңғара алмай аңтарылып тұрғанда Зекең бәрін түсініп, «әрекетте берекет бар» деп іске кірісіп кетті, қашықтықтан оқытатын университетті ашып тастады. Бұл оның озық ойлылығын көрсетсе керек» дейді. Әділ берілген бағаға қосылмасқа амалыңыз жоқ. Нағыз педагог, жастар ертеңін, ел болашағын ойлаған азамат осындай-ақ болар да.

Әрине, арнайы салынған оқу ғимараты болмаған соң, барды қанағат тұтып, бұрын бала бақша болған, көптен жөндеу көрмеген мекен-жайда алғашқы сабақтар, қашықтықтан оқытудың тұңғыш дәрістері өте бастады. Техникалық құрал-жабдықтар, әсіресе, компьютер қажетті мөлшерде жетпеді. Осы тұста аталмыш университеттің мүмкіндігі мен қажеттілігін облыс басшылары түсінді ғой дейміз, оның үстіне академик Молдахметовтің ғылым мен білім саласына қосқан үлесі, абырой-беделі ескерілген болуы керек, біртіндеп көмектер көрсетіле бастады. Сол кездегі облыс әкімі М.Есенбаев қала орталығындағы үш қабатты үйді шешім шығарып, біржолата берді. Ол күрделі жөндеуден өтіп, 1998 жылғы күзде, жаңа оқу жылына арнайы ашылды.

Бұл кезде М.Есенбаев лауазымы жоғарылап Астанаға кетті де, облыс басшылығы К.Мұхамеджанов құзырына көшкен болатын. Ол университеттің ашылуына қатысып, жаңа университеттің екі ел – Қазақстан мен Ресей арасындағы алтын көпір, халықтар достығының символы екенін, жастардың жаңаша, қазіргі заманға ылайықты білім алуына мүмкіндік туғанын, оның алғашқы отауы – Қарағанды облысында тігіліп отырғанын мақтана баяндады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2001 жылдың қаңтар айында Оқу министрлігіне қарасты «Жаңа заманға сай оқытудың инновация орталығында» болды. Оған осы жас университеттің оқыту әдісі дәріптеліп, баяндалды. Жас университеттің жаңа технологияны пайдалану арқылы студенттерге әлемдік деңгейде білім беру әдісі Елбасының назарын мықтап аударды. Жай-жапсарын тыңғылықты сұрап, ақырында өз пікір-ұсынысын айтты. Бұрын «Ресей-Қазақстан» университеті деп, барлық жерде айтылып та, жазылып та жүрген ді. Елбасының ұсынысынан кейін «Қазақстан-Ресей» университеті болып, Қазақстан сөзі алға шықты. Оның үнемі елін, халқын әлемге таныстырсам, танытсам деп жүретін жарқын ойы осы тұста тағы да көрінді. Бұдан кейін де бұл университет Елбасы назарынан тыс қалған емес.

Мысалы, 2002 жылдың мамырында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен «Қазақстан-Ресей» университетінің ректоры, академик Зейнолла Молдахметов кездесіп, жас университеттің болашағы хақында кеңінен, келелі әңгіме қозғады. Тағы да ол ұсыныс айтты, онысы үзіліссіз оқытуды, яғни, «балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесін енгізуді ұсынды. Ұсыныс орындалып, университет қасынан сол жылдың ішінде жаңа бағыттағы лицей ашылды.

Ректор Молдахметов университеттің бас ғимаратын Астанадан салуды ұйғарды. Осы ниетін қала басшыларына кіріп айтып еді, үздік-создыққа салмай, Есілдің сол жағалауынан жер бөлді. Бас ғимараттың салынуына қала әкімі А. Жаксыбеков, кейіннен болған Т. Досмұхамбетов үлкен көмек көрсетті.

Бас ғимарат бітіп, ашылатын кезде оған (2003 жыл, 10 маусым) Елбасы қатысып, сөз сөйледі. Ол Қазақстанда білім беру жүйесіндегі жаңа заманға ылайықты оқытудың алғашқы қарлығашы, жаңа технология, инновация әкелген дара университет екенін баса айтып, «...бұл университет



білім беру саласындағы жаңа «сөз» болып табылады...» деді.

Шындығында да мұндағы студенттер жаңа технология арқылы әлемдегі озық оқу орындары профессор-оқытушыларынан әпсәтте-ақ дәріс алып, бай кітапханаларын пайдалана алады. Бұның бәрі компьютер, интернет, спутниктік желі арқылы іске асады. Республикадағы «дара» оқу орны дейтініміз де осыдан.

Осындай пікірді келер жылы, яғни, 2004 жылдың қаңтар айында Қазақстанға достық сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге «Қазақстан-Ресей» университетінің ректоры, академик Зейнолла Молдахметовті таныстырып, сосын оқу орнының білім берудегі жаңа әдістерін, жетістіктерін мақтанышпен жеткізді. Бұл енді-енді қалыптасып келе жатқан университет ұжымын бір серпілтіп, болашаққа деген сенімін бұрынғыдан да күшейтті.

«Қазақстан-Ресей» университеті 2001 жылы мемлекеттік аттестациядан өтіп, сол жылдың тамыз айында еліміздегі аккредитацияланған мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының бірі болды. Бұл орайда республиканың білім беру саласына жанашырлықпен қарап, жаңа бас-тамаларға үрке карамай, білім беру жүйесіне жүйелі енгізген Қ.Көшербаев, Н.Бектұрғанов қызметін ерекше-лей айтқан жөн.

Сонымен бірге еліміздің көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері «Қазақстан-Ресей» университетінің аяғынан нық тұрып кетуіне сөз, іс көмектерін аямады. Мемлекет хатшысы О.Әбдікәрімов, мәжіліс депутаты Ш.Оразалинов, Сыртқы Істер министрі К.Тоқаев, Ресей Федерациясы Білім министрлігінің вице-министрі Н.Б.Банцекин, Қазақстандағы Ресей елшісі В.С.Бабичев есімін ерекше атағымыз келеді. Астанадан Бас ғимараттың тез арада бой көтеріп, құрылысының жедел бітуінде сол кездегі Оқу министрі Ш.Беркімбаеваның еңбегі елеулі.

Осылай көп болып қолдап, жұрт болып желеп-жебеудің арқасында университет аяғынан нық тұрып, бүгінде Қазақстанның белді оқу орнына айналды. Қазір мұнда 23 мамандық бойынша мамандар даярланады. Олардың негізгілері – информатика, психология, қазақ тілі мен әдебиеті, шетел филологиясы, ақпарат пен басқаруды өңдеудің компьютерлік жүйесі, дефектология, экономика, менеджмент және басқалары. Бастапқыда бар жоғы төрт жүзден астам ғана студенті болған «Қазақстан-Ресей университетінде» бүгінде он бес мыңнан астам жас жаңа үрдісте дәріс алуда. Оларға мыңнан астам профессор-оқытушылар сабақ береді. Оның екеуі ҚР ҰҒА-ның академигі, біреуі – мүше-корреспондент, елу жеті ғылым докторы және үш жүз он ғылым кандидаты дәріс оқиды.

Университет қашықтан оқыту технологиясын Қазақстан жағдайына үйлестіріп, екі елдің де мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестендірді. Сонымен бірге университетте қашықтан білім беру проблемасын зерттейтін институт бар. Студенттер құзырында жеті жүз компьютер бар. Интернет арқылы әлемнің кез келген түкпірімен әпсәтте тілдесе және білім жинай алады. Барлық пәндер бойынша интернет жүйесіне шығатын «виртуалды» оқу залдары жұмыс істейді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі университет базасында қашықтан оқыту жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік бірлестік құрды. Бұл бірлестік мақсаты озық технологияны басқа да оқу орындарына енгізу және тарату. Сол арқылы әлемдік білім беру деңгейіне көтерілу, озық мемлекеттер қатарына қосылу, жаңа заманға ылайықты білікті мамандар әзірлеу. Осы мақсатта «Қазақстан-Ресей» университеті ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесімен бірлесе отырып, «Қазақстандағы қашықтан оқыту: инновациялық технологияны енгізу проблемалары мен оңтайландырылған оқыту ортасын қалыптастыру» деген тақырыпта екінші Ха-

лықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Оның мақсаты біртіндеп-біртіндеп елімізде қалыптасып келе жатқан оқытудың озық үлгісін одан әрі дамытып, басқа оқу орындарына кеңінен тарату.

Осындай озық үлгінің «авторы», яғни, тәуелсіз Қазақстанға қашықтан оқытуды алғаш әкеліп, білім беру саласын әлемдік деңгейге бір табан жақындатқан академик Зейнолла Молдахметов еңбегі ерен.

Қазақстан-Ресей университеті 2009 жылдың қарашасында Мемлекеттік аттестациядан тағы да табысты, абыроймен өтті. Және 2010 жылдың 3 ақпанындағы күндізгі, сырттай оқыту түрлері бойынша жұмыс мерзіміне шек қоймай, жоғары кәсіби білімнен кейін және жоғары білім саласында оқыту қызметін жүргізуге хақылы деген Мемлекеттік лицензияға ие болды.

Кәзір Қазақстан-Ресей университеті 15 бакалавриат мамандығы бойынша мамандар даярлауда. Университетте оқитын студентер саны бұл күнде 1.575-ке жетсе, оның 803-і күндізгі, 772 студент сырттай білім алса, бұған 12 магистрантты қосуға болады. Оларға 77 оқытушы-ұстаздар сабақ береді, оның 8-і ғылым докторы, 14-і ғылым кандидаты.



Зейнолланың әкесі  
Молдахмет



Зейнолланың анасы  
Көпей



Молдахмет әулеті





Зейнолла мектептес досымен



Бірінші қатарда екінші академик Е.Бөкетов, төртінші жазушы Ж.Бектұров, профессор Ж.Әбішев, екінші қатарда Зейнолланың жары Фатима, Ебінейдің жары Зүбайра, Зейнолла, Б.Кәменов, Жылқыбас




Зейнолла мен жары Фатима балалары Марат, Тоғжан, Арыслан, Саулемен бірге



Бір әулеттен шыққан қос академик: Зейнолла Молдахметов, Ерэнғайыш Шайхудинов (зайыбымен)





Зейнолла немерелерімен бірге



З.Молдахметов ұстазы академик Е.Бөкетовпен жас ғалымдар ортасында



Спекторскопия зертханасының менгерушісі З.Молдахметов әріптестерімен ғылыми зерттеу үстінде






Қазақ ССР ҒА ХМИ директоры  
академик Е.Бөкетов ғалымдар ортасында



Мемлекет және қоғам қайраткері Н.Ондасынов, Шымкент  
химия-технология институтының ректоры З.Молдахметов,  
академик Е.Бөкетов түркістандықтар ортасында



Ректор З.Молдахметов Химия-технология  
институтына түскен жастарға студент билетінің  
үлгісін көрсетіп тұр



Моңғолия Халық Республикасынан келген әріптестеріне  
болашақ институттың макет-жобасын таныстырып тұр





Академик Е.Бөкетов пен З.Молдахметов  
Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде



Академик З.Молдахметов қарағандылық  
снбек және соғыс ардагерлерімен бірге



Қазақ ССР Оқу министрі Ш.Шаяхметовпен бірге



Қарағандылықтар мерекелік шеру алдында





Академик А.Сағынов,  
профессор З.Молдахметов әріптестер ортасында



Ресейдің Қазақстандағы күндеріне орай ұйымдастырылған  
I халықаралық ғылыми-практикалық конференция



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен  
академик Зейнолла Молдахметов



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Заман Гуманитарлық  
университетінің ректоры академик М.Карпенко,  
КРУ ректоры академик З.Молдахметов





Академик М.Карпенко, министр Көшербаев,  
академик З.Молдахметов



Мәжіліс депутаты Қ.Сұлганов, Оқу министрі Б.Әйтімова,  
сенатор О.Әбдікәрімов Қазақстан-Ресей университетінің  
жана оқу корпусын ашу салтанатында



Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетов  
университетті аралап жүр



Қазақстан-Ресей университетінің ұжымы





З.Молдахметов Оксфорд университетінде. 2008 жыл



З.Молдахметов, ..., С.Досмағанбетов, А.Төлепов,  
Ш.Оразалинов



Мәскеулік академик М.Карпенко мен академик З.Молдахметов  
Қазақстан-Ресей университетінің ұжымы ортасында



Академик З.Молдахметов достары мен туыстары ортасында



«ҒЫЛЫМДЫ, АҚЫЛДЫ САҚТАЙТУҒЫН  
МІНЕЗ ДЕГЕН САУЫТ БОЛАДЫ»

Абай

Адам дегеніңіз де күрделі құбылыс қой. Қанша жерден білгір болсаң да, бар болмысын ашып, ақтара айту мүмкін емес. Оның үстіне біздің де мақсатымыз басқаша болды. Оған бізді бағыттаған Зейнолла Молдахметовтің өзі еді.

Біз, сонау бір жылдарда лауазымды қызметке қол жеткізе алмай қалған бір шәкірті өз осалдығын өзгеден көріп, яғни, ұстазы Молдахметов үстінен Ғылым Академиясына арыз хат жазғанының, қаладағы бір генерал ағамызбен талай жыл түсінісе алмай, алақөз болып жүруінің себеп-салдарын сұрағанымызда, Зейнолла ағамыз көп ойланбастан-ақ бізге былай деген-ді:

– Үлкенді-кішілі бұйырған қызметтің біразын атқардым. Өкінбеймін. Өмірді кедергі- кемшіліксіз өткіздім десем өтірік болады. Үлкен қызметтің талабы да үлкен. Талайлармен тартысып, келісе алмай қалған кездер болды. Оның бәрі де жұмыс үстінде болған жағдайлар. Жеке басымның пайдасы үшін ешкіммен жауласқан емеспін. Ал, біреу-міреумен түсінісе алмай қалып жатсам, көптің мүддесі үшін болған шығар. Қызмет барысында елдің бәрінс ұнау мүмкін емес, оны мақсат еткен де емеспін. Мысалы, қолынан іс келмейтін біреуді орнынан алсаң болды, табан астынан сенімен жау болып шығады, неше түрлі сөз таратып, жаман әрекеттерге барады. Оның арызынан, өсегінен қорқып отыра берсең, ісің жүрмейді... Әркім ар мен ұжданының алдында жауапты.

Сондықтан, ондай ұсақ-түйек әңгімеге көңіл бөлмей-ақ қойғанымыз жөн. Өмірде жақсы адамдармен көп дос-



З.Молдахметов Наир Мансұровпен



З.Молдахметов  
Серік Ахметовпен

жолдас болдым, үлкенге аға, кішіге камқорлығымды қолымнан келгенінше аямадым. Одан да атқарған жақсы істеріміз жайлы, жақсы ағалар, талапты бауырлар туралы айтайық, жазайық. Болашақ жас жеткіншектерге жақсы ісіміз үлгі болсын. Жақсының артында жақсы сөз қалады дей ме халық. Сол халық сөзіне біз де құлақ түрелік-тағы... деп, аз уақыт үнсіз қалды. Сосын: «...батыр, менен гөрі менің жақсы ағаларым мен айналамда болған шәкірттерім, әріптестерім туралы көбірек айтсаң...» деді. Мұнысын шегелей айтты. Бізді де сөзден тосылтқан жері осы болды.

Шындығына келсек, Зейнолла Молдахметов бізге өзі туралы өте аз айтты. Ол туралы біз көбіне әріптес, қызметтес болған адамдардан сұрап білдік. Не істейсіз, бұл да өз мінезі. Ойын әдемілеп бипаздамайды, жетпей жатқан жері болса, өз ойынды әрі-бері жүгіртіп, толықтырып ала бер. Жаратушы оны асыра мақтанып, асыра сілтеуді ұнатпайтын, бір беткей, жалпаң-жалтағы жоқ, әркімге, әр іске әділ, таза етіп кесек мінезбен жаратқан.

Кісілігі бар пікірге біз де қосылдық. Оның жақсы істерін, алған асуларын, жүрген ортасын, дос-жолдасы кімдер... қысқасы, тіршілігінің дінгегі болған үлгілі еңбегін, ғалымдығын, адами жақсы қасиеттерін айтуды мақсұт еттік.

Он сегіз мың ғаламның құдіреттісі – Адам десек, сол адамға тән қылық пен құлықтың бәрі де Зейнолла Молдахметовке таңсық емес, әрине. Ол да жас болды – жолдас тапты, үлкейді – дос тапты, жақсыға ұмтылды, жанаға талпынды. Алматыға келді, КазПИ-де оқыды, ауылға барып мұғалім болды. Кеудесінде күмбірлеген арман ауылдың бірсыдырғы күйбең тірлігінен ала қашып, ұзаққа, сонау Мәскеуге әкетті. Кез-келгеннің үлесіне тие бермеген, ол кезде әлі қазақ жастары бара қоймаған үлкен ғылым ордасы М.В.Ломоносов атындағы Нәзік химия-

технология институтында аспирантурада оқыды, өмір мен ғылымның мектебінен өтті. Осы мектеп өмірінің, болашағының Темірқазығы болды. Целиноград Педагогика институтының проректоры, ХМИ-да зертхана меңгерушісі, Қазақ Химия-технология институтының ректоры, қазіргі Е.Бөкетов атындағы Университеттің ректоры, Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысы, «Органикалық синтез және көмір химиясы» институтының директоры, «Қазақстан-Ресей» университетінің ректоры...

Осындай еңбегі мен қызметінің арқасында абырой-атақтан кенде болған жоқ. Бұйырғанын алды. «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда» – деп, кейбіреулердей кабинет жағалап, шен-шекпен сұрамады. Не болса да, не берілсе де өз жөн-жосығымен келген, еңбегіне берілген марапаттаулар еді. Ғылым мен білімді дамытуға қосқан ерен еңбегі Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, «Платон» атындағы алтын медальмен, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақпен айқындалды. Бұл ғылым соңында жүрген әрбір адам үшін ең құрметті, ең биік сый.

Сый алып, елуге, сосын алпысқа келіп жатса да жұрт секілді алқытып-шалқытып той да, дабыра да жасамады. «Кімнің келмей жатқан елуі мен алпысы, даракылық не керек сол...» деп, іштей ой түйген Зекең «тойлайық, дүркіретейік» дегендерге ырық бермеді. Жағдайы болды, бірақ қажет деп тапады. Шағын ортада, шағын жиналыс жасап, аз әріптестер арасында, от басында атап өтіп, қуанышын жақын-жуықтарымен ғана бөлісті.

Молдахметтің ордалы отбасынан өсіп шыққан ең кенже Зейнолланың өзі ордалы, ұл-қыз өсірген үлкен отбасына айналды. Балалары: Сәуле, Марат, сосын Арслан, Тоғжан өмірінің мәніне айналды. Жары Фатима биоло-



гия ғылымының кандидаты, жастарға талай жыл талмай ұстаздық еткен жан. Жылдар жылжып, балалары ержетті, әр кайсы бір-бір шанырақ көтерді, ұрпақ жалғасып, немерелер: Назым, Ұлпан, Жанат, Жанади келді дүниеге. Ұлы Арслан мен немересі Қанатты қанатының астына алып, ұстаздық жолға баули бастады.

Дамыған мемлекеттердің білім беру әдіс-тәсіліне қараса, олар мүлдем алға кетіп қалған екен. Жаңа технологияның арқасында білім берудің жана сатысына баяғыда көтеріліп кетіпті. Жаңа қоғамдық және экономикалық қатынас ендігі жерде бізден де осыны талап ететінін түсіне қалған Зейнолла Молдахметов жаңаша, басқаша оқу орнының қажеттігін сезді. Осылай, Ресей Гуманитарлық академиясының Қазақстандағы бөлімшесін, яғни, университетін ашуды өмірдің өзі көлденең тартты.

Ұстаздан шәкірт озбаса, әкеден бала асып тумаса дүниеде даму, өсу болмас еді. «Болашақ жастардікі, университеттің талаптарын бізден гөрі солар жақсы түсінетін секілді...» Молдахметов өз ісінің жалғасын «шөк жұлдызы» – балалары ішінен жарық жұлдызы – Арсланды сол университетке проректор етіп тағайындап, жас қыранды баулығандай болып, жаңа оқу орнының тізгінін біржола ұстатқалы жүргенді.

Жаратушының ұлылығы да осында болар, болашағыңды болжағаныңмен, дөп баса алмайсың. Болашаққа сені үміт қана жетелейді. Жақсылықты күтесің, жамандықты күтпейсің. Сондықтан да жамандық, қайғы мен қасірет күтпеген жерден, тосыннан келеді. Зейнолла Молдахметов басына да қайғы күтпеген жерден келді. Табан астынан Арслан опат болды. Жазмыштан озмыш жоқ екен, жедел жәрдем дәрігерлері қанша жерден жанталасса да, ажалға араша тұра алмады, емханаға жетпей, жарты жолда, жас өмір үзілді. Жаратушы алдында дәрігерлер де дәрменсіз екенін тағы да мойындады.

Алғаш естігенде әке Зейнолланың есеңгіреп тұрып, аузына түскен сөзі: «Ал, сенді не болды?!» болыпты. Отырып-отырып, бұл сөзді қайталай беріпті, қайталай беріпті. Астары сан қатпар, мағынасы терең!

Әрине, Зейнолла баласыз емес еді: Марат, Сәуле, Тоғжаны, немересі Қанаты... бар. Бірақ, жолымды жалғастыратын, ізімді басатын Арсланым деп, көңілін тоқ санап, тәрбиелеп жүргенде мына оқиға төбесінен жай түсіргендей етті.

